

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ» РМҚК**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

М.С.ЖЫЛҚЫБАЕВА

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ

**(050117 қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы
студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құрал)**

Ақтау – 2010 жыл

ӘОЖ 811.512.122
ББК 81.2 қаз я 73
Ж92

Жылқыбаева М.С. Қазақ жазуының тарихы: Оқу -әдістемелік құрал
Ақтау,Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010. – 83 бет.

Пікір жазғандар:

ф.ғ.к ., доценті Үрістенбекова Г.Қ.

ф.ғ.к ., доценті Ақбердиева Б., «Болашақ» университеті

ISBN 978-601-7276-14-0

Бұл әдістемелік оқу құралы жоғары мектептегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқытылатын пәндердің бірі – «Қазақ жазуының тарихы» курсына арналған. Мұнда студенттердің өз бетімен жұмыс жасаулары үшін әр тақырып бойынша қамтылатын негізгі мәселелер, өзіндік бақылауға арналған сұрақтар, өз бетімен жұмыс тапсырмалары, білімді бақылауға арналған тестік тапсырмалар беріледі. Сондай-ақ, әдебиеттер тізімі ұсынылады.

Әдістемелік оқу құралы жоғары оқу орындары филология факультетінің студенттері мен оқытушыларына арналған.

ББК 81.2 қаз я 73

Баспаға Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған.

ISBN 978-601-7276-14-0

© Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2010

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ жазуының тарихы–тіл біліміне қатысты арнаулы курстардың бірі. Курсты тыңдау үстінде студенттер жазудың түрлерінен, б.ж.с.V-VIII ғ. бастап дамып келе жатқан түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің жазу жүйесінің қалыптасу тарихынан мүмкіндігінше жан-жақты білім алуы көзделеді. Осы мақсатта курсты жете түсіну үшін студенттерге графикалық тіл білімінен мәлімет беріледі.

Қазақ жазуының тарихы көне түркі, араб, латын графикасымен, қазіргі қазақ жазуы орыс әліпбиі графикасымен тығыз байланысты екендігі курс барысында жан-жақты қарастырылып, түсіндіріледі.

Пәнді оқытудың негізгі мақсаты – сонау V-VIII ғғ. қолданыған Орхон-Енисей әліпбиінен бастап, күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан орыс графикасына негізделген қазақ әліпбиінің қалыптасу тарихын жете білдіру. Сондай-ақ олардың түркі туыстас тілдерге ортақ көне жазба мұраларын (Орхон-Енисей ескерткіштері, көне ұйғыр әліпбиімен жеткен ескерткіштер) түпнұсқа бойынша оқи алатын, тілдік талдау жасап, қазіргі тілімізбен салыстыра зерттей алатын дәрежеге жетуін көздейді.

«Қазақ жазуының тарихы» курсы негізгі түркі тілдерінің бірі –қазақ тілі жайында студенттердің бұдан бұрынғы курстарда алған білімін кеңейтіп, тереңдетуіне мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл –қазіргі қазақ жазуының пайда болу, қалыптасу тарихы жөніндегі бірден-бір курс. Сондықтан аталған курсты ЖОО-ның қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарында оқыту аса қажет.

Ұсынылып отырғын әдістемелік құралда әрбір тақырып бойынша қамтылатын негізгі мәселелер беріліп, оларды оқып-үйрену үшін пайдаланылатын негізгі әдебиеттер ұсынылды. Өздік бақылауға арналған сұрақтар қоры және өз бетімен жұмыс тапсырмалары студенттің тақырып бойынша негізгі мәселелерді қаншалықты меңгергендігін тексеруге мүмкіндік береді.

Пәннің қысқаша мазмұнын түзуде, негізінен филология ғылымдарының докторы, проф. С. Хасанованың «Көне түркі, араб, латын графикасы» (Алматы, 1994) оқу құралы басшылыққа алынды. Сондай-ақ, ғалымдар Н.Уәлиев, Қ.Күдеринвалардың еңбектеріне сүйендік. Әрине, қосымша материал ретінде қарастыруға болатын ғылыми зерттеулер жеткілікті. Бірақ күні бүгінге дейін «Қазақ жазуының тарихы» курсынан арнаулы оқулық жариялана қойған жоқ, мұндайда студенттерге бар материалды жүйелеуге көмек беретін оқу-әдістемелік құралдарының маңызы зор. Біз ұсынып отырған оқу-әдістемелік құрал осындай олқылықтың орнын толтыруға аз да болса септігін тигізер деген үміттеміз. Сондай-ақ, студенттердің өз беттерімен дайындалуларына көмегін тигізеді деген ойдамыз.

Дәріс№1 Қазақ жазуының тарихы курсының мақсаты мен міндеті. Жазу және жазба тіл.

- 1.«Қазақ жазуының тарихы» курсының мақсаты мен міндеті. Зерттеу нысаны.
- 2.Курсты жоғары оқу орындарында оқытудың маңызы.
- 3.Жазу және жазба тіл.

1.«Қазақ жазуының тарихы» курсының мақсаты—сонау V-VIII ғ.ғ. қолданылған Орхон-Енисей әліпбиінен бастап, күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан орыс графикасына негізделген қазақ әліпбиінің қалыптасу тарихын жете білдіру. Сондай-ақ, олардың түркі туыстас тілдерге ортақ көне жазба мұраларын (Орхон-Енисей ескерткіштері, көне ұйғыр әліпбиімен жеткен ескерткіштер)түпнұсқа бойынша оқи алатын, тілдік талдау жасап,қазіргі тілімізбен салыстыра зерттей алатын дәрежеге жетуін көздейді.

Курсты өту барысында студенттерге жазудың түрлерінен, б.ж.с.V-VIIIғ.ғ. бастап дамып келе жатқан түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің жазу жүйесінің қалыптасу тарихынан мүмкіндігінше жан-жақты білім беруді курс өз міндеті деп біледі. Курстың тағы бір міндеті—қазақ жазуының тарихы көне түркі, араб, латын графикасымен, қазіргі қазақ жазуы орыс графикасымен тығыз байланысты екендігін жан-жақты қарастырып, түсіндіру.

«Қазақ жазуының тарихы » курсының зерттеу нысаны—V-VIIIғ.ғ. басталатын қазақ әліпбиі. Руникалық әліпбиімен жеткен көне түркі ескерткіштері, көне ұйғыр жазулары,араб жазуымен жеткен ескерткіштер,латын жазуы, орыс әліпбиі, олардың қазақ жазуының қалыптасуына ықпалы.

2.Әрбір адамның өз елі мәдениеті мен әдебиетінен, ата –бабаларының басынан кешкен тарихынан мағлұматы болуы керек. Себебі ел мәдениетінен, тарихынан хабары жоқ адамның жерін, елін сүюі мүмкін емес.Ал жазусыз мәдениет,мәдениетсіз ел болмайды.Әр халық өткені арқылы бүгінін таниды. Сондықтан да Қазақстанның әрбір зиялы азаматы өз елінің өткенінен, тұрмыс-тіршілігінен хабардар, шұғылданған кәсібі, қалдырған мұрасымен таныс болуы керек.. «Қазақ жазуының тарихы» курсын жоғары оқу орындарында оқытудың басты маңызы осыдан келіп шығады. Курсты оқу барысында студенттер қазақ жазуының тарихымен толық таныс болады.Екіншіден, көне ескерткіштер мәтіндерімен, жазу түрлерімен танысады. Үшіншіден, әр кезең әліпбилерін (руна, көне ұйғыр, араб, латын, орыс) үйрену арқылы ескерткіш мәтінде-рімен өздері оқып, таныса алады. Ең бастысы студенттер халқымыздың қандай жазу түрлерін басынан кешкендігін, қазіргі жазуымызға қалай жеткендігімізді біле алады. Сондай-ақ, қазақ жазуына қатысты әр кез зерттеушілерінің пікірлерімен, олардың пікірлеріндегі қайшылықтар, дау-дамайлар жөнінде, яғни курстың зерттелу тарихына да шолу жасалады.

3.Тіл қатынас құралы қызметін жазбаша да атқарады. Дыбыстық тіл жазу арқылы таңбаланады. Сондықтан оның жазу құралы ретінде жұмса-лу аясы өте кең. Жазба тіл немесе жазу уақытпен, кеңістікпен байланысты емес, өмірдің әр кезеңінде қолданыла береді. Ал ауызекі сөйлеу тілі олай емес, шеңбері тар. Көзбе-көз, бетпе-бет келіп, екі не одан да көп адамның ауызба-ауыз сөйлесуі ғана жатады.

Алдымен ауызекі сөйлеу тілі пайда болды, жазу тілі жазудың шығуымен байланысты кейін пайда болды.

Әр халықтың мәдениеті жазуымен тікелей байланысты. Жазусыз цивилизацияның, мәдениеттің болуы екіталай. Көрнекті, белгілі жазушы Леонид Леонов былай деді: «Азаматты /тегін/ қорлық жағдайдан бөліп алып шыққан, құтқарған өткен замандарда ашылған ұлы жаңалықтардың ішінде жазу өте-мөте үлкен рөл атқарады. Алфавиттің туған күнін адамның өзін-өзі біліп ұғыну дәуірі деп есептеуге болады, осыдан кітап басу станогінің пайда болуына тура жол ашылды. Адам өзінің қазіргі биігіне нақ кітап арқылы баспалдақпен көтерілгендей көтерілді».

Жазу тарихы өте ерте заманнан басталады. Көне жазуды да, қазіргі жазуды да зерттеп білудің теориялық та, практикалық та мәні зор.

Көне жазумен бұрын өмір сүрген, бірақ қазір өлі тілдерге айналған тілдермен, туыс тілдер мұраларымен, қазіргі тілдердің ертедегі қалпымен танысуға мүмкіндік береді. Мысалға, V-VIIIғ.ғ. ескерткіштері Күлтегін, Білге қаған /Могилян/, Құдатғу біліг мәтіндерін оқи білу, тілін зерттеу түркі туыстас халықтардың қай-қайсысының да тіл тарихын зерттеуде маңызы зор. Сол туыстас халықтардың қай-қайсысы да, тіл білімі салаларын синхрондық және диахрондық тұрғыдан жан-жақты зерттеуге, тілдің дамуы, қалыптасуы туралы ғылыми тұрғыдан дәлелді ережелер жасай алады.

Жазба тіл дегеніміз ауызша сөйлеу тілінің, сөз тіркестерінің, сөйлемнің, сөздердің жазбаша түрде, яғни дыбыстар, комплексті-әріптер тіркесімен қағаз бетіне түсуі.

Барлық уақытта солай болды ма? Жазу тарихы әріппен таңбаланудың кейін пайда болғандығын байқатады.

Жазу өте ерте заманда пайда болған. Олардың уақыт өткен сайын жазу принциптері де өзгеріп отырады. Жазу жүйесі таңбалардың жиынтығынан тұрады. Ол таңбалар бүтін сөзді, не буынды, не дыбысты белгілейді.

Әрбір жазба таңбаның графикалық белгісі /формасы/ болады.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

- 1.«Қазақ жазуының тарихы» курсының мақсаты не?
- 2.Қазақ жазуы тарихының негізгі зерттеу объектісі не?
- 3.Курсты ЖОО-да оқытудың маңызы қандай?
4. Жазба тіл дегеніміз не?
- 5.Ауызекі сөйлеу тілі мен жазба тілдің айырмасы қандай?

Тест тапсырмалары:

1. Жазу жүйесіндегі таңбалардың белгіленуіне қарай жазудың неше түрі бар?
 - A) 2
 - B) 3
 - C) 4
 - D) 5
 - E) 6
2. Ең алғашқы суретті жазу қалай аталады?
 - A) идеографиялық
 - B) пиктографиялық
 - C) буын жазуы
 - D) әріптік не дыбыстық жазу
 - E) арамей жазуы
3. Буын жазуы неше түрге бөлінеді?
 - A) 5
 - B) 4
 - C) 3
 - D) 2
 - E) 6
4. Ертедегі буын таңбалары қай кезде пайда болған?
 - A) б.з.д. үш мың жылдықтың бас кезінде
 - B) II жылдықтың II жартысында
 - C) б.д. бір мың жылдығының басында
 - D) б.з.д. бір мың жылдықтың басында
 - E) б.д. бір мың жылдығының II жартысында
5. Буын жазуы қай жазу негізінде пайда болған?
 - A) Шумер буын жазуы негізінде
 - B) Крит-мекен буын жазулары негізінде
 - C) Индия буын жазуы негізінде
 - D) Эфиопия және Жапон буын жазулары негізінде
 - E) Ассиро-вавилон жазуы негізінде
6. Таза күйінде консонантты дыбыстық жазу қашан пайда болған?
 - A) II мың жылдықтың II жартысында
 - B) I мың жылдықтың басында
 - C) б.з.д. II мың жылдықта
 - D) б.з.д. I мың жылдықта
 - E) б.з.д. I мың жылдықта
7. Вокалданған дыбыстық жазу қашан пайда болды?
 - A) б.д. III мың жылдығының басында
 - B) б.з.д. III мың жылдықтың басында
 - C) б.з.д. II мың жылдықтың II жартысында
 - D) б.д. I мың жылдығының басында
 - E) б.з.д. I мың жылдықтың I жартысында
8. Ең қолайлы, тиімді жазу.
 - A) пиктографиялық

- В) идеографиялық
 - С) буын жазуы
 - Д) әріп жазуы
 - Е) суретті жазу
8. Ертедегі әріп жазуы – финикий жазуы неше бағытта дамыды?
- А) екі
 - В) үш
 - С) төрт
 - Д) бес
 - Е) бір
9. Арамей жазуынан қай халықтардың жазуы тараған?
- А) Славян халықтарының
 - В) Азия халықтарының
 - С) Африка халықтарының
 - Д) Еуропа халықтарының
 - Е) Түркі халықтарының
10. Түркі халықтарының жазуы қалай аталады?
- А) арамей жазуы
 - В) грек жазуы
 - С) финикий жазуы
 - Д) руникалық жазу
 - Е) соғды жазуы
11. Орхон-Енисей жазулары қай ғасырлар мұрасы?
- А) XI ғ.
 - В) V-VIII ғғ.
 - С) IX-X ғғ.
 - Д) X-XI ғғ.
 - Е) XII ғ.
12. Түркі халықтары Орхон-Енисей жазуынан кейін қай жазуды қолданған?
- А) көне ұйғыр жазуы
 - В) латын жазуы
 - С) орыс жазуы
 - Д) араб жазуы
 - Е) руникалық жазу
13. Руникалық әліпбиді түркі халықтары қай ғасырларда қолданған?
- А) V ғ. дейін
 - В) V-VIII ғғ.
 - С) IX-XI ғғ.
 - Д) XI-XVIII ғғ.
 - Е) XVIII ғ. басына дейін
14. Көне ұйғыр жазуы қай кезеңде қолданылған?
- А) VIII ғ. дейін
 - В) VIII-XI ғғ.
 - С) VIII-XIII ғғ.
 - Д) XIII ғ. бастап

Дәріс №2 Жазудың алғашқы түрлері. Графикалық лингвистика.

1. Жазудың түрлері: а) пиктографиялық жазу;
ә) идеографиялық жазу;
б) буын жазуы;
в) әріп жазуы;

2. Графикалық лингвистика.

Жазу жүйесіндегі таңбалардың не бүтіндей хабарды, не жеке сөзді, не буынды, не дыбысты белгілеуіне қарай жазудың да түрлері келіп шығады. Олар: 1. пиктографиялық жазу;

2. идеографиялық жазу;

3. буын жазуы;

4. әріп не дыбыстық жазу.

Пиктографиялық жазу. Бұл-- ең алғашқы жазудың түрі. Бұны сурет (рисуночное) жазуы деп те атайды. Бұл жазудың жеке таңбалары пиктограммалар деп аталады (әрбір жеке сурет). Себебі олар өздігінен белгілі бір хабарды білдіре алады. Ол сурет жеке сөздерге жіктелмейді, бөлшектенбейді.

Оларды әр түрлі тілде сөйлейтін халықтар түсіне алады. Себебі олар тілдік формаларды емес, оның мазмұнын белгілейді. Пиктографиялық жазуға малдың, тоғайдың, адамның, аңның суреттері пайдаланылған. Нені хабарлағысы келсе, соның суретін салған. Суретті-синкретикалық жазу ең алғаш рет неолит дәуірінде пайда болды. Бұл пиктографиялық жазуды аң аулайтын, балық аулайтын халықтар жиі қолданған.

Сондықтан бұны полисинкретикалық тілдерде сөйлейтін халықтар- ақтектер әсіресе, америкалық индеецтер т.б. жиі қолданған. Бұл жазу өте жабайы жазу, ол мазмұнды ойды түгел жеткізе алмады. Бұл жазудың үлгілері қазір де қолданылады. Көшеде жүрудің тәртібін аңғаратын әр түрлі белгілер, магазин мен шаштараз жарнамалары т. б.

Идеографиялық жазу. Бұл- пиктографиялық жазудың біртіндеп дамуы барысында пайда болған жазу. Жеке таңбалары идеограммалар деп аталады. Бұл жазу заттың өзін емес, шартты формаларын, таңба-ларын белгілеу болып табылады. Ең басты айырмашылық таңбалардың формасында емес, оларды білдіретін мағнасын жеткізеді.

Идеографиялық жазудың таңбаларын қытай, көне шумер жазуларынан байқауға болады. Ол бұдан 4 мың жыл бұрын жасалған. Ал осы жазудың екі түрі де (пиктографиялық, идеографиялық) Қазақстан жерінен табылды. Бұның өзі дүние жүзі халықтары қолданған жазу екендігін дәлелдейді.

Буын жазуы. Жазудың барысында буын жазуы пайда болды. Бір таңба бір буынды белгілейді. Буын жазуы 3 түрге бөлінеді: 1-түріне ассиро-вавилон, элам, урарт, сына жазулары, майя жазуы лига туралы

дыбыстық корей жазуы жатады. А.Ал/ты +Сд/сыз; Сд/сыз+Ал/ты; Сд/сыз+Ал/ты+Сд/сыз. 2-түріне: крит-мекен буын жазуы, кипр, эфиопия және жапон буын жазулары жатады. Дара дауыстылар, дауыссыздар тіркесін белгілі бір дауыстының қосындысын белгілейді. 3-түріне индия буын жазуы жатады. Ертедегі буын таңбалары /А-дауысты, С-дауыссыз/ б.з.д.3 мың жылдықтың бас кезінде шумер буын жазуы негізінде пайда болған. Мысалы, бір буын і-« бес», е- «үй», lu-«адам», ku-«ел» т. б. мағыналарды білдіре алған.

Әріп /дыбыс/ жазуы.. Бұл буын жазуынан кейін пайда болды. Таза күйінде алдымен консонантты дыбыстық жазу 2 мың жылдықтың екінші жартысында пайда болған да, кейін вокалданған дыбыстық жазу дәуіріміздің 1 мың жылдығының басында пайда болған. Әріп жазуы дүние жүзі мәдениетінің дамуына әсерін тигізді. Бұл ең қолайлы жазу болды. Бұл жазу үшін 20-40-қа дейінгі таңба саны жеткілікті болды /ал буын жазуында таңба саны 40- тан 200- ге дейін жеткен/. Бұл жазу тілін тез игеруді, сауаттылыққа үйренуді жеңілдетті. Ол сөздерді ғана емес, олардың дыбыстық бөлшектерін дәлме-дәл беруге, грамматикалық морфемаларды белгілеуде қолайлы болады.

Әріп жазуының тарауы б.з.д.1 мың жылдықтың алғашқы ғасырларында басталған. Әріптерді қабылдай отырып, кейбір халықтар әріп жазуын /алфавиттік құрамын/ өзіне икемдеген. Әріп жазуы екі түрлі бағытта тарайды. Шығыста финикий жазуының негізінде пайда болған арамей жазуынан Азия халықтарының жазу жүйелері жасалып таралған.

Зерттелген мәліметтерге қарай түркі тілдері жазуы таңбалы /руникалық/ жазу немесе табылған аймақтарына байланысты «Орхон-Енисей» жазуы деп аталып келеді. Бұл да әріп жазуына жатады. Орхон-Енисей және түркі жазуы—қазақ жазуының алғашқы түрі. Сол жазумен жеткен ескерткіштердің түркі туыстас халықтардың ру-тайпа кезінде бір орталыққа бағынған, жазу-сызу мәдениеті ортақ, тіршілік тұрмыс жағдайы ортақ замандағы жазба мұралары, олардың қазақ халқына да тікелей қатысы бар көне мұралар екеніне студент- жастарымыздың көздерін жеткізу керек. Сондықтан руникалық /таңбалы/ жазумен жеткен көне ескерткіштер-«Могилян», «Күл-тегін», «Онгин», «Селинга», «Күлі Чор», «Мойын Чор», «Талас», т. б. көне түркі ескерткітерінің тілін зерттеудің, тарихи мәліметтері айқындаудың мәні зор.

Көне жазудың алғашқы түрлері Қазақстан жерінен де табылғанын /пиктография идеография /, олардың сыртқы көріністерін жазу мен өнердің бір болғандығын атап өттік. Көне түркі ру-тайпалары руникалық жазудың заңды жалғасы ретін де көне ұйғыр алфавитін қолданды. Бұл жөнінде әр ру- тайпалық топтар бұл жазуды VIII-XIII ғ. ғ. қолданған. Ұйғыр алфавитінің шығуына «Манихей» алфавитінің соғды /орта парсы/ жазуы/ графикасы/ негіз болды деген көзқарас бар. Ұйғыр жазуы дегенде қазіргі ұйғырлардың жазуы деген ұғым емес, сол кездегі «тоғыз оғыз» / ұйғыр/ немесе «тоғыз тайпалық ұйғыр» деген ұғымында түсінген жөн. Манихей алфавиті жазуы - Орта Азия, Шығыс Түркістан аймақтарын мекендеген түркі тайпаларына кең тараған жазу. Сол жазу арқылы соғды, қытай,

тибет тілдеріне аударылған. Ұйғыр жазуын XIV-XV ғасырларда атақты Ақсақ Темір, оның қол астындағылар, Алтын- орда хандығы да пайдаланғандығы туралы деректер бар. Бұл жөнінде академик Қ. И. Сатбаев тау-тас қойнауынан тапқан жазбалары арқылы көп мағұлмат берген болатын.

Сол сияқты Х ғ. Ю. Баласағұнның «Құдатғу біліг» /Құтты, бақытты болу жолындағы білім/ дастанының ұйғыр вариантымен жетуінің де «Алтын Ярух» /Алтын жарық/ атты дидактикалық шығармасының да тілдік мән-мағынасы зор. Бұлардың оқылуына, зерттелуіне еңбек сіңірген А. Вамберидін, В. В. Радловтың, В. Томсеннің т. б. есімдермен, еңбектерімен танысудың орны бөлек.

XI ғасырда араптардың Орта Азия, Қазақстан жеріне келуіне байланысты бұл жерлерді мекендеген халықтар өмір талабына орай араб жазуына көше бастады. Бұл сияқты қоғам тарихыда болып жатқан өзгерістер тілге де өзіндік әсерін тигізбей қоймады, халықтардың жазу мәдениетіне де елеулі өзгерістер енгізді. Олар /өзгерістер/ халқымыздың тілі, әдебиеті, жазба мәдениеті бұлағының әріде, түп негізі тереңде жатқандығынан хабар береді. Туған халқымыздың түркі туыстас халықтармен өзектес, тағдырлас, тарихи даму жолының тектес екендігін түсіндіреді. Тілдің қоғаммен тығыз байланысты екенін, тіл тарихы, қала берді адамзаттың бастан кешірген тарихы екендігіне көз жеткіміз.

Бұл жазумен жеткен деректер «Құдатғу біліг» /араб жазуымен жеткен варианты-1069 ж /дастаны/ шамамен XII-XIII ғасырларда көшірілген делініп жүр /. Махмут Қашқаридің XI ғасырда жазды деп жүрген «Дивани луғати ат-түрік» сөздігі /түркі тілдеріне қатысты арабша жазылған атақты 3 томдық салыстырмалы- тарихи сөздігі/. XII-XIV ғ. ғ. араб графикасымен жазылған түркі халықтарының көне ескерткіштері- Ахмет Юғнакидің «Хабат алхақайқ»/ « Ақиқаттар тартуы»/ «Қисса ал-анбия » / «Әулие-әнбилер қиссасы»/. Бұлар тілі жағынан V-VIII, XI. ғ.ғ. жататын ескерткіштердің жалғасы болып есептеледі.

Олардың тілін зерттеу /XII-XIV ғ. ғ. бір ғана тілдің емес, бүкіл түркологияның алдына тұрған күрделі, ортақ міндет екенін профессор А. К. Боровков айтып кеткен болатын. Себебі, бұл көне ескерткіштері-түркі тектес халықтардың ерте кездегі ортақ мұрасы. Сондықтан да, Орта Азия халықтарының, қазақтардың қазіргі әдеби тілі мен сөйлеу тілінің арасында байланыс бола тұра елеулі айырмашылықтар да бар. Ол түптей келгенде, сонау көне дәуірден келе жатқан «кітаби тіл» /жазба тіл/ мен «шағатай» әдеби тілі /орта түркі/ бір- бірінің жалғасы екенін дұрыс түсінуді қажет етеді. Тіпті сонау ру-тайпа тілі, халық тілі, ұлт тілі, сөйлеу тілі, жазба тіл, әдебиет тіл деген ұғымдарды дұрыс түсінудің негізгі соларда жатқанын аңғартады.

Бұл ретте белгілі түркологтар С. Е. Малов, В. В. Радлов, А.Н. Самойлович, А.К. Боровков, А.М. Щербак, т.б. қазақ түркологтары Ә.Қ Құрышжанов, Ғ. Айдаров, А.С. Аманжолов, Қ.. Өміралиев, т.б. зерттеулеріне нақты көңіл аудару қажет.

Түркі туыстас тілдердің көне мұралары біздің заманымызға ескі латын /гот/ жазуымен де жеткен. Олай болса, қазақ халқының мәдени дамуына латын жазуы да белгілі дәрежеде қызмет еткен. Бұл жазумен жеткен ірі ескерткіштердің бірі – «Кодекс Куманикус». Ескерткіштің атауы Кумандардың заңы деген ұғымды береді. Кумандар половецтер деп сол кезде түркі халықтары /қыпшақтарды/ атаған. Демек, көне жазба мәдениетімізді уағыздауда көне латын /гот/ жазуын оқып үйре-нудің мәні зор.

Көне түркі жазулары жеткізген құралдар әр түрлі формадағы тастар, үңгір қабырғалары, ағаш қабықтары, үй бұйымдары, әшекей заттар, тақтайшалар, саздан жасалған ыдыс-аяқтар, құмыралар т.б. екенін олардың әр түрлі кең аймақтан табылғандығын білудің де тарихи мәні бар.

Таңбалы жазу текістері, жеке үлгілері тек қана Қазақстан не Орта Азия жерлерінен ғана емес, басқа шет аймақтардан да табылуының сыры тереңде жатыр. Тіпті Қиыр Шығыс, Венгрия, Сібір, Оңтүстік аймақтар аралығын былай қойғанда. Франция, Австралия, Америка /индеецтері/ жерлерінен табылуының сыры неде? Осы сұраққа жауап беруде, кең аймаққа жайылған руникалық /таңбалы/ жазу алфавитінің пайда болуы жөнінде көзқарастар алуан түрлі.

Бұлар әр ғасырлардағы жазудың жай-күйін, табылымдар мен алфавиттердің пайда болу тарихынан хабар беретін ой-пікірлердің иелерімен / Э. Немет, В. Томсен, Н. Аристов, И.А. Батманов, Ю. Клапрот, С. Е. Малов т. б./, алда тұрған міндеттер туралы әр жылдары ұйымдастырылған Түркологиялық конференция материалдарымен нақты танысуды қажет етеді.

Қорыта келгенде, руникалық-құпия жазу б.з.д. көп жылдар бұрын пайда болған, әр ру-тайпа, әр тілде сөйлейтін халықтар өз қажетіне лайықтап қолданғандығын білудің мәні зор.

Сөйтіп, түркі тілдері туралы көне заман ескерткіштері бойына сақтап жатқан тылсым заман сырларын ашу үшін жоғарыда айтып өткен алфавиттердің графикасын бес саусақтай игерту бүгінгі таңдағы міндет.

Қазақ жазуының тарихы «Көне түркі, араб-латын графикасы» қазіргі қазақ жазуының орыс әліппесі графикасымен тығыз байланысты екені белгілі. Сондықтан қазақ жазуы тарихын болашақ филолог мамандарға теориялық та, практикалық та мәні зор екенін ескертуіміз керек. Бұл пәнді оқу барысында болашақ жас мамандар тіл білімінің теориялық жағынан білім алып, оны практика жүзінде қолдана білуіміз керек. Бұған тіл білімінің маңызы бір саласы графикалық лингвистика көмектеседі. Сондықтан бұл сала қарастыратын мәселелер-терминдер жөнінде түсінік алуымыз керек.

Олар: алдымен, алфавит және *графика*. Алфавит рет-ретімен орналасқан әріптердің жиынтығы болса, жазу таңбаларының жиынтығы, белгілі бір жазу түрінің фонетикалық құрамының өзара жүйелі үйлесімділігі екені немесе алфавиттің құрамы, олардың әрқайсысының

ережелері. *Орфография* – дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы немесе дұрыс жазуды үйрететін фонетиканың бір саласы екендігі белгілі. Ал графиканың өзі *полеография*, *эпиграфика* болып екі түрге бөлініп жүр. *Полеография* мен *эпиграфика* жазу таңбаларының өзгеру заңдылықтарын /эволюциясын/, графиканың даму тарихын зерттейді. *Полеография*- қолжазба мен кітаптағы таңбаларды тексереді де, *эпиграфика* – тас, металл, сүйек, ағаш т. б. ойлым жазылған таңбаларды зерттейді. Олай болса, тіл біліміндегі әр бір терминге түсінік алудың өзі тілдің бүгінгісі мен өткен дәуірдегі тіл тарихын зерттеуге де мүмкіндік туғызады. Сондықтан Охон- Енисей таңбалы жазуын игеруде, зерттеуде полеография, эпиграфика деп аталатын графика салаларын игерудің мәні зор.

Қорыта келгенде, түркі туыстас тілдердің, соның ішінде қазақ тілі графикасының даму кезеңдерден қалған жазба мұраларды зерттеп, игеруде V-VIII ғ.ғ. Орхон- Енисей жазуды, IX-X ғ.ғ. ұйғыр жазуды, XI-XIII/XV/ ғ.ғ. араб жазуы, XIV-XVIII ғ. ғ. латын жазуы XIX-XX ғ.ғ. орыс жазуы графикасын үйренудің мәні зор. Олар қазақ жазуы тарихынан, қала берді қазақ халқының бастан кешкен тарихы мен жазба тіл мәдениетінен хабар береді.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

- 1.Ең алғашқы жазу қай кезде пайда болды?
- 2.Алғашқы жазудың түрлері қандай?
- 3.Алғашқы жазудың үлгілері қай жерлерден табылған?
4. Қазақстан жерінен қандай алғашқы жазу үлгілері табылған?
- 5.Пиктографиялық жазу және пиктограммалар деген не?
- 6.Идеографиялық жазу және идеограммалар деген не?
- 7.Буын жазуы, оның түрлері қандай?
- 8.Әріп жазуы қалай пайда болды?
- 9.Графикалық лингвистика нені зерттейді?
- 10.Орфография, полеография, эпиграфика дегеніміз не?

Тест тапсырмалары:

- 1.Графиканың тас,сүйек,ағаштарға ойылып жазылған таңбаларды зерттейтін саласы.
 - A) полеография
 - B) эпиграфика
 - C) орфография
 - D) орфоэпия
 - E) графемика
- 2.Графиканың полеография саласы қай таңбаларды зерттейді?
 - A) тастағы
 - B) металдардағы
 - C) сүйектегі
 - D) ағаштардағы
 - E) қолжазба мен кітаптағы
- 3.V-VIIIғғ. мұралары болып саналатын ескерткіштер.

- A) Диуани лұғат ат-түрік
 - B) Оғыз наме
 - C) Құдатғу біліг
 - D) Кодекс Куманикус, Алтын Ярух, т.б
 - E) Күлтегін, Тоныкөк, Мойын - Чор
4. Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасуын Н. А. Баскаков неше кезеңге бөледі?
- A) алты
 - B) бес
 - C) төрт
 - D) үш
 - E) екі
5. Алтай тілдері тегі жағынан туыс тілдер деп есептеген зерттеушілер.
- A) В. Л. Котвич, Л. Лигети т.б.
 - B) Дж. Клоусен, Е. Д. Поливанов т.б.
 - C) Г. И. Рамстедт, В. Я. Владимирцев т.б.
 - D) Н. Н. Поппе, Л. Лигети т.б.
 - E) В. Л. Котвич, Дж. Клоусен т.б.
6. Көне түркі ескерткіштерінің зерттелу тарихы неше кезеңге бөлінеді?
- A) үшке
 - B) төртке
 - C) беске
 - D) алтыға
 - E) екіге
7. Орхон-Енисей жазуы қай жылдардан белгілі бола бастайды?
- A) 1662 ж.
 - B) 1663 ж.
 - C) 1697 ж.
 - D) 1679 ж.
 - E) 1626 ж.
8. Орхон-Енисей жазуларын алғаш хабарлаған кім?
- A) С. Ремезов
 - B) В. Томсен
 - C) В. Радлов
 - D) Н. Видзен
 - E) В. И. Табберт-Страленберг
9. Руникалық жазуды оқудың алғаш кілтін тапқан.
- A) В. Томсен
 - B) В. Радлов
 - C) Н. М. Ядренцев
 - D) М. А. Кастен
 - E) Г. Спасский
10. Орхон-Енисей ескерткіштерін алғаш аударған зерттеуші.
- A) Н. Видзен
 - B) В. Радлов

- C) В. Томсен
- D) П. Мелиоранский
- E) Ж. Аспелин.

11. Күлтегін, Могилян ескерткіштері қай жылы аударылды?

- A) 1894 ж.
- B) 1895 ж.
- C) 1889 ж.
- D) 1896 ж.
- E) 1897 ж.

12. Орхон ескерткіштерінде не туралы жазылған?

- A) VII ғ. аяғы мен VIII ғ. басында өмір сүрген хандар өмірі туралы
- B) V-VIII ғ.ғ. түркі тайпаларының өмірі.
- C) нақыл сөздер, өсиеттер.
- D) түркі тайпаларының сөздік қор, сөз құрамы туралы.
- E) табиғат суреттеледі.

13. Көне түркі жазу ескерткіштері таңбалануындағы айырым белгілеріне қарай нешеге бөлінеді?

- A) үшке
- B) екіге
- C) төртке
- D) беске
- E) алтыға

14. Орхон-Енисей жазуы қанша дыбыстан тұрады?

- A) 23
- B) 24
- C) 25
- D) 26
- E) 27

Дәріс №3. Дыбыстық жазудың теориялық негіздері

1. Жазба тіл мен ауызша тілдің өзіне тән ерекшеліктері
2. Жазба тіл мен ауызша тілдің өзара кодталу сатылары
3. Жазба тіл мен тілдік жүйе арасындағы қатынас
4. Жазудың негізгі категориялары

1. Жалпы тіл АТ және ЖТ оппозициясында таптастырылады. Оның мынадай себебі бар: 1) қазіргі адам санасында ойдың сыртқы тілге кодталуының екі түрі болады: графема арқылы сөздің графикалық портреті және фонема арқылы сөздің негізгі дыбыстық реңкі, 2) адам санасында тіл екі түрлі болып сақталады: ауызша және жазбаша, жазу монополиясының күшеюі тілдік санада екі түрлі ойлау жүйесін қалыптастырып отыр.

Кез келген сөзді естіген сауатты адамның санасында сөздің фонетикалық бейнесімен қатар, *графикалық портреті* елес береді. Бұл – әдеби стиль түрін меңгермеген кез келген сауаты бар адам санасында болатын код түрі.

Б.Куртенэ тек сөйлей ғана білетін адам мен сөйлей де жаза да білетін адамның санасында айырмашылық барын айтқан. Стилль түрлерінің ешқайсысымен машықтанбаған, сауатты адамның санасында, сонымен, екі түрлі елес өмір сүреді. Бұның біріншісін – АТ-ны адам кішкентай кезінен отбасы, үй ішінде, ауыл, аула айналасы, қоғамдық орындарда (көлік, дүкен, асхана т.б.) меңгеріп, ал теледидар, радио, мәдени орындардағы сөйленістерден бейтарап әдеби сөйлеуді естіп өседі. Ал мектепке барып, сауатын ашқаннан ЖТ-ны алдымен АТ-ның деңгейінде (сөз тіркесін, сөйлем түрлерін құрап) қабылдайды. Жазуды пайдаланып, біреуге білдіретін ойын хат, қолхат арқылы шығарады. Немесе іштегі ойын сөйлем, мәтін (шығарма, әңгіме) құрау арқылы білдіреді. 2-сыныптан басталатын ЖТ-ның жүйесін меңгерудің осындай сатылары адам санасында, жоғарыда айтылғандай, ЖТ-ның елесін қалыптастырады.

АТ **ауызекі сөйлеу тілі** (отбасы, аула т.б.), **бейтарап әдеби тіл** (БАҚ тілі, шешендік сөз, дәріс, жиналыс), **ресми тіліне** (мектеп бағдарламасы, ғылыми конференция, жиналыс сөзі т.б.) бөлінеді. ЖТ **жазба ауызекі тіл** (хат, қолхат, интернет тілі) және **жазба әдеби тілге** (көркем әдебиет, публицистикалық, ғылыми, ресми ісқағаздар стилі) ажырайды.

Сонда кез келген сауаты бар адам алғашқы үш сатыны меңгереді, санасында айту-есту, жазу-көру елесі тұрақты болады.

Сонымен, тілді меңгеру деген ауызекі сөйлеу тілінен жазба әдеби тілге қарай (әсіресе ғылыми, ресми ісқағаздары) қиындай түседі. Ол, ең алдымен, жазу жүйесінің күрделілігінен шығады. АТ мен ЖТ арасында бейтарап әдеби тілдің болуы алдыңғысынан соңғысына көшуді жеңілдетеді, яғни ауызша сөйлеу тілі мен әдеби тілді жазу арқылы қағазға түсіріп үйренген адам, бірте-бірте жазу жүйесіне де ене бастайды.

ЖТ-ның сипаты мынадай бөліктерге бөлінеді: **жалпы графикалық ерекшелік, графикалық және графемдік ерекшелік.**

Жалпы графикалық ерекшелікке ЖМ-нің парақ бетіне орналасуы, азатжол, көз тынысы, (үлкен ашық жол), қаріп түрлері (майлы, ашық, көлбеу әріп), үздікті жазу, асты сызылған жазу, қаріп түсі жатады.

Графикалық ерекшелікке сол ЖТ-ның қолданып отырған графикасы, әріп саны, әріп тіркесі, әріп диакритикасы жатады.

Графемдік ерекшелікке әліпбидегі әріп мәндері, графеманың мазмұн межесі мен тұрпат межесі, тілдің фонологиялық құрылымының графемаларға сәйкес келуі, бір әріптің бір/бірнеше фонеманы, бір/бірнеше фонеманың бір графемаға сәйкес ЖТ-ның оқылу және жазылу жүйесі жатады.

Жазу дегеніміз ойдағы мазмұнды дыбыстық (фонемалық) код арқылы (бұл жазар алдында ауызша айтып алумен немесе іштей, дауыстамай сөйлеуден көрінеді) графикалық кодқа түсіру болып табылады. **Дыбыстық кодтың графикалық кодқа** айналуын фонема атқарады.

2.Жалпы, код, кодталу деген “эртүрлі информация беруге, өндеуге, әрі сақтауға арналған шартты белгілер жүйесі”. “Кейбір объектілерді конструктивті жүйе объектілеріне айналдыру”, өзара келісілген белгілі бір шартты таңбаларға қандай да бір мағынаны сыйдыру дегенге саяды. Сондықтан кодтау алғашында

криптографияда (жасырын хабарлар жіберу теориясы) қолданылды, кейін ақпарат теориясына ауысты. Қоғамдық өмірде де әртүрлі кодтар жүйесі пайда бола бастады. Мысалы, 1872 жылы ең алғаш Ұлыбританияда пайда болған телеграф коды аз таңбаға ұзақ сөйлемдерді сыйдырып, қарым-қатынасты жеңілдетті. Код қандай жағдайда болсын таным процесіне араласатындықтан түсінік, ой, ішкі ой, кодталу туралы ғылыми әдебиетте айтылады.

Сонымен, жазу тарихындағы идеограммалар мен логограммалар, силлабограммаларды, ДЖ әріптерін, оның алфавитін кең мағынада алғанда код жүйесі, қоғамдық ортақ шарттылық нәтижесі деуге тұрады.

3. ЖТ-ның нормасы болып табылатын бірліктер мен конструкциялар жалпы тілдік жүйенің нормасы болып есептеледі. Жазудың, ойжасам қызметі, жазу арқылы ойлау, ЖТ-ның айқын жүйесі жалпы тілдің жүйесі мен құрылымына әсер еткені сөзсіз. Сондықтан бүгінгі күн тұрғысынан ЖТ-ны меңгерген/меңгермеген коммуниканттардың АТ-дағы жүйелілік дәрежесін анықтаудың қажеттігі бар.

Бодуэн де Куртенэ тілтұтынушыларды үш сатыға бөлген. I сатыға сөйлеуді енді үйрене бастағандар, мысалы балалар тілін немесе бөтен тілдік ортаға түскен адамдар тобын жатқызады. Ол топ сөйлеуге белсенді араласа алмайды, яғни “т.е. пока в их головах не будут насаждены живые представления данного языкового мышления, сопровождаемые автоматизмом обнаруживания этих представлений в случае общения с другими индивидами”. II сатыға айту, есту мүшелері мен түсініктері арқылы белсенді сөйлесе алатындарды шығарады. III сатыға әрі сөйлей, әрі жаза алатын, оқу-жазу түсініктері бар сауатты адамдарды топтастырады. Алғашқы топ басқаны түсіне алғанмен, өздері сөйлей алмайды, ортаңғы топ оқи алғанмен, жаза алмайды, соңғы топ оқи да, жаза да алады. Ғалым осылай топтастыра отырып, әр топтың өзіне тән ерекше психикасы, тілді қолдану, тілді түсіну жағынан айырмашылығы болады дейді. Сөйлей алатын адамның жады тек айту-есту түсініктеріне табан тірейді дейді. Жазу мен тіл арақатынасы тек сауатты адамның психикасына, яғни жазу-көру, айту-есту түсініктері бар адамның психикасына қатысты дейді.

Сонымен, бүгінгі күн тұрғысынан, біздің ойымызша, тілдік жүйе мен норма ЖТ-ның жүйесі мен нормасына сай келеді.

4. Жазудың негізгі категориялары. Л.В.Щерба жазу теориясы *дыбыстық таңбалар* мен *грамматикалық таңбаларға* және *ұғымдық таңбаларға* ажырайды деген. Мұндағы дыбыстық таңбалар әріптер болса, грамматикалық таңбалар пунктуациялық белгілерге, ұғымдық таңбалар сөздердің бөлек, бірге, дефис арқылы берілуі, бас әріп, кіші әріп сияқты элементтерге саяды. Осы негізде жазудың негізгі категориялары шығады. Ол – алфавит, графика, орфография және пунктуация. Алфавит арқылы белгілі бір ЖМ-да әріптерді фонемаларға таңып, мәтін мазмұнын оқимыз. Графика жазу түрлерін, қаріп түрлерін пайдалану деген сияқты ЖМ-нің бүкіл тұрпатын ұйымдастырады.

Л.В.Щерба, А.Н.Гвоздев бірде орфография графика мүмкіндіктерінен аса алмайды десе, бірде орфографияның графика ережелеріне қайшы келетін

тұстары көп дейді. Жазу ережелерінің графика мен орфографияға бөлінуі жазудың екі кезеңнен тұратынын белгілейді деді.

Ал МФМ өкілдері тіліміздегі сөзформалардың жартысынан астамы алғашқы кезеңде-ақ (графикада) дұрыс жазылады да, орфографияның үлесіне тек күрделі түрі қалады деді. Орфография мен графика тек әріпті таңдағандағы екі түрлі жағдай деп түсіну керек. Былайша айтқанда, бұлар фонологиялық және морфологиялық жағдайлар: егер әріпті жазарда біз морфемаға қатыссыз тек басқа фонемаларға, екпін, сөз басы, соңына қатысты алып отырсақ, бұл фонологиялық болады; ал әріпті морфема аясында қарасақ, онда морфологиялық болады деді.

С.М.Кузьмина жазуды графика мен орфографияға бөлудің қажеті жоқ деді. Себебі жазу процесінің өзі бір-ақ этаптан тұрады. Жазғанда біз алдымен графикалық, соңынан орфографиялық жазумен жазып, екі рет жұмыс істемейміз және графикалық жазуды жүзеге асыратын жалған әріптер жазарманның санасында болмайды деді.

Графикаға лигатуралар, диакритикалық таңбалар (дәйекші, екпін, созылықтықты білдіретін белгі) кіреді.

Дұрыс жазу мен орфография – синонимдес сөздер. “Орфография 1) дұрыс жазу нормасы; 2) әріптік таңбалардың емлесі; 3) белгілі бір тілдегі нақты бір сөздердің жазылу ережелерін қамтитын тілдегі фонемалардың қалай жазылатынын емес, сөздердің қалай жазылатынына жауап беретін сала” мағынасында жұмсалады. “Орфография имеет дело с внешней стороной знака означающим слова. Орфография облик слова устанавливает соответствие между элементарными составными частями означающего и буквами. Означающее же находится в соответствии не только с семантическим компонентом знака, с означаемым, но и с прагматическим компонентом, в том числе в внутренней формой знака”.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

1. Жазба тіл мен ауызша тілдің ерекшеліктері қандай?
2. Жазба тілдің сипаты қандай бөліктерден тұрады?
3. Дыбыстық код дегеніміз не?
4. Графикалық код дегеніміз не?
5. Жазудың негізгі категориялары қандай?
6. Л.В.Щерба жазу теориясы туралы қандай пікір айтты?
7. Орфография дегеніміз не?

Тест тапсырмалары:

1. Орхон-Енисей жазуындағы дыбыстар қанша таңбамен белгіленеді?
 - A) 35
 - B) 34
 - C) 33
 - D) 32
 - E) 31
2. Орхон жазуындағы тыныс белгі не?
 - A) үтір

- В) қос нукте
- С) нүкте
- Д) сызықша
- Е) нүктелі үтір

3. Орхон-Енисей әліпбиінің өзіндік ерекшелігі неде?

- А) дауыссыздардың жуан-жіңішке таңбалануында
- В) оңнан солға қарай оқылуында
- С) таңба санының көптігінде
- Д) дауыстылардың аздығында
- Е) дыбыс тіркестерінің бір ғана таңбамен белгіленуінде

4. Орхон жазуындағы дауыстылар барлығы неше таңбамен берілген?

- А) 9
- В) 12
- С) 15
- Д) 4
- Е) 6

5. > таңбасымен қай дауыстылар таңбаланады?

- А) а,ә
- В) е, э
- С) ы,і
- Д) о,у
- Е) ұ,ү

6.Түркі халқы бостандық алғаннан кейін , өз алдына дербес қандай қағанат атағына ие болды?

- А) түрік қағанаты
- В) батыс түрік қағанаты
- С) бумын қағандығы
- Д) оғыз қағандығы
- Е) қарлұқ қағандығы

7.552-554 ж.ж.түркілер қай тайпаларды жеңеді?

- А) оғыз-татар, енисей қырғыздары, қидан
- В) сақ, ұйғыр, соғды
- С) үйсін, хазар, печенег
- Д) қаңлы
- Е) сары ұйғыр

8.В.Томсеннің оқу тәсілімен В. Радлов Күлтегін ескерткішін қай жылы аударып шықты?

- А) 1894ж. 19 қаңтар
- В) 1896ж. 12 қаңтар
- С) 1892ж. 9 қаңтар
- Д) 1897ж. 29 қаңтар
- Е) 1884ж. 24 қаңтар

9.Он жеті санының көне түркіше дұрыс айтылуы.

- А) он йеті
- В) йеті йегірмі

- C) он жеті
 - D) йегіріміден үч
 - E) оннан йеті
10. Руникалық әліпбиде дауыссыздар тіркесін белгілейтін қанша таңба бар?
- A) 6.
 - B) 5.
 - C) 4.
 - D) 3
 - E) 2.
11. “Алтын адам” ескерткіші мен күміс тостағанша қай жерден табылған?
- A) Іле өңіріндегі Есік қаласынан .
 - B) Павлодар облысы, Бобровое селосынан.
 - C) Ферғанадан.
 - D) Алтай мен Хакасиядағы ескі қорымдардан.
 - E) Талас алқабынан.
12. Қазақстан жерінен руникалық жазудан басқа қандай жазу үлгілері кездескен?
- A) Тибет, көне грек, көне ұйғыр т.б.
 - B) Латын, қытай т.б.
 - C) Шумер, брахми т.б.
 - D) Египет, финики т.б.
 - E) Кипр, наветей, еврей т.б.
13. Көне ұйғыр жазуымен жеткен ескерткіштер.
- A) “Кодекс Куманикус.”
 - B) “Күлтегін”, “Тоныкөк.”
 - C) “Құдатғу білігі”, “Алтун Ярух.”
 - D) “Дивани луғат ат-түрік.”
 - E) “Мойын Чор”, “Күллі Чор.”
14. “Құдатғу білігі” Каир және Наманган нұсқалары қай жазумен жазылған?
- A) руникалық.
 - B) араб.
 - C) көне ұйғыр.
 - D) латын.
 - E) көне грек.
15. Ж. Баласағұнның “Құдатғу білігі” қай жылы жазылған?
- A) 1690ж.
 - B) 1069ж.
 - C) 1070ж.
 - D) 1068ж.
 - E) 1609ж.

Дәріс №4. Көне түркі елдерінің тарихы, жазу ескерткіштері, тілі (V-VIIIғ.ғ.)

1. Көне түркі тайпаларының тарихына шолу.
2. Көне түркі ескерткіштері, түрлері.
3. Орхон-Енисей ескерткіштерінің зерттелу тарихы.
4. Қазақстан жерінен табылған руникалық ескерткіштер, зерттелуі.

1.Тарихи деректерге қарағанда VI ғ. ортасында Түркі қағанатының пайда болғандығы, түркі тайпаларының басындағы тарихи жағдайларға қысқаша шолу.

Түркі тайпаларының халық, ұлт болып қалыптасқанға дейін бәріне ортақ жазу-сызу болғандығы. Сондықтан табылған тарихи ескерткіштер олардың ортақ мұралары екендігі. Орхон-Енисей ескерткіштері осы мұраларға жататындығы.

2.Зерттеушілердің түркі тілдерінің даму кезеңдерін дәуірлерге бөлуі. Н.А. Баскаков классификациясы. әр дәуірге қысқаша шолу.

Көне түркі дәуіріне кеңінен тоқтала отырып, сол дәуір мұралары-Орхон ескерткіштеріне тоқталу. С.Г. Кляшторный, А.Н. Кононовтардың ескерткіштерді топқа бөлуі.

3.Ескерткіштерді зерттеу дәуірі 3-ке бөлінетіндігі (үлгілерін жинау, оқу-аудару, ғылыми тұрғыда зерттеу). Әр дәуірге қысқаша шолу. Ең алғаш Н.Видзеннің хабарлағаны (1662). Табберт-Страленберг (1730), П.С. Паллас (1793) т.б. еңбектері. Оқу кілтін дания ғалымы В.Томсеннің табуы, В.Радловтың мәтіндерді аударуы. П.Мелиоранский, Лекокк, Грюнвель, С.Рамстед еңбектері.

4.О.Сүлейменовтың мақаласы. Қазақстан жерінен (Ертіс, Іле, Жамбыл, Сырдария, Талас) табылған ескерткіштер, олардың ғылыми маңызы, оқылуы, зерттелуі.

Талас, Енисей, Орхон жазуларының табылуы, оқылуы, этногенезі, түркі халықтарының тарихына, әдебиетіне, мәдениетіне қатысы, графикасы мен грамматикасы, лексикасы, қазіргі түркі тілдерімен сабақтастығы туралы еңбектер аз емес. Көне замандағы ауызша сөйлеу жүйесі беймәлім жазу таңбаларын қазіргі тіл дамуының тұтынушысы бола отырып, аршу, дүдәмал дыбыстық тілге кодтау, код таңбаларының мәнін көрсету, кодтың (әліпбидің) кілтін түзу қаншалықты қиын екенін ескерсек, КТЖ-на “барған” ғалымдардың еңбегі өлшеусіз екенін көреміз. Сондықтан КТЖ туралы қазақ тіл білімінде бірыңғай пікір қалыптастырған Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, Ә.Қайдар, Ғ.Мұсабаев, Ә.Құрышжанов сынды ғалымдардың зерттеулерін жоғары бағалай келе, зерттеушілердің КТЖ-ның әліпбиін құрастырып, ондағы әріп таңбаларының мәнін, берілу тәсілдерін, дыбыстық заңдылықтары туралы жазған еңбектерін пайдалана отырып, КТЖ-ндағы дауысты дыбыстардың таңбалану жүйесі мен ішінара дауыссыз дыбыстардың емлесі туралы сөз қозғағымыз келеді.

КТЖ-лы ескерткіштердің табылу аймағы үлкен: Хакасия, Алтай, Тува, Саян-Алтай, Енисей, Талас, Дмитриевск, Алта-Бай сайы, Орхон, Қарақорым,

Тараз, Павлодар, Есік, Шемонайха, Ертіс, Қырғызстан Қошқар өңірі. Бұл әр аймақтың графикасы өзіндік дыбыстық ерекшелігімен көрінеді дегенді білдіреді. Дегенмен КТЖ-на қатысты жоғарыдағы ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, КТЖ-на ортақ графика-орфографиялық ерекшеліктерді тануға мүмкіндік бар деп ойлаймыз.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

1. Көне түркі тайпалары. Түркі қағанатына сипаттама беріңіз.
2. V-VIII ғ.ғ. көне түркі жазу ескерткіштерін зерттеу дәуірлері қалай жіктеледі?
3. Түркі тілдерінің даму кезеңдері Баскаков классификациясы бойынша қалай бөлінеді?
4. Көне түркі жазу ескерткіштерін зерттеу дәуірлері қалай жіктелді?
5. Орхон –Енисей ескерткіштерін алғаш тапқан кім?
6. Ескерткіштерді алғаш транскрипциялаған, аударған кімдер?
7. Түркі руникалық жазуының шығу тарихы жөнінде қандай пікірлер (В. Томсен, О.Донер, Н.Аристов, П.Мелиоранский тағы басқалар) бар?
8. О.Сүлейменов пікірі қандай?
9. Онгин, Могилян, Тоныкөк ескерткіштері туралы не білесіз?
10. Күллі-Чор, Мойын-Чор құлпы тастары қандай ескерткіштер?

Тест тапсырмалары:

1. “Алтын ярух” қай ғасырда жазылған?
 - A) VI.
 - B) VII.
 - C) VIII.
 - D) IX.
 - E) X.
2. “Алтын ярух” ескерткіші не туралы?
 - A) діни уағыздамалар.
 - B) жарғылар.
 - C) өсиет, нақылдар.
 - D) мақал-мәтелдер.
 - E) тілдік зерттеулер.
3. Ұйғыр алфавитінің шығу негізі.
 - A) наветей.
 - B) пальмир.
 - C) жаңа соғди.
 - D) манихей.
 - E) брахми.
4. Көне ұйғыр әліпбиінің құрамында қанша әріп бар?
 - A) 23.
 - B) 28.
 - C) 25.
 - D) 26.
 - E) 24.
5. Көне ұйғыр алфавитінде қанша әріп бар?

- A) 20.
- B) 22.
- C) 24.
- D) 26.
- E) 28.

6. Әріптерінің таңбалану түрлеріне қарай көне ұйғыр әліпбиі қай жазуға ұқсас?

- A) араб.
- B) латын.
- C) руникалық.
- D) орыс.
- E) грек.

7. Қай жазу жоғарыдан төмен қарай жазылып, оқылады?

- A) латын.
- B) ұйғыр.
- C) араб.
- D) руникалық.
- E) орыс.

8. “Хуастуанифт”, “Миражнаме”, “Бахтияр-наме” ескерткіштері қай жазумен жазылған?

- A) көне ұйғыр.
- B) араб.
- C) көне түркі.
- D) латын.
- E) орыс.

9. Көне ұйғыр жазуындағы дауыстылар таңбаларының саны нешеу?

- A) бес таңба.
- B) алты таңба.
- C) жеті таңба.
- D) сегіз таңба.
- E) тоғыз таңба.

10. Көне ұйғыр жазуындағы дауыссыздар таңбаларының саны нешеу?

- A) 16.
- B) 18.
- C) 20.
- D) 14.
- E) 12.

11. Араб жазуын түркі халықтары қай ғасырлардан бастап қолданған?

- A) Xғ.
- B) XIғ.
- C) XIIғ.
- D) XIIIғ.
- E) XIVғ.

12. Араб жазуымен жазылған ескерткіштерге қандай ескерткіштер жатады?

- A) “Ақиқат сыйы”, “Хуастуанифт.”
- B) “Күллі Чор”, “Мойын Чор.”

С) “Құдатғу біліг”, ”Дивани лұғат ат-түрік.”

Д) “Бахтиар-наме”, ”Мираж-наме.”

Е) “Кодекс Куманикус”.

13. “Құдатғу біліктің” авторы.

А) М.Қашқари.

В) А.Игүнеки.

С)Қ. Яссауи.

Д) Ж.Баласағұн.

Е) Әл Хорезми.

14.Күнтуды,Айтолды,Әділ,Дәулет,Ақыл,Қанағат сияқты кейіпкерлер қай шығармада?

А) “Диуани лұғат ат-түрік.”

В) “Ақиқат сыйы.”

С) “Құтты білік.”

Д) “Оғызнама.”

Е) “Махаббатнаме.”

15. М.Қашқариды “түркілердің руникалық жазуын көрген ең соңғы өкілі” деп есептеген зерттеуші.

А) В.В.Радлов.

В) А.Н.Кононов.

С) С.Е.Малов.

Д) А.К.Боровков.

Е) Абу Хаян.

Дәріс №5. Көне түркі (рун) алфавиті

1.Руникалық алфавиттің құрамы.

2.Дауысты дыбыстардың таңбалары.

3.Дауыссыздардың таңбалары.

4.Орхон-Енисей ескерткіштерінің лексика-грамматикалық сипаты.

1.Руникалық көне түркі алфавитінің құрамында 35 таңба бар екендігі, бұдан тыс 4 арнайы таңбасы кейбір дауыссыздардың тіркесін беру үшін пайдаланылатыны (лт, нт, нч, рт). Жазу бағыты оңнан солға қарай оқылатыны. Төрт таңба дауысты дыбыстарды белгілейтіні. Бұл жазу консонантты дыбыстық жазуға жататындығы. Руникалық алфавиттің шығу тегі туралы түркологтар пікірлері (В. Томсен,Н.Аристов, И.А.Батманов).

Дауыссыздардың таңбалануында олардың жуан, жіңішке варианттарының кездесетіндігі. Орхон-Енисей текстерінің мазмұнына қысқаша шолу. Ескерткіштердің лексикалық- грамматикалық сипатына шолу.

2.Орхон-Енисей жазбаларында қолданылған 35 графеманың 4-і ғана дауысты фонеманы, ал 31-і дауыссыз фонеманы және үнді қатаң тіркесін бергені бүгінде айқындалған жайт. Сонда КТЖ дауысты фонеманың 4 инвариантымен тілдегі 9 вариантын (**а-е-ә, ы-і, о-ұ, ө-ү**), дауыссыздардың 20-дан аса жуан-жіңішке вариантымен 10 инвариант фонеманы (**б, д, ғ, й, қ, л, н,**

р, с, т) берген түркі тілдеріндегі үндесім құбылысын дауыссыздар санын көбейтумен шешкен графика болып табылады.

Орхон Енисей, Талас ескерткіштері дауысты таңбаларының <**а, е (э), ә**> графемасында ғана әріп варианты көп болған, ал **ы, о, ө** графемалары бір таңбалы болып келеді. Бұдан негізгі инвариант дауыстының (**а**) вариант, вариациялары (**э, е, ә, әе, і**) басқа дауыстыларға қарағанда артық болғанын графика арқылы да көруге болады деп ойлаймыз. КТЖ-ы әсіресе **к, к** фонемаларының жуан-жіңішке, еріндік-езулік ренктерін таңбалаған: [к], [к^о], [к], [к^о]. Бұндай графика әсіресе Енисей, Талас ескерткіштеріне тән болып келеді.

Сонымен, КТЖ тіл үндестігіне табан тіреген, тарихи қалыптасуы жағынан кеш пайда болған ерін үндестігін таңбалауды мақсат тұтпаған графика болып табылады. Үндесім заңы дауыссыздардың тембрлік әуеніне негізделген (Крамски, М.Маллова, В.Томсен, А.М.Щербак), ал дауыстылар үндесімі – осы арқылы шыққан екіншілік заң дейміз. Алғашқы әліпби түзушілер санасында дауыссыз дыбыс қазіргі түсініктен өзгеше, ерін, езу, тіл мүшелеріне сай тембрлік әуен қоса ассоциацияланып отырған дыбыс типі болғанын айтқымыз келеді. Тілдің даму барысында жуан-жіңішке, езулік-еріндік әуен қысқа айтылатын сына дыбыс тыңдаушы санасына қабылдана бастайды. Сына дауысты таңбасы әсіресе дауыссыз бен үнділер арасына салынған. Қыстырынды дауыстылардың бүкіл руникалық жазбаларға тән екенін айтады Э.А.Макаев. Алғашында дауыссыздың тембріне ғана үйлескен, фонемалық жүктемесі жоқ дыбыс кейін дифференциацияланған. Оған Енисей, Талас жазуларында сирек таңбаланған дауыстылардың Орхон жазуында тұрақты бейнеленуі дәлел. Дауыстылардың графикалық бейнесі арқылы КТТ-дағы инвариант дауыстыны да, сына дауысты және одан өрбіген дауыстылардың вариант, вариацияларын жобалауға болады.

3.Енді консонанттар жүйесінің графемалары және графикасы туралы қысқаша тоқталып өтеміз. КТЖ-да <**б**>, <**ғ**>, <**д**>, <**й**>, <**қ**>, <**л**>, <**н**>, <**р**>, <**с**>, <**т**> 10 дауыссызы 20-дан астам әріппен 20 сингармофонеманы таңбалайды. Оның ішінде 3-тен артық әрпі бар дыбыстар <**б'**>, <**ғ**>, <**д**>, <**қ**>, <**к**> фонемалары болып табылады. <**қ**> мен <**к**>-нің жуан еріндік және жіңішке еріндік таңбасы бар, **б, д** графемалары кейде [t'], [n'] дыбыстарын да таңбалайды. Ал <**з**>, <**м**>, <**ң**>, <**п**>, <**ч**>, <**ш**> дыбыстарының бірімәнді таңбамен берілуін ғалымдар олардың кеш пайда болған туынды дыбыс болуымен байланыстырады. Құрамында осы дыбыстар бар сөздердің жуан-жіңішкелігі айырылуы мүмкін емес, мысалы, *мңа* деген [маңа], [меңе] болып оқыла алады. Ал кей сөздерде іргелес дыбыс таңбасы арқылы ажыратып алуға болады, мысалы $\left[m \frac{e(\text{э}, \text{ә})}{a} n \right]$, $\left[m \frac{y}{o} \right]$. Жалпы бірімәнді деген [м], [ш] дыбыстарының 6-ға дейін әріп-вариациясы болған. Дыбыстың төл, туынды, кірме екенін оның сөз шенінде кездесу, жуан-жіңішке дауыстымен тіркесе алу қабілеті арқылы анықтасақ, **ч, ш** графемаларының да бірімәнді болуы ойландырады. Олай болса, сөз болып отырған дыбыстар неге сингармографемалық жұп құрамаған деген сауалдың басын ашық қалдырамыз.

Консонанттарға қатысты тағы бір айта кететін нәрсе – <с>, <ш>, <н> инварианттарының жіңішке таңбалары үндесім заңдылығынан уәжсіз ауытқитыны. Мысалы, [с'быз] – сәбыз, [с'мды] – сімады, [улус'] – улис, [тыс'ы] – атысі, [шс'ыз] – ашсіз, [йорс'ар] – иорысәр, [сбын'] – сабін, [зын'] – агін т.б. Бұл <с>, <ш> фонемаларының инварианты тіл алды болып айтылатынынан хабар берсе керек. Қазіргі дыбыстық жүйемізде де <ш>, <ж> фонемаларының орыс тіліндегі <ш>, <ж> фонемасынан айырмасы – өзінен кейінгі дауыстыны жіңішкертетіні.

Бүгінгі қазақ тілінде сөз аяғында айтылмайтын [б], [д], [ғ] дыбыстары КТЖ-да таңбаланған. Жалпы, КТЖ <р>, <в>, <м>, <т>, <д>, <щ>, <ш>, <з>, <п>, <л>, <ж>, <т>, <к>, <г>, <н>, <қ>, <қ> 18 фонемасының <щ>(ч)-дан басқасы қазіргі қазақ тілінің фонетикалық жүйесінде бар және бір-бір графемаға сәйкес келеді. [ни] дыбысын беретін жіңішке мұрын жолды әріп қазіргі түркі тілдерінде жоқ. Ал *нт*, *нч*, *лт* дыбыс тіркесін беретін графемалар тілдің көне дәуіріндегі ерекшелікті, яғни еліктеуіштер соңында жиі кездесетін дыбыс тіркесін бір таңбамен берген дейміз.

4. Жалпы, КТЖ-дағы вокализмдер жүйесінің таңбалану ерекшелігі жазудың о бастағы мнемоникалық тәсілге иек сүйейтінінен шыққан. Ғымды таңбалауды жетілдіру редуция арқылы жүреді, ал редуция таңбаның ішкі мазмұны мен сыртқы тұрпатын құрайды. Сонда алғаш суреті салынған үлкен мәтін (сурет жазу) артық ақпараттарды түсіріп, керекті заттың аты мен санын еске сақтау үшін шартты бір таңбаларды қалдырады (идеографиялық жазу), кейін ребустық жазу шығады (логограмма). Жазудың белгілі бір адресантқа ғана бағытталғаны ондағы көмекші сөздер мен сөйлемдердің таңбаланбауына әкеледі. Сөйтіп, жазу бағытталған адресанттың аялық біліміне, оқиғамен хабардарлығына сүйеніп, мнемоникалық тәсілді қолданады. Онда грамматикалық формалар ғана редуцияланбай, әріп болмаса да, дыбысты қалпына келтіріп оқитын әдіс қолданылады. ДТ-ны жақсы білетін адресант ондағы фонемаларды “реконструкциялап” дыбыс варианттарына кодтайды. ЖТ-ның абстракті таңбасы – графема мазмұн межесін инвариант, вариант немесе Ø - нөлдік әріп арқылы таңбалай алатынын, ал оны АТ-ның абстракті бейнесі фонеманың мазмұн межесі (дыбыс) мен тұрпат межесі (графема) арқылы қалпына келтіреді. Сонда КТЖ-дағы ашық, қысаң езуліктердің таңбаланбауын жазу экономиясын жетік білген, таңба теориясын меңгерген, жазу прагматикасын ойлаған халықтың мәдени құндылығы деп танымыз.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

1. Көне түркі ескерткіштеріндегі синграмонизм?
2. Руникалық әліпбидің құрамы қанша дыбыстан, қанша таңбадан тұрады?
3. Дауыстылардың таңбалануында қандай ерекшелік бар?
4. Жалаң дауыссыздар қалай таңбаланады?
5. Қос дауыссыз дыбыстар қалай таңбаланады?
6. Тіркес дыбыстар қалай таңбаланады?
7. Руникалық жазу қандай жазуға жатады?
8. Руникалық жазуда тыныс белгісі ретінде қандай таңба қолданылады?
9. Руникалық жазудың оқылу реті қалай?

10. Руникалық әліпбидің шығу тегі туралы қандай болжамдар бар?

Тест тапсырмалары:

1. М.Қашқаридың “Диваны” не туралы еңбек?
 - A) Алғашқы салыстырмалы тілдік-филологиялық еңбек.
 - B) Діни уағыздамалар.
 - C) Сүйіспеншілік жырлар.
 - D) Аударма сөздік.
 - E) Түркі қағандарының жорықтары туралы.
2. Араб жазуының ең көне түрі қалай аталады?
 - A) қадим.
 - B) жадит.
 - C) төте.
 - D) оңайлатылған.
 - E) көне.
3. Араб жазуының оңайлатылған жаңа түрі қалай аталады?
 - A) ең жаңа.
 - B) жаңа.
 - C) оңайлатылған.
 - D) қадим.
 - E) жадит.
4. Араб әліпбиінің жадит вариантында қанша таңба бар?
 - A) 31 таңба .
 - B) 32 таңба.
 - C) 33 таңба.
 - D) 34 таңба.
 - E) 35 таңба.
5. Жадит вариантында қанша дыбыс бар?
 - A) 29 дыбыс.
 - B) 31 дыбыс.
 - C) 33 дыбыс.
 - D) 35 дыбыс.
 - E) 34 дыбыс.
6. Араб әліпбиіне қай жылы өзгеріс (төте жазу) енгізілді?
 - A) 1934 ж.
 - B) 1924 ж.
 - C) 1925 ж.
 - D) 1929 ж.
 - E) 1938 ж.
7. Төте жазуы қай жылға дейін қолданылды?
 - A) 1929-1938 жылдарға дейін жарыса қолданылды.
 - B) 1940 жылға дейін.
 - C) 1928 жылға дейін.
 - D) тек 1929 жылға дейін.
 - E) 1957 жылға дейін.

8. Араб әліпбиінің төте вариантында қанша дыбыс бар?
A) 34.
B) 32.
C) 30.
D) 28.
E) 26.
9. Төте жазуда қанша әріп бар?
A) 27.
B) 28.
C) 29.
D) 32.
E) 34.
10. Төте жазудағы әріптердің нешеуі тіркес дыбыстарды таңбалайды?
A) екеуі.
B) үшеуі.
C) төртеуі.
D) бесеуі.
E) алтауы.
11. Араб жазуында үтір белгі қалай қойылады?
A) қазіргі жазудағыдай.
B) сөзден кейін үстіңгі бұрышынан кері қойылады.
C) сөзден кейін үстіңгі бұрышынан ілгері қойылады.
D) сөзден кейін төменгі бұрышынан кері қойылады.
E) сөздің алдынан кері қойылады.
12. Латын алфавитінің жасалуына қай жазу негіз болған?
A) грек жазуы.
B) арамей жазуы.
C) шумер жазуы.
D) руникалық.
E) гот жазуы.
13. Латын жазуымен жеткен тілдік ескерткіш.
A) “Дивани лұғат ат-түрік”
B) “Құдатғу білік”
C) “Кодекс Куманикус”
D) “Тонькөк”
E) “Күлтегін”
14. Түркі халықтары (соның ішінде қазақ халқы) латын жазуын қай жылдан бастап қолданады?
A) 1938ж.
B) 1939ж.
C) 1927ж.
D) 1928ж.
E) 1929ж.
15. IX ғ. ІІ ж. жасалған кириллица неше әріптен тұрады?
A) 43.

- B) 42.
- C) 41.
- D) 40.
- E) 39.

Дәріс №6. Ұйғырлар және ұйғыр жазба ескерткіштері туралы

1. Көне ұйғыр тайпалары туралы.
2. Ұйғыр жазуы ескерткіштері.
3. Ұйғыр алфавиті туралы мәлімет.
4. Ұйғыр ескерткішінің түрлері.

Ұйғырлар Шығыс түрік қағанаты құрамында болғандығы. Сол кездегі тарихи жағдайларға шолу. Шығыс түрік қағанатынан ұрпақтарға көптеген жазба ескерткіштер қалғандығы. Олар Қырғыз қағанатына тән Енисей ескерткіштері (IX-Xғ.ғ.), Ұйғыр қағанатына қатысты Семиги, Қараболғасун ескерткіші. Турфан жазулары. Манихей алфавиті (36 әріп). Ұйғыр жазуының соғды жазуы негізінде тарағандығы. Ұйғыр жазуымен жеткен ескерткіштер алфавиті 23 әріптен, 28 дыбыстан тұрғандығы. Жоғарыдан төмен қарай жазылатындығы. Ұйғыр жазуы негізінде XIII ғ. моңғол жазуы пайда болғандығы. Бұл жазуды Ақсақ Темір, Алтын Орда хандары қолдағандығы. Сөз таптарының көне ұйғыр жазбаларындағы сипаты. Көне тіліне ұқсастығы.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

1. Ұйғырлар және олардың жазуы туралы не білесіз?
2. Қараханидтер дәуірінен қалған жазба ескерткіштерге қандай ескерткіштер жатады?
3. М.Қашқаридың «Дивани-лұғат-ит-түрік» сөздігі қандай еңбек?
4. «Алтын ярух» ескерткіші қай дәуірге жатады?
5. Ұйғыр әліпбиінің құрамында қанша таңба, қанша дыбыс бар?
6. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілінің қандай ерекшеліктері бар?

Тест тапсырмалары:

1. “Кодекс Куманикус” қай ғасыр мұрасы?
 - A) XVғ.
 - B) XIVғ.
 - C) XIIIғ.
 - D) XII ғ.
 - E) XIғ.
2. “Кодекс Куманикус” қай тілде жазылған?
 - A) таза қыпшақ тілінде.
 - B) көне түркі тілінде.
 - C) оғыз тілінде.
 - D) түрікмен тілінде
 - E) көне ұйғыр тілінде.
3. “Кодекс Куманикус” неше бөлімнен тұрады?

- A) 3.
- B) 4.
- C) 5.
- D) 6.
- E) 2.

4. 1930ж. 11 маусымда латын алфавитіне негізделген қазақ жазуына қандай өзгеріс енгізілді?

- A) V(B), й (у,) f (Ф), ій(ю), іа(я).
- B) бас әріп бекітіледі.
- C) 29 әріптен 34-ке жеткізіледі.
- D) бас әріп алынып тасталды.
- E) ешқандай өзгеріс енгізілмеді.

5.Қай жылы латын алфавитінің құрамы в,й,ф,ю,я, әріптерімен толықтырылды?

- A) 1930ж. 11-маусымда.
- B) 1938ж.
- C) 1939ж. сәуір.
- D) 1940ж. 27-тамызда,
- E) 1957ж.

6.Қазақ жазуын латыннан орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке көшіру туралы заң қашан қабылданды?

- A) 1940ж. 27тамызда.
- B) 1939ж. мамырда.
- C) 1940ж. 10 қарашада.
- D) 1957 ж.
- Г)1950 ж.

7.Ғұндардың бөлінуі, Еуропаға бет алуы, өз жолында сөйлейтін қай тайпаны өздеріне ілестірді?

- A) угор
- B) оғыз
- C) бұлғар
- D) қыпшақ
- E) қарлұқ

8.Украин археологтары Шұңғыл Чунгуль өзені жағасынан тапқан олжасы қай жылы табылды?

- A) 1981 ж.
- B) 1973 ж.
- C) 1983 ж.
- D) 1979 ж.
- E) 1881ж.

9.Ұйғыр жазуы туралы көп мәлімет берген зерттеуші.

- A) Қ.Сәтпаев
- B) Қ.Қордабаев
- C) Ғ.Айдаров
- D) А.С.Аманжолов
- E) М.Жолдасбеков.

10. Қазіргі кезде Орхон-Енисей ескерткішінің графикалық құрлысын зерттеп жүрген қазақ ғалымы
- A) А. С. Аманжолов
 - B) Б. Әбілқасымов
 - C) А. Т. Қайдаров
 - D) Ғ. Айдаров
 - E) А. Құрышжанов
11. «Қазіргі ұйғыр тілі көне ұйғыр тілінің (V-X ғғ) жалғасы» деген пікір кімдікі?
- A) А. С. Аманжолов
 - B) Б. Әбілқасымов
 - C) А. Т. Қайдаров
 - D) Ғ. Айдаров
 - E) А. Құрышжанов
12. “Алтын Ярух” ескерткіші қай графикамен (алфавитпен) жазылған?
- A) руникалық
 - B) латын
 - C) араб
 - D) көне ұйғыр
 - E) орыс
13. “Құдатғу - біліг” қандай мағынаны білдіреді?
- A) білімді адам
 - B) құтты болу, бақытты болу және білім
 - C) білікті адам
 - D) құдайға жалбарыну
 - E) діни уағыз
14. “Құдатғу-білігтің” неше нұсқасы бар?
- A) 5
 - B) 4
 - C) 3
 - D) 2
 - E) 1
15. “Құдатғу - білігтің” I қолжазбасы қай графикамен жазылған?
- A) руникалық
 - B) латын
 - C) араб
 - D) көне ұйғыр
 - E) орыс

Дәріс №7. Араб жазуы ескерткіштері

1. Араб мәдениеті.
2. Араб жазуы ескерткіштері.
3. Араб алфавитінің құрамы.
4. Төте жазу.

1. Араб мәдениетінің қараханидтер дәуіріне ене бастауы. Түркі халықтары арасында ислам дінін тарату мақсатында араб тілінен түркі тілдеріне аударылғандығы. Баласағұн, Қашқар, Самарқанд, Бұхара сынды мәдени ошақтардың болғандығы. XII-XV ғ. ескерткіштерді сол кездегі тарихи жағдайларға байланысты топтастыру. Н.А.Баскаковтың бөлуі.

Араб жазуымен жеткен ескерткіштер («Құдатғу біліг», М.Қашқаридың «Дивани лұғат-ат түрік» сөздігі).

Араб алфавитінің құрамы. Солдан оңға қарай жазылып, оқылатыны. Дыбыс таңба-ларының сөз басында, ортасында, соңында, жеке тұрғанда түрліше таңбалануы. Төте жазу. 32 дыбыс, 34 әріп бар екендігі. Әріптердің жол бойымен, жолдан шығарылып жазылу ережелері. Араб жазуының ең көне түрі қадим деп аталса, жаңа түрі жадит деп аталатындығы.

АГнҚЖ-ның қадим жүйесінде 34 таңба болды. Оның 28-і араб әліпбиіне сәйкес, 4-і парсы әліпбиінен алынған, 1-түркі, 1 таңба ауған жазуының әрпі болып табылды. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жүйесі араб жазуында 3 таңбамен берілді. Ол фонемалардың ашық, қысаң, дифтонг белгілеріне қарап топтастырылды: <a>, <ә>, <e>, <ы>; <й> <ы>, <i>, <e>; <o>, <y>, <ө>, <ү>, <ү>.

Араб графикасындағы <e> фонемасының ашық-қысаңдығы айырылмағандықтан екі әріппен де берілді. Сонда <a>, <ә>, <e> фонемалары бір графемаға ұйымдасқанмен төрт түрлі позициялық әріп-вариантта қолданылды. Оларды графема-әріп қатынасында көрсетсек, мысалы, 3 фонема:1 графема; 1 графема:4 әріп болады [91, 88б.]. Г.Мамырбекованың зерттеуі бойынша, дауыстылардың өзіндік таңбаланатын жүйесі болған. Сөз басында <e> фонемасы міндетті түрде /иа/-мен берілген, ал сөз ортасы мен аяғында <a>, <ә>-лермен бірге /һа/арқылы таңбаланған. Біздің ойымызша, мұндағы сөз басындағы <e>-нің дифтонг реңкі жазуда ескерілген. Ал сөз ортасы мен аяғында ашық езуліктердің позициялық реңкі нейтрализацияланып берілген дейміз. Дауысты дыбыстардың бір инвариант таңбасының (харакат) қойылмай кету ерекшелігі жазудың кодтық қасиетін білдірді.

2. Қазақ жазуында дыбыстық мәні бар әріпке мадда белгісін қойып, дыбыстық мәні жоқ әріпке мадда белгісінің қойылмауы қысқа дауыстылардың харакаттармен, созылыңқы дауыстылардың мадда белгісімен белгілену тәртібіне сәйкес келді.

Араб жазуында мәтін әріп не буын арқылы емес, сөзді тұтас көре отырып, мағынасына қарай дауыстыларды қалпына келтіріп оқитын логикалық әдіске негізделді. Сондықтан алғашқы буындағы дауыстылардың редукциялануы, әсіресе қысаң езуліктердің фонемалық мәнге ие болмағанда таңбаланбауы тұрақты нормаға айналды.

Сөйтіп, дауыстылар жүйесінің графема-фонема қатынасы: 3:9 болып шықты. Жазу бір буынды сөздердің мағынасын ажыратуда қиындық тудырғаны рас. Мысалы, *ор*, *өр*, *ұр*, *үр* сияқты түбірлер бірдей жазылды.

Жалпы АГнҚЖ-да араб графикасының дәстүрін, сипаты сақтаған, яғни араб тілінің графикасы түпнұсқа қалпында жүйесі бөлек қазақ тілінің ЖТ-нде пайдаланылды. Сонда АГнҚЖ өзіндік жүйесі мен деңгейі болған, АТ-дан

өзгеше, оған параллель жатқан жүйе болды. Н.Уәли айтқандай, халықтық тілден едәуір айырмашылығы бар кітаби тілдің тұрпат межесін белгілеген графикалық жүйе болды. Ал дауыссыздар жүйесін белгілейтін әріп таңбалары 20 болды. Мұндағы 3 әріп шеттен енген сөздерді таңбалады: **х, ф, ч**: *хазірет, хабар, хош*. Араб жазуының демократиялана бастаған жәдид жазу жүйесінде, мысалы, Түркістан уәлаяты газетінде бұл қатардың кейбіреуі **қ** әрпіне көше бастайды: *қабар, қан*. <В> - /у/ мен, <ц> - тс пен берілді. Сөз мағынасы дауыссыздардың жуан-жіңішке вариантымен айрылып отырды. <ң> – /нк/ әріп тіркесімен берілді. [п], [ғ], [ч] дыбыстарының таңбасы парсы әліпбиінен алынды.

Г.Мамырбекованың зерттеуі бойынша, <п> фонемасының сөз басында парсылық /пе/-мен, сөз аяғында арабша /ба/-мен сөз ортасында бірде /ба/, бірде /пе/-мен берілу жүйесі қатаң. Бұдан сөз аяғы қатаң [п]-мен аяқталмайды дегенді білуге болады. Сондай-ақ <б> фонемасының сөз ортасында /ба/-мен, бірге /ве/-мен де берілуін интервокал позициядағы босаң <б> вариациясын білдіруі деп түсінуге болады.

Жалпы араб әліпбиінің түпнұсқасында болмаған <п> дыбысының әрпі өзге әліпбиден (парсы) алынса да, толық өз функциясында жұмсала алмаған дейміз.

3. Араб әліпбиінде <г> фонемасының да таңбасы болмағандықтан кейде орнына **ғ** әрпі пайдаланылған. Сол себепті басқа тілден енген сөздердегі <г>-**к** әрпімен таңбаланып отырған дейді проф. Б.Әбілқасымов: *акроном, дәркер, емке, қрек* [93, 53б.]. **Ч** әрпі өзге графикадан алынғандықтан **ш** графемасынан дифференциацияланбай, екі әріп таңбалары бірінің орнына бірі қолданыла берген, **ч** әрпі қатаңмен іргелес келгенде де, дауысты, үндімен іргелес келгенде де таңбаланған кездері аз емес: *айтчы, елчі*. Орыс тіліндегі <в> фонемасы 3 түрлі дыбысталуына сай, біресе **у** мысалы, біресе **б** таңбасымен (*чинобник, бистафка*), біресе **ф** әрпімен берілді (*Жапанов, Ибанов*).

4. Араб жазуының емлесіндегі бір ерекшелік ерін үндесімінің басым берілуі, тіпті қосымшаларда да таңбалануы болды: *болұс, мүйүз, тұрғұн, ұзұнлұқ, үстүнен*. Яғни, ерін үндесімі позициялық өзгерісті бейнелеген фонетикалық принциптен де шықты, сонымен бірге оғыз-қарлұқ архаикалық элементінің де дәстүрін сақтады, мысалы: *оқұб, бірақ барұб, келұб*.

Проф. Р.Сыздық Қ. Жалайырдың еңбегінде лабиалды үндесім тұрақты таңбаланбайтынын, ал қосымшалардың еріндік варианты мүлде кездеспейтінін айтады.

Бұл тенденцияны орта түркі шағатай тілінің орфографиялық нормасынан қазақ тілінің өз емле нормасы бөлініп шыға бастағаны деп түсіндіруге болады.

Қосымшалардың түбірге үйлесімсіз бірыңғай ұяң вариантпен жазылуын Г.Мамырбекова инвариант-вариант принципі бойынша ұяң нұсқасы инвариант болып табылған да, АТ-да үйлесім варианттарымен дыбысталғаны деп көрсетеді.

Жалпы, мұнда қосымшалардың мазмұн межесі (мысалы, көптік жалғауының қазақ АТ-нде 9 варианты бар) бір тұрпат межесіне сай келген қосымшаның таңбалық сипатын көруге болады: 9 <лар, лер, дар, дер> / 1 <лар>.

Сөз болып отырған жазу емлесі морфологиялық ұстанымға негізделді. Дегенмен, ерін үндестігінің позициялық түрленімінің таңбалануы, *орнына, халқыңыз, көңлүме* сияқты сөздерде қысаң езуліктердің айтылуы бойынша түсіріліп жазылуы, интервокал позициядағы <қ> фонемасының /х/ әрпімен (*йахшы, йарылханыб, ахыры, ахшар*) берілуі, /к/, /ғ/ әріптерінің жуан дауыстылармен іргелес жазылуы] араб жазу дәстүрінен қазақ тілінің өзіне тән жазу жүйесі түзіліп келе жатқанынан хабар берді.

Біздің ойымызша, АГнҚЖ-дағы қосымшалардың инвариант принципімен (Г.Мамырбекованың анықтауы) таңбалануы, қысаң дауыстылардың таңбалануы, жазу теориясына, жазу экономикасына сай, болашақтағы жазу дәстүрі үшін ескеруді қажет ететін орфограммалар болуы тиіс.

Сонымен XVIII–XIXғғ. араб жазулы ескерткіштердің әліпбиі мен орфографиясына арнайы зерттеу жүргізген Г.Мамырбекованың диссертациялық еңбегі барлығын ескере отырып, біз мұнда АГнҚЖ-ның жалпы сипаты мен маңызын көрсетумен, орфографиясының кейбір ерекшеліктеріне пікірімізді білдірумен шектелдік.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

1. Араб жазу ескерткіштеріне қандай ескерткіштер жатады?
2. Көне ескерткіштер тарихи жағдайларға байланысты қандай түрлерге бөлінеді?
3. Араб жазуының көне түрі мен жаңа түрі қалай аталады?
4. Араб әліпбиінің құрамында қанша таңба, қанша дыбыс бар?
5. Араб жазуымен шығып тұрған «Дала уәләятаты газеті» мен «Түркістан уәләятты» газеттері, «Айқап» журналы туралы не білесіз?
6. Араб жазуының төте түрі қашан, қалай пайда болды?
7. Араб әліпбиі (төте) құрамы қандай дыбыстардан тұрады?
8. Төте жазуға қандай жағдайлар себеп болды?
9. А. Байтұрсынұлы қандай әліпби ұсынды?
10. Түркі халықтарының араб жазуына көшіуіне қандай тарихи жағдайлар себеп болды?

Тест тапсырмалары:

1. «Құдатғу - біліктің» I қолжазбасы қайда сақтаулы?
 - A) Венада
 - B) Каирде
 - C) Өзбекстан ҒА Шығыстану институтында
 - D) ҚР ҒА Шығыстану институтында
 - E) Астанада
2. «Құдатғу - біліктің» II қолжазбасы қай графикамен жазылған?
 - A) руникалық
 - B) латын
 - C) араб
 - D) көне ұйғыр
 - E) орыс

3. “Құдатғу - біліктің” II қолжазбасы қайда сақталған?
- A) Венада
 - B) Каирда
 - C) Өзбекстан ҒА Шығыстану институтында
 - D) ҚА ҒА Шығыстану институтында
 - E) Астанада
4. III Наманган нұсқасының қолжазбасы қай графикамен жазылған?
- A) руникалық
 - B) латын
 - C) араб
 - D) көне ұйғыр
 - E) орыс
5. III Наманган нұсқасы қайда сақтаулы?
- A) Венада
 - B) Каирда
 - C) Өзбекстан ҒА Шығыстану институтында
 - D) ҚР ҒА Шығыстану институтында
 - E) Астанада
6. “Құдатғу - біліктің” әуелі араб әріпімен жазылған, кейін қара Бұқара ханға сыйға тартарда ұйғыр әріпіне аударып жазған болу керек” деген пікір кімдікі?
- A) В. В. Радлов
 - B) С. Е. Малов
 - C) Г. Вамбери
 - D) Кляшторный
 - E) Н. Аристов
7. “Құдатғу - біліктің” көлемі қандай?
- A) 200 бетке жуық
 - B) 100 бетке жуық
 - C) 300 бетке жуық
 - D) 400 бетке жуық
 - E) 150 бетке жуық
8. “Құдатғу - білікті” әдеби мұра ретінде талдап, көлемді зерттеу мақаласын жазған кім?
- A) А. Егеубаев
 - B) О. Сүлейменов
 - C) М. Шаханов
 - D) Ә. Кекілбаев
 - E) М. Мағауин
9. “Алтын Ярухта” не туралы жазылған?
- A) сол кездегі тарихи жағдай туралы
 - B) жұмбақтар
 - C) ақыл, өсиет
 - D) нақыл сөздер
 - E) діни уағызнамалар

10. Түркі тайпасы б. д. қай ғасырда таныла бастады?
А) IV ғ.
В) III ғ.
С) б. д. VII ғ.
D) б. д. VI ғ.
E) XV ғ.
11. Палеография дегеніміз:
А) дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы
В) рет-ретімен орналасқан әріптердің жиынтығы
С) қолжазба мен кітаптағы таңбаларды тексереді.
D) металл, сүйек, ағаш т.б ойылып жазылған таңбаларды зерттейді.
E) сөздерді дұрыс айту ережелерінің жиынтығы.
12. Қай ғасырда оғыздар бірлестігін қимақ-қыпшақ қауымдары қиратады?
А) XV ғ.
В) XI ғ.
С) XI ғ. орта кезінде
D) XII ғ.
E) XIV ғ.
13. IX ғасырлардың ең көрнекті ескерткіші
А) Құдатғу білік
В) Дивани лұғат ат-түрік
С) Мойын – Чор
D) Оғызнаме
E) Тоныкөк
14. Түркі тілдерінің даму кезеңдерін Н. А. Баскаков неше кезеңге бөлді?
А) 7 кезеңге
В) 8 кезеңге
С) 5 кезеңге
D) 6 кезеңге
E) 4 кезеңге
15. Құтлығ-Эльтеріс қандай мағына береді?
А) ”халықтың басын қосушы”
В) ”халықты алдап-арбау”
С) ”халықты сендіру”
D) ”халықтың мұң-зарын естірту”
E) ”халықтың сеніміне кіру”

Дәріс №8. Латын жазуы ескерткіштері

1. Латын графикасы жөнінде.
2. Латын жазуы ескерткіштері.
3. Қазақ халқының латын жазуын қабылдауы.
4. Латынға көшу жөніндегі қазіргі пікірлер.

1. Латын алфавитінің көне алфавиттердің бірі екендігі. Оған грек жазуы негіз болғандығы. Батыс Еуропа халықтарының көне латын

алфавитіне қажетті өзгеріс-терді енгізгендігі, қазірдің өзінде сол күйде қалып отырғандығы. Бұл тілдерде ды-быстық құрам мен алфавиттің арасында алшақтық бар екендігі.

Түркі тайпаларының да латын жазуын қолданғандығы. Оған дәлел XIVғ. ескерткі-ші саналатын «Кодекс Куманикусты» атап өту. Бұл ескерткішті зерттеудің маңызы.

Қазан төңкерісінен кейін түркі тілдес халықтардың латын жазуына көше бастағандығы(1929ж.).

1930 жылы латын алфавитіне жаңа бас әріп бекітілгендігі. 1938 жылы алфавит құрамына енген өзгерістер.

Еліміз егемендік алғаннан кейінгі 10 шақты жылда латын жазуына көшу туралы мәселенің қайта ұсынылуы. Ғалымдардың пікірлері. Жобалар. Тиімді, тиімсіз жақтары.

2.А.Байтұрсынұлының әліпбиі ресми түрде тек 1924ж. қабылданғанымен, бұл графиканы 1913ж. Стамбулда өткен кеңесте түрік, араб, иран жазуының бәрі үлгі етуге пәтуаласқанмен, Қ.Жұбанов: “Мұнан бас тартып латын алфавитін қабылдауымызға ұйтқы болған Қазақстан емес, Бүкілодақтық орталық жаңа Алфавит комитеті Ғылыми кеңесінің қысымы... Бұл жүйе қазақ тілінің ерекшелігіне әбден лайықты (тегінде жалғыз қазаққа ғана тән деп қарауға болмайды), қазіргі алған жаңа әліпбиімізге де өте қолайлы, өйткені араб жазуын таңбалау табиғатына мұның еш қатысы жоқ және дәл сондай-ақ алфавит біткенге бірдей үйлесімді” дегенмен, бәрінен бұрын профессор Е.Д.Поливановтың: “Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году, я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которм с полным правом могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы, как крупным культурным завоеванием” деген А.Байтұрсынұлы әліпбиіне берген бағасына қарамастан, 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен түркітанушылардың съезінен кейін 6 наурызда қазақ жазуын латын графикасына көшіруді қолға алу тапсырылады.

3.Осы орайда қазақ тілінің түпкілікті жазуы болады деген төте жазуды латын жазуына ауыстыруға түрткі болған І-бүкілодақтық түркітанушылар құрылтайының жұмысы туралы айта кетудің жөні бар. Өйткені съезд барша түркі халқының 600-ден астам зиялылары, Юдахин, Н.Ф.Яковлев, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, Н.И.Ашмарин, Л.В.Щерба сынды Ресей ғалымдары, А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Н.Төреқұлов, Т.Шонанұлы, Б.Сүлейұлы тәрізді қазақ білімпаздары бас қосқан, түркі халықтарының тілі мен жазуын жаңа белеске көтерген аса ірі тарихи оқиға болып саналады.

Съезде емле, жазу мәселелері бойынша Л.В.Щерба, Н.Ф.Яковлев, Жирков, Ғ.Шараф, А.Байтұрсынұлы, Н.Төреқұлов, Е.Омаровтар баяндама жасайды. Түркі тілдерінің ішінде латын жазуына көшуді бірінші болып әзірбайжандар көтергені белгілі. Оның себебін Н.Ф.Яковлев былай деп көрсетеді: мұнда қалалық әзірбайжан – 13% болса, халық сауаттылығы 1% ғана болды, бұл татар халқымен салыстырғанда 25% төмен. Ал қалалық татар

халқы 4% еді. Сондай-ақ ғалым жазу дінмен терең байланыста, діні күшті халық жаңа жазуды алмауға тырысады деді. Бұл Е.Д.Поливановтың жазуын реформаламаған халық жаңа графикаға әуес келеді, оңай ауысады, ал жазуын жөндеп отырған тіл өзге графиканы құп көрмейді деген сөзімен үндесіп жатты.

Н.Ф.Яковлев, Жирков сынды ғалымдар араб жазуы функциясының кемігендігін, жаңа тілдерді жаулап алу бағытынан тайғанын сондықтан жаңа прогресс, техника үшін латын жазуының қолайлылығын айтса, Л.В.Щерба әр халық өз тұрғысынан шешуі, жөн деп, бейтарап позиция ұстады. Араб жазуын жақтаушы Ғ.Шараф Н.Ф.Яковлев пен Жирков латын графикасын дәріптегенмен, түпкі ойы басқа, олар орыс алфавиті де латын жазуынан кем емес деген мазмұндағы мақалаларын жариялап жүр дейді.

Жалпы, съезде шығып сөйлегендердің дені латын жазуының техникалық артықшылығы (қолдың ыңғайы, көздің көруі, техникалық жағы, бас әрібі), араб жазуының кемшілігі (реформаланған араб әліпбиінің түпнұсқадан ауытқуы, оңнан солға қарай жазылуы, баспа қиындығы, әріптердің танылмауы, бас әріптің жоқтығы) туралы сөз етеді. Араб графикасын жақтағандарға (әсіресе, А.Байтұрсынұлына) психологиялық шабуыл жиі жасалады (отырғандар күліп, даурығып, кекетіп, тыңдамауға тырысады), латын графикасын жақтағандарды қолпаштап, ұзақ қол шапалақтап отырады. А.Байтұрсынұлы төл жазудың жетілмей қалғанына басқа халықтың жауап беруі дұрыс емес, әр халық жазуының өз жолы мен деңгейі бар дейді. Орыс графикасын пайдаланып келе жатқан халықтардың латынға көшу себебіне күмәнмен қарайды.

Съезде А.Байтұрсынұлынан басқа сөз алған Ғ.Шараф, Алпаровтар әзірбайжан жазуы латын графикасының барлық таңбаларын пайдаланып отырған жоқ, бар-жоғы 47-56% -ын ғана қолданады, ол латын жазуы емес, өзгерген латын жазуы, бұл жазудың ғұмыры қысқа болады дейді. Дегенмен, дауыс беру нәтижесінде 101 дауыс латын графикасына, 7 дауыс араб графикасына, 9 дауыс қалыс қала отырып, латын жазуы қабылданады.

Құрылтай қарарында латын әліпбиін түзуде басты мынадай принциптерді ұстану тапсырылады: орыс графикасының әріптерін алмау, кірме сөздерді үндесім заңына бағындыру, бірдей дыбыстарға әріп алмау, диакритикалық таңба алмау, созылыңқы дауыссыздарды белгілемеу, қосар әріп алмау, жіңішке дауыстыға таңба алмау, морфологиялық принципті *ярпақ-япрақ, торпақ-топрақ* деген сияқты сөздердің әдеби вариантын табу үшін пайдалану, дұрыс айту нормасын қалыптастыру, кірме сөздерді айтылуы бойынша игеру (орыстар буын жазуы бойынша игерген еді, енді айтылуы бойынша игереді) немесе кірме сөздерді түпнұсқа тілдегі айтылуы бойынша алу (*волкан*, вулкан емес, *маскерад*), кірме сөздер үшін әріп алмау (мысалы, орыс тілінде **ғ, һ, ө, ұ** болмағандықтан *Heine – Гейне, Hügo – Гюго* болып жазылады), халықаралық сөздердің соңындағы дауыстыны қысқарту: *вакансия – ваканс, пианино – пианин, фортепиано – фортепиан*, кірме сөздерде **о** әрпі тұрса, [о] дыбысы етіп айту.

Сөйтіп, 1927-1928жж. “Еңбекші қазақ”, “Лениншіл жас”, “Тілші” газеттерінде жаңа латын әліпбиінің жобасы, сол графикамен басылған

тақырыптар жариялана бастайды. Ең алғаш жарияланған латын әліпбиінің жобасында 24 әріп, 1 дәйекше болды (яғни төте жазудың жүйесінен ажырамады). Олар: **a, b, c, d, e, h, g, j, i, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, y, z** және ‘ (Тілші, 17.09.27). Мұндағы **h** - <f>, **y** - <u>-<i> фонемаларын таңбалады. Кейінгі жоба (Лениншіл жас, 30.11.28) <f> - **q**, <ы>,<i> - **ъ** етіп берді. **Z** - таңбасы сызықсыз жазылып, дәйекше ^ - деген таңбасымен ауыстырылады. 1927 жылы (24.04) Мәскеуде өткен қазақстандық студенттердің жалпы жиналысында жасаған баяндамасында Н.Төрөкұлов жазуды ауыстыруға әлі ерте, оған он жыл керек дегенмен, латын жазуына көшу басы ашық мәселе болғаннан кейін, өзінің авторлығымен әліпби жобасын жасайды. Ол Е.Д.Поливанов еңбегінде “Аслат’а” деп аталған.

Н.Төрөкұловтың әліпбиінде 28 әріп, бір дәйекше болды: **a** <a>, **e** <e>, **i** <ы>, <i>, **o** <o>, <ө>, **u** <ү>, <ү>, **p** <п>, **в** <б>, **m** <м>, **f** <ф>, **w** <у>, **t** <т>, **ğ** <ғ>, **d** <д>, **s** <с>, **z** <з>, **с** <ш>, **j** <ж>, **n** <н>, **l** <л>, **r** <р>, **y** <й>, **k** <к>, **g** <г>, **q** <к>, **x** <х>, **h** <h>, **η** <h>, **ə** <ə>, ‘

Әліпбиде <ф>, <х>, <h>, <к>, <ғ>, <к>, <г> дыбыстарының әрпі бар. Ал <ə> фонемасы басқа жұп дауыстылардан бөлек, латын графикасында жоқ таңбамен белгіленеді, яғни 1926ж. құрылтай қаулысына сәйкес емес **ə, ğ, η** таңбаларын жасайды.

Н.Төрөкұловтан кейін Х.Досмұхамедұлы латын графикасын қолдамаса да, қызмет бабының ыңғайымен, саналы түрде жаңа әліпбиге көшуді ұсынып, латын әліпбиінің жобасын құрады. Бірақ науқан түрінде емес, қазір қолданып отырған әліпби мен емлені жетілдіріп, жаңа графикаға біртіндеп өтуді ойластырады. “Қолданбасақ та латын харіфтерін біз де тілімізге үйлестіріп көру керек. Тез арада, әсіресе әкімшілік әдіспен көшіру мәдениет ісі үшін залалды һәм саяси тұрғыдан да байыпты емес” дейді.

Х.Досмұхамедұлы әліпбиінде 14 әріп латын алфавитіне сәйкес алынады да, апостроф (') пен дәйекше ауыстырылады: **a, b, d, e, g, i, j, k, l, m, n, o, o, p, r, s, sh (ш), t, u, y, z, к', h, ch (ш), tsh (ч), f, k, g', n'**. Әліпбиде <ч>, <ф>, <ц>, <ш> сияқты орыс тілі дыбыстарына таңба арналған, <к>, <г>, <h> фонемалары **к', g', n'** арқылы белгіленеді. Бірақ аталған әліпбиде апостроф жіңішкелікті екінші мәрте көрсететін кезі бар: *'k'or – көр*, сондай-ақ басқа функцияда да (**n'<h>**) жұмсалды. Шет тіл дыбыстарына қосар таңба алынды да, бұл I түркітанушылардың құрылтайында қабылданған қаулыға сәйкес келмеді.

4.Жалпы, латын жазуына көшу Орта Азия түркі халықтарында, әсіресе татар халқы мен қазақ даласында бірауыздан қолдау тапқан жоқ. Процесс өте баяу, жай өрбіді. Сондықтан 1928 жылы 18-23 желтоқсан аралығында Қазанда жаңа түркі әліпбиінің бүкілодақтық орталық комитетінің III пленумы шақырылады. Қазақстаннан Асфендияров, О.Жандосов, Нұрмақов, Т.Шонанұлы, Тоғжанов, Т.Рысқұлов сынды білімпаздар қатынасады. Пленумда көтерілген мәселелер негізінен латын әліпбиіне көшу баяулығы, әзірбайжан жазуы қабылданған әліпби негізінде өзге түркі халықтарының әліпбиін бірдейлестіру, жазу тарихындағы сол дәуірді мұрағат ретінде сақтау, бас әріп мәселесі, емле принципі, фонетикалық пен морфологиялық принципті

қатар ұстау деген мәселелер төңірегінде болды. Н.Ф.Яковлев унификацияның графикалық, фонетикалық, орфографиялық түрлері болады. Негізгі бірлестіру фонетикалық болып табылады, ол әр таңбаның ортақ дыбыстық мағынасы бар болу деген сөз деді. О.Жандосов Қазақстан латын жазуына көшуді кешеуілдетіп отырса да, бірлестіру жағынан Әзірбайжаннан алда тұр, бірлестіру негізіне бір жазуды алу деген дұрыс емес, өйткенде әр халық өз жазуының дұрыстығын дәлелдейді. Толық унификация жасау мүмкін емес, дауыссыздарды да бірлестіру керек деді автор [116, 77б.] және Қазақстанда ескі арабшылдардың күні таяды дегенді былай білдірді: “было время, когда казахский крестьянин по поводу любого вопроса, имеющего большое общественное значение, спрашивал, что скажут Букейханов и Байтурсинов. Это два толпа казахского прошлого, казахского национализма, смесь патриархальных предрассудков с буржуазно-националистическими представлениями”.

Сөйтіп, 1929 жылы қазақ жазуының араб әліпбиінен латын графикасына түпкілікті көшкенін хабарлайтын “Жана алфавит туралы қаулы” шықты. Мұндағы әліпбиде 29 әріп болады

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

- 1.Латын жазуы. Көне латын әліпбиінің құрамы қандай?
- 2.Латын жазуындағы ескерткіштерге қандай еңбек жатады?
- 3.Латын жазуының Қазан төңкерісінен кейінгі қолданылуы
- 4.Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің құрамы қандай болды?
- 5.1938 жылы латын әліпбиінің құрамына қандай өзгерістер енгізілді?
- 6.Қазақ жазуы латын графикасына қай жылы ресми түрде көшірілді?
7. Х.Досмұхамедұлының латын әріпі негізіндегі қазақ әліпбиінің жобасы қандай болды?
- 8.Араб жазуынан латын графикасына көшудің себептері қандай?

Тест тапсырмалары:

- 1.Н.И.Ильминскийдің ”Материалы к изучению киргизского наречия” деген кітабы қай жылы жарық көрді?
 - A) 1862 ж.
 - B) 1861 ж.
 - C) 1864 ж.
 - D) 1865 ж.
 - E) 1866 ж.
2. В.В. Радлов өзінің 1870 ж. жарық көрген “Образцы народной литературы тюркских племен южной Сибири и Джунгарии” деген хрестоматиясында шамамен неше таңба қолданды?
 - A) 10
 - B) 11
 - C) 12
 - D) 13
 - E) 14
- 3.Қазақ жазбасын орыс графикасына көшіру қай жылдары қайта көтерілді?

- A) 1976 ж.
- B) 1978 ж.
- C) 1970 ж.
- D) 1979 ж.
- E) 1974 ж.

4. Н.И.Ильминский пайдаланған ”жетілдірілген” орыс графикасының кемшілігін өз кезінде кім көрсетті?

- A) Радлов
- B) Григорьев
- C) Ыбырай
- D) Лавровский
- E) Абай

5. ”Ер Тарғын” жырын алғаш қай графикамен бастырған?

- A) араб
- B) қазақ
- C) орыс
- D) татар
- E) ұйғыр

6. 1973 жылы мына хатты кім жазды ”Халық ағарту министрінің ұсынысы бойынша әскери губернатордың қазақ балалары үшін орыс алфавитімен оқу құранын құрастыруға қату үшін Қазанға жібергелі отырғанын” айтады?

- A) Ильминский
- B) Лавровский
- C) Радлов
- D) Ыбырай
- E) Григорьев

7. Қазіргі таңда қазақ әліпбиін қай графикаға көшпур мәселесі қозғалып отыр?

- A) руникалық
- B) көне ұйғыр
- C) араб
- D) латын
- E) орыс

8. Ыбырай жазған хрестоматия?

- A) ”Қырғыз хрестоматиясы”
- B) ”Қазақ хрестоматиясы”
- C) ”Татар хрестоматиясы”
- D) ”Орыс хрестоматиясы”
- E) ”Ұйғыр хрестоматиясы”

9. Ильминский, Радлов қолданған орыс алфавитінің қосымша енгізген түрі қабылдана ма?

- A) ия
- B) жоқ
- C) белгісіз
- D) соңынан қолданылады

- Е) дұрыс жауап жоқ
10. “Қырғыз хрестоматиясы” қай графикамен шығарылды?
- А) орыс
 - В) қазақ
 - С) қырғыз
 - Д) татар
 - Е) ұйғыр
11. 1979 ж. Ы. Алтынсариннің неше кітабы шығады?
- А) 2
 - В) 3
 - С) 4
 - Д) 5
 - Е) 6
12. Ұйғыр жазуындағы 23 таңба неше әріптің орнына жұмсалады?
- А) 28
 - В) 26
 - С) 27
 - Д) 36
 - Е) 33
13. Көне ұйғыр жазуында неше таңба бар?
- А) 23
 - В) 21
 - С) 20
 - Д) 31
 - Е) 32
14. Көне ұйғыр жазу қалай жазылады?
- А) жоғарыдан төмен қарай
 - В) төменнен жоғары
 - С) солдан оңға қарай
 - Д) оңнан солға қарай
 - Е) дұрыс жауап жоқ
15. Ескерткіштерде күшейтпелі шырай қандай күшейтпелі үстеу арқылы жасалады?
- А) ең
 - В) күшті
 - С) үлкен
 - Д) аса, тым
 - Е) зор

Дәріс №9. Орыс графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі

1. XIX ғ. II жартысындағы орыс графикасына көшу идеясы.
2. XIX ғ. (1940) орыс графикасына көшу.
3. Орыс графикасына негізделген қазақ әліпбиі.

1. Кезінде XIXғ. II жартысында Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин көтерген орыс графикасына көшу идеясы. Ы. Алтынсарин хрестоматиясын осы жазу негізінде бастырғандығы.

В.В. Григорьев, Н.И. Ильминский қазақ жазбасын орыс графикасына көшіруде Ы. Алтынсарин сияқты қазақ интеллигенттерін пайдалануды көздегені. Орыс графикасына көшудегі алғашқы талпыныстар. Қазақ тіліне тән дыбыстарды белгілеу ерекшеліктері.

2.1940 жылы орыс графикасына көшірілу. Алғашқы он жылда алфавитті жетілдіру мәселелері көп қозғалғандығы. 1957 жылы енгізілген өзгерістер.

Орыс графикасына негізделген ең алғашқы қазақ әліпбиі жобасын Н.И.Ильминский жасады. Н.И. Ильминский әліпбиіндегі қазақ тілінің өзіне тән дыбыс дауыстылардың таңбалары мынадай болды: **ә** –<ə>, **ө** –<ө>, **у** –<ү>, **і** –<і>, **ы** –<ы>, **н** –<ң>, **к**–<қ>, **г** –<ғ>. Сөйтіп, зерттеуші он шақты қосымша белгі алғанымен, орыс әліпбиіндегі **е, в, и, ф, ц, х, ч, ш, ь, ь, э, ю, я** таңбаларын (қазақ тілі дыбыстық құрамына тән емес дыбыс таңбаларын) қолданбады. Н.И.Ильминскийдің бұл жазуына кезінде В.В.Григорьев тарапынан арнайы сын айтылған еді. Онда В.В.Григорьев араб жазуы сіз ойлағандай қазақ жазуына келмейді емес дейді: “Но справедливость прежде всего, даже и в отношении к арабской азбуке: зачем обижать ее, а вы, я нахожу, обидели ее, унизив паче меры”. Ғалым басқа әліпбиді алған соң оны не өзгеріссіз қабылдау керек, не сол әліпби таңбаларының шегінде ғана пайдалану керек деген.

В.В.Григорьев қазақ тілінің консонантизм жүйесіне араб графикасының 19 әрпі жеткен еді, ал сөз болып отырған әліпбиде 3 әріпті (**к, ғ, ң**) қолдан жасайды, 2 әріпті (**w, j**) латыннан алады дейді. “Находите вы еще в киргизском языке особое тонкое **а** которое изображаете через **я**. Я полагаю что ваше **а** по тождественности своей с тонким глухим **е**, может быть безо всякого неудобство изображаемо буквою **э**” [95, с.165] деп қате пікір түйеді. Автор **к** әрпімен <қ>, <к> фонемаларын, **г** әрпімен <ғ>, <һ>, <г> фонемаларын белгілеу керек, себебі бұлармен іргелес келген дауысты таңбасы жуан-жіңішке оқылуын айырып тұрады, *жүген, кереге, қаймақ, қол* сөздерін басқаша оқу мүмкін емес деді. **ң** фонемасын **нг** немесе **н** деп бергенді дұрыс көреді және **й** әрпі тұрғанда латыннан **j** таңбасын алып қажеті жоқ екенін, сондай-ақ [иа] тіркесін **я, [йе]-е, [иы]-йы, [йі] (ий), [йо]-йо** деп беруді, сөйтіп **я, ю, ь** әріптерін орыс сөздерін оқығанда оңай болу үшін, және әріп үнемдеу үшін қалдыруды ұсынады. Автор <е> дыбысын негізгі реңкі [je] деп табады.

Оқымысты тарапынан осындай сынға ұшырағанмен Н.Ильминскийдің орыс графикасымен берген қазақ әліпбиінің қазақ тілі дыбыстар жүйесін белгілеуде бірнеше артықшылығы бар. Ғалым түзген графикада **е** графемасы сөз басындағы дифтонг реңкін [je], жіңішке [é] дыбысын және жуан [e]-ні таңбалайды. Және I-буындағы еріндіктен кейін [ө]-ні білдіреді: [түсөр]. Н.Ильминский **ә** әрпі (**ä**) тек араб, парсы және *Бәке, әтеке* сияқты төл сөздерде қолданылатынын айта келіп, тілде жіңішкеру бағытының күшейгенін ескертеді. Ғалым <а>, <о>, <ү>- дан кейін <ə>, <е>, <і> келсе, алдыңғылары велярланады

дейді: [сөјерде], [сөідеіді], [бүйтеді]. Сондай-ақ <й> дыбысының да сөзді жіңішкертетін қасиетін көрсетеді: *бүүжум, біідаі, бүйда, оіләды, баілік*.

Сонда автор әліпбиіндегі дауыстылардың әріп-дыбыс қатынасы төмендегідей: *а* [a] [ə], *е* [э] *бер*, [é] *неге*, [ə] *төсек*, [je] *егер*; *о* [o], [yo], [ə] *сойдеді*; *ы* [ы], [i]; *у* [ұ], [ү]; *а*[ə], *і*[i], *ө*[ə].

Ал дауыссыздар таңбасы мынадай болды: *п, б, м, w (у), т, д, н, ж, з, ш, с, р, л, j (й), қ (к), г (з), к, г, нь (ң)*. Н.И. Ильминский <қ>, <ғ> дауыссызы басқа дауыссыздарға қарағанда ерекшеленетіндіктен жеке-жеке әріп арнадық дейді, сондай-ақ <ж>, <ш> фонемалары жіңішке тілалды ғана болып айтылатынын ескертеді. Сонымен бірге ғалым ЖТ-да мынадай морфонологиялық алмасулардың таңбаланатынын көрсетеді: <б>-<у> (*табыб-тауыб*), <м>-<н> (*Махамбет, ғмбет*), <н>-<д> (*кімді*), <д>-<н> және 0 (*кімнен; мен(д)ен-менен*). Ал сөз басындағы *л, р* әріптерінің алдына әнтек естілсе де *ы, і* қысандарын жазу дұрыстығын оларға күшейткіш буын *лап-лас, рап-рас* деп емес, *ып-рас, ып-лас* болып жалғанатынына негіздейді.

В.В.Радлов та өзінің 1870ж. жарық көрген “Образцы народной литературы тюркских племен Южной Сибири и Джунгарии” деген хрестоматиялық материалдарын орыс графикасымен жазғаны мәлім. Мұнда байқалатын өзгелешік [и] дыбысы бірде *і*, бірде *ј* белгісімен, <ғ>-*ны қ* таңбасымен, [дж] дыбыс тіркесін – *п* әрпімен және <л> фонемасын латын графикасындағы *l*-мен берілуі болып табылады.

З.Б.Әбілқасымов архив деректері Н.И.Ильминский мен В.В.Радловтың қазақ тіліне икемдеп жасаған әліпбилері Ресей университеті оқымыстылары тарапынан қолдау көрмегенін, орыс алфавиті өзгертусіз қолдануы керек деген ұсыныстар басым болғанын көрсетті дейді. Оған мына дәлелдер келтірілген дейді автор: 1) тілдің барлық оттенкісін бере алатын дүние жүзінде бір де бір жетілген алфавит жоқ, бірақ одан тілге келген қиындық байқалмайды; 2) араб әліппесі түркі халықтарының дыбыстық құрылысына үйлеспесе де, осы алфавитпен олар осы кезге дейін пайдаланып келді; 3) европа тілдері үшін пайдалануға толық икемді орыс әліппесі араб алфавитіне қарағанда, осы күйінде де қазақ тіліне әбден жарайды.

Бірақ В.В.Радловтың Қазан университеті жанындағы археология, тарих этнография қоғамының мәжілісінде жасаған баяндамасынан кейін орыс алфавитін сол қалпында түркі жұртының жазуына қолдануға болмайды деген пікір қалыптасқанын көреміз.

Ы.Алтынсаринның “Қырғыз хрестоматиясының” 2-басылымында орыс алфавитінің және латын графикасының мынадай таңбалары пайдаланылған: *ä* <ə>, *ÿ* <ү>, *ö* <ө>, *н* <ң>, *к* <қ>, *у* <ұ>, *и* <і>және (*ій*), *й*<й>, *г*<ғ>, *і*<і>, *у* <үу>, *уу* <ұу> [98]. Мұндағы *г*-<ғ>, <г>, *к*-<қ>, <к> таңбалары төрт дыбысты берсе, керісінше <і> фонемасы *і* және *и* екі графемасымен де белгіленді (*кйииз, тййме, адилдик*), кейде *и* <е>ні де берді. *У әрпі* [үу] қосарын таңбаласа да (*тоқу, саусқан, шоқу*), *уу* тіркесі де пайдаланылды (*ашуума*). Сондай-ақ [е]-мен қатар келген [w] *ÿ* –мен <ү> белгіленді (*бесеÿм, біреÿ*). Сонда Ы.Алтынсарин әліпбиінде <і>-<й>, <у>-<ү> фонемалары жеткілікті дифференциацияланып, графикалана алмағанын көреміз. Хрестоматияда ерін үндестігі жүйелі

таңбаланып отырады: *болду, оку, окуулук, току, күннөн-күнгө, дүнийө, көңүлгө, өнөр, бүйрөгүмө, үйдөгүмө*. I-буындағы екі ашық езулік буын арасында қысаң езуліктер жүйелі түсіріліп отырады: *тлек, кобланды, даншпан, ыклас, мнау, домбра, пскенде, брак, бреу, киі, ксі*; сөз аяғында **б** қолданылады: *талаб, көб*.

Соңғы орфографиялық ерекшеліктерге қатысты ДУГ-нде қысандарды түсірмеу, **ұу, ій** орнына бір таңба жазу ұсынылады (ДУГ. 1899. №22, 23). Сөзді жіңішкерту үшін кей жерде **ь** таңбасы да жазылған (*ел-эль*).

“Ы.Алтынсариннің шәкірті А.Балғымбаевтың естеліктеріне қарағанда, ресми түрде орыстан өзге халықтар жазуын орыс графикасына көшіру туралы заң (положения) 1906 жылы 31 мартта шыққан тәрізді. Соның өзінде оған қарсы шығушылардың пікірінен қорыққан орыс әкімшілік орындары осы мәселеге арнап, 1910 жылы июньде Петербургта әдейі кеңес шақырады. Жергілікті халықтан уәкілдер қатысқан бұл кеңесте жоғарыдағы Положенияның көп жеріне өзгерістер енгізіліп, орыс жазуы тек ресми документтер мен оқулық кітаптарға ғана қолданылатын болсын деген шешімге келеді”[97] дейді проф. Б.Әбілқасымов. Революцияға дейін жарық көрген қазақ тілі сөздіктерінің графикасы мен емлесін зерттеген М.Малбақов 1912ж. “Орысша-қазақша сөздік”, 1917ж. Т.Бокиннің “Қазақша-орысша сөздігі”, Клапорт сөздігінде, Е.Бокиннің “Орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігінде” орыс графикасының әліпбиі мен емлесі сақталып жазылғанын айтады. Ендеше ОГнҚЖ ресми ісқағаздар стилінің тұрпат межесін таңбалады дейміз.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

- 1.Орыс графикасына көшу туралы алғашқы идеялар (XIX ғ.ІІ жартысында)
- 2.«Қазақ жазуын латыннан орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиіне көшіру туралы заңы» жөнінде не білесіз?
- 3.Орыс графикасына негізделген қазақ әліпбиінің құрамы қандай болды?
- 4.Орыс графикасына лайық қазақ әліпбиін қабылдаудың негізгі принциптері қандай?
- 5.Қазіргі тіл білімінде әліпби мәселелері туралы қандай көзқарас, пікірлер бар?

Тест тапсырмалары:

- 1.Әріп немесе таңба дегеніміз не?
 - А) қолдан жасалған шартты, жасанды нәрсе
 - В) тұрақты табиғи нәрсе
 - С) дұрыс жауап жоқ
 - Д) барлық жауап дұрыс
 - Е) жазудың ең негізгі түбірі
- 2.Қай ескерткіштер сөзінде сөз басында және сөз ортасында дауысты дыбыстар өте сирек кездеседі?
 - А) Орхон, Енисей, Талас
 - В) Енисей
 - С) Орхон, Талас
 - Д) дұрыс жауап жоқ
 - Е) Орхон жазуларында
- 3.Сөз мағынасын ажыратуда көне түркі жазуындағы қандай дыбыстар үлкен рөл атқарады?

- A) дауыссыз
- B) дауысты
- C) үнді
- D) қатаң
- E) ызың және үнді

4.Лексика дегеніміз не?

- A) белгілі бір тілдің бүкіл сөзінің жиынтығы
- B) тілдегі сөз мағынасын және оның түрлерін қарастырады
- C) тілдегі сол алуан сөздердің тұрақтанған тіркестері
- D) дұрыс жауап жоқ
- E) сөздердің шығу төркінін зерттейді

5.Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі көнерген сөзді көрсет?

- A) айағ-құрмет
- B) иат-жат
- C) барқ-жай, сарай
- D) йазұқ-жазық
- E) йабыз-жауыз

6.Көне түркі ескерткіштерінде сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді бөліп тұратын бір ақ белгі бар. Ол қандай белгі?

- A) қос нүкте
- B) үтір
- C) сызықша немесе тере
- D) леп белгі
- E) нүкте

7.Манихей алфавиті қай тайпаның кең тараған жазуы?

- A) түркі
- B) монғол
- C) қыпшақ
- D) сақ
- E) оғыз

8.Орхон-Енисей ескерткішін жазып, қолданған кезең нешінші ғасырларды қамтиды?

- A) V-VIII ғ
- B) VIII-IX ғ
- C) IX-X ғ
- D) VIII-XIII ғ
- E) XII-XIX ғ

9.Орхон-Енисей ескерткіштерін зерттеу неше дәуірге бөлінеді?

- A) 3
- B) 2
- C) 4
- D) 5
- E) 6

10.Ұйғыр жазуы нешінші ғасырда пайда болды?

- A) VIII ғ

- B) IX ғ
- C) XII ғ
- D) XIII ғ
- E) XV ғ

11. Әріп жазуы қашан пайда болды?

- A) б.з.д. 1 мың жылдықта
- B) б.з.б. 1 мың жылдықта
- C) XI ғ
- D) б.з.д. 2 мың жылдықта
- E) XII ғ

12. ”Якуттардың тілі туралы” деген еңбектің авторы кім?

- A) О. Н. Бетлингк
- B) Н.А. Баскаков
- C) И.Н Березин
- D) В.В Радлов
- E) В. П. Васильев

13. ”Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы” еңбегінің авторы

- A) А. Радлов
- B) В.М Насилов
- C) Н.Ф. Катанов
- D) Е. Малов
- E) П.М. Милиоранский

14. 1957 ж. жарияланған ”Жер астына саяхат” деген ғылыми-фантастикалық еңбек кімдікі?

- A) А.Ж. Машанов
- B) В.В. Радлов
- C) Н.А. Баскаков
- D) И.Н. Березин
- E) Н.Ф. Катанов

15. В.М Насиловтің ”Ұйғыр тілі грамматикасы ”деген еңбегі қай жылы, қай қалада жарық көрді?

- A) 1940 жылы Москвада
- B) 1941 жылы Петербургте
- C) 1942 жылы Қазанда
- D) 1943 жылы Уфада
- E) 1939 жылы Ташкентте

Дәріс 10. Көне түркі жазуындағы кейбір дыбыстардың таңбалану жүйесі

1. Көне түркі жазуындағы дауысты дыбыстардың таңбалануы

2. Көне түркі жазуындағы дауыссыз дыбыстардың таңбалануы

3. Көне түркі жазуындағы кейбір дыбыстардың таңбалануындағы ерекшеліктер

1. Проф. Б.Сағындықұлы көне түркі тілдеріндегі алғашқы дауысты фонема ретінде **а**-ны атайды. Сонда жиі дыбысталатын фонеманың таңбасын

үнемдеу арқылы жазу экономиясы жасалған дейміз. Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздің алдынан түсірілген дауыстыны қателесіп қалпына келтіреміз дейтін қауіптің КТЖ-ны оқушылар үшін болмайтын себебі түркі тілінің дыбыстық ерекшелігін, лексикасын білуге байланысты. Айталық, *брзун* (*барзун*) - *барсын*, *мңа* (*маңа*) – *маған*, *мн* (*мен*) – *мен* сөздері “түсірілген” **а, е** әріптерінен басталмайтынын тілді тұтынушы да, жазуды дыбыстық тілге кодтаушы да білуі тиіс.

Проф. А.Аманжолов дауыстылар жүйесінің сақтала бермегені жергілікті фонетиканы білдіре ме, әлде емле тұрақсыздығын бере ме деп, *äl/il, jati/jiti* параллельдерін көрсеткен. Сонда, біздің ойымызша, **ы-и (і)** сына дауыстысының ашық езуліктен (**а-ә, е, э**) толық ажырай қоймағанын, кейде онымен жұп құрайтынын көреміз. Оған қазіргі түркі тілдері тұрғысынан алсақ, түбірдегі жуан, жіңішке, ашық езулікке қосымша жалғағанда қысаң езуліктер сәйкесетіні дәлел. М.Томанов ұйғыр тіліндегі **ә** дыбысы бар сөзге аффикс жалғанғанда **ә-е**, көпбуынды сөздердің соңғы буынында **и**-ге айналатынын (*бал-белким, кәлимиң*), **е** дауыстысы көне түркілік **а** дауыстысының көрінісі екенін, **а** фонемасы **ә, е, и**-ға сәйкескенін айтады.

Енді КТЖ-дағы еріндік графемалардың (**о-у, ө-ү**) таңбалануын және ерін үндестігінің берілуі туралы. КТЖ-да $\langle \frac{o}{y} \rangle$ гиперфонемасы бір таңбамен, $\langle \frac{o}{y} \rangle$ бір таңбамен бірілген. Еріндік дауыстылардың графемасы жуан-жіңішкелікпен айрылған. Сонда *өд* (*уақыт*), *үч* (*үш*), *күн* сөздерін [ү], [ө] дыбысы арқылы да оқуға болады. КТЖ-на қатысты зерттеулерде және КТЖ-ның оқылуына қатысты еңбектерде бұл графема қандай белгіге сүйеніп **<ө>** не **<ү>** болып оқылатыны айтылмайды. Дегенмен, мынадай ерекшелікті байқауға болады. Ескерткіштерде **ө-ү, о-у** графемасы **<о>**, **<ө>** фонемасының орнына жұмсалған да сөз басында және I буында ғана жазылған, ал **<у>**, **<ү>** фонемаларын бергенде сөздің барлық позициясында кездескен. Мысалы, *чөлг* (*шөлдiк*), *күнтүз* (*күндiз*), *iлгерү* (*iлгерү*), *йағру*.

Сонда I буындағы **<ө>**, **<о>** фонемаларының кейінгі буынды еріндікке айналдыра алмауының, ал **<ү>**, **<у>** фонемаларынан кейінгі буында да **<ү>**, **<у>** сәйкесетінін қалай түсіндіруге болады? Жалпы, КТЖ зерттеушілердің барлығы жазбаларда тіл үндестігі жаппай сақталатынын, тіпті жуан езулік пен жуан еріндік қатар келе беретінін (*алтун, азуқы*), ал ерін үндестігінің ауытқуы көп екенін мақұлдайды (*көңүл-көңл, отүз-отз* т.б.). Еріндік күші де қазіргі еріндік фонемаларының сапасына тең. Мысалы, Ғ.Айдаров КТЖ-нда **<о>** кейінгі буында **<а>** **<у>**-ға сәйкесе, **<ө>** - **<ү>** - ге, **<е>**-ге сәйкесетінін көрсеткен, яғни еріндік сапасының күштілігі **ө→ү→о→ү** қатынасында. В.Томсен: “это буквенная письменность, в которой те или иные з на ки для одного звука чередуются в зависимости от того, какой знак за ним следует или стоит впереди” деген. И.Н.Кобешавидзе: “Рунический алфавит замечателен тем, что он в большой мере отражает систему дифференциальных признаков фонем, нежели самых фонетических единиц” дей отырып, морфонологиялық негізге құрылған деп анықтайды. Сонда **<о>**-дан басқа еріндіктердің өзінен кейінгі дауыстыларды да өзіне ұқсатып алатынын жүйелі түрде

таңбаламағанына қарап, КТЖ диалектілік ерекшеліктерді де, фонетикалық алмасуды да таңбалап отырған фонетикалық жазу болды ма деген ойға қаламыз.

2.90-жылдардың ортасында В.Г.Гузев В.Томсеннің екіойлы болғанына қарап, КТЖ буын жазуы деген шешімге келген. Себебі графика түркілердің төл жаңалығы болса, олар дауыстылар үндестігін беру керек еді, ал басқа елдің графикасынан алынды десек, <й>-дің жуан-жіңішке варианты (комбинаторлық түрі) таңбаланып тұр дей отырып, дауыссыз таңбасы дауысты-дауыссыз тіркесін береді. Оған себеп *к* фонемасының [ак], [эк/ек], [ок/ук], [өк/үк], [ук] деген буындарды таңбалайтыны дейді. Және қосар әріптердің *ант, алт, арт* сөздерін беретінін айтты. Ғалымдар КТЖ-ны әріп, не буын арқылы оқуға келмейтінін, сөзді тұтас “көре отырып”, мазмұны арқылы түркі үндесіміне салып оқу керектігін айтады. Және көп жағдайда дауыстыларды белгілеу хабарды таңбалаушы мен оны ДТ-ға кодтаушы екі жақтың аялық білімі бір деңгейде, ситуация туралы екі жақ та хабардар болуына байланысты болған.

3.Әрі адресат түркі диалектісінің көптігінен дауыстылардың жергілікті ерекшелікке байланысты түрленімін осы тәсілмен шешкен дейміз. Осы орайда академик Ә.Қайдардың мына сөзі еске түседі: “Сол кездегі мемлекет құрамында болған тайпалардың (түркі, қарлұқ, түргеш, қырғыз, оғұз, тардұш, татабы, шұп, кенгерес, соғды, тоғұз-оғұз, оноқ) тілі өзгермей, бір орында тұрмауы, әр кезде ру-тайпа аймағында жазылған бұл ескерткіштер тілін жалпы, алып қарасақ, ол әлі бір тұтас болып, қалыптаса қоймаған түркі ұлыстары мен тайпа бірлестіктерінің өзара айырмашылығы бар тіл еді, жергілікті ерекшеліктер сақталған тіл еді, аударған ғалымның өз тұсынан қосып алғандары да аз емес еді”.

Сөйтіп, КТЖ көне түркі тілдерінің фонетикалық және фонологиялық белгілерін анықтап алуға мүмкіндік береді.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

- 1.Көне түркі әліпбиінде қанша таңба бар?
2. Көне түркі әліпбиінің ерекшеліктері қандай?
- 3.Руникалық әліпбиде дауысты таңбалар неше әріппен таңбаланады?
- 4.Дауыссыз дыбыстардың таңбалануында қандай ерекшеліктер бар?
- 5.Әлемдік тіл білімінде көне түрік әліпбиі туралы қандай көзқарас, пікірлер бар?

Тест тапсырмалары:

- 1.”Ұйғыр жазуы” деп аталатын әріптік жазу қай ғасырда пайда болды?
 - A) VIIIғ
 - B) VIIғ
 - C) Vғ
 - D) IVғ
 - E) IXғ
- 2.”Құдатғу біліктің” ұйғыр қол жазбасын толық күйінде А. Вамбери қай жылы бастырып шығарды?
 - A) 1870жылы

- B) 1871жылы
- C) 1872жылы
- D) 1873жылы
- E) 1874жылы

3. "Құдатғу біліктің" ұйғыр қол жазбасының толық күйінде В.В. Радлов қай жылдары басып шығарды?

- A) 1890-1910
- B) 1891-1908
- C) 1892-1908
- D) 1892-1910
- E) 1893-1910

4. "Хамса" шығармасының авторы?

- A) Ә. Науаи
- B) М. Қашқари
- C) Ж. Баласағұн
- D) А. Игунеки
- E) А. Яссауи

5. Әбдікәрім Хасеновтің мақаласын көрсет.

- A) "Есік жазуының сыры"
- B) "Таяқшадағы жазу сыры"
- C) "Жетісу жазулары"
- D) "Есік жазуы-қиял арқауы"
- E) "Енисей жазулары"

6. М. Қашқаридың "Диван лұғат-ат түрік" атты түркі тілдері саласындағы арабша жазылған тарихи-салыстырмалы сөздік-зерттеуі қай ғасырдың мұрасы?

- A) XI ғ.
- B) X ғ.
- C) XII ғ.
- D) VIII- IX ғ.
- E) VII ғ.

7. Ж. Баласағұнның "Құдатғу білік" атты өнегелік насихат дастаны Герат қаласында қай жылы көшірілді?

- A) 1439ж.
- B) 1539ж.
- C) 1429ж.
- D) 1436ж.
- E) 1432ж.

8. А.М. Щербак (1961ж) ертедегі Шығыс Түркістан түркілерінің тілін нешеге бөлді?

- A) 2
- B) 4
- C) 3
- D) 5
- E) 6

9. Латын графикасына негізделген қазақ алфавитінің құрамында қанша әріп бар?
- A) 29 әріп
 - B) 24 әріп
 - C) 20 әріп
 - D) 31 әріп
 - E) 42 әріп
10. Монғолиядағы Бис өзенінің бойынан табылған көне түркі ескерткіштері қай жылға жатады?
- A) 1976 ж
 - B) 1972 ж
 - C) 1979 ж
 - D) 1973 ж
 - E) 1974 ж
11. Түркі ескерткіштері тілдік айырым белгілеріне қарай неше топқа бөлінеді?
- A) 3
 - B) 6
 - C) 8
 - D) 5
 - E) 4
12. Құтылығ қаған ескерткішін тауып қайтқан кімнің экспедициясы?
- A) Н.Н. Ядренцев
 - B) С.Б. Киселев
 - C) В.В. Бартольд
 - D) Г.М. Рамстед
 - E) М. Рясянен
13. Білге қаған ескерткіші қай жылы табылды?
- A) 1891 ж.
 - B) 1909 ж.
 - C) 1970 ж.
 - D) 1887 ж.
 - E) 1889 ж.
14. Құтылығ қаған ескерткіші қай жылы қайдан табылды?
- A) 1909 ж. Селенгі өзені бойынан
 - B) 1891 ж. Онгин өзені
 - C) 1970 ж. Саян таулары
 - D) 1881 ж. Орхон өзені
 - E) 1771 ж. Талас өзені
15. Білге қағанының өмір сүрген жылдары?
- A) 685-744 ж.
 - B) 672-745 ж.
 - C) 683-734 ж.
 - D) 689-782 ж.
 - E) 690-792 ж.

Дәріс №11. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының ерекшеліктері

1. Араб жазуындағы дауысты дыбыстардың таңбалануы
2. Араб жазуындағы дауыссыз дыбыстардың таңбалануы
3. Араб жазуындағы кейбір дыбыстардың таңбалануындағы ерекшеліктер

1. АГнҚЖ-ның қадим жүйесінде 34 таңба болды. Оның 28-і араб әліпбиіне сәйкес, 4-і парсы әліпбиінен алынған, 1-түркі, 1 таңба ауған жазуының әрпі болып табылды. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жүйесі араб жазуында 3 таңбамен берілді.

Араб жазуында мәтін әріп не буын арқылы емес, сөзді тұтас көре отырып, мағынасына қарай дауыстыларды қалпына келтіріп оқитын логикалық әдіске негізделді. Сондықтан алғашқы буындағы дауыстылардың редукциялануы, әсіресе қысаң езуліктердің фонемалық мәнге ие болмағанда таңбаланбауы тұрақты нормаға айналды.

А.Байтұрсынұлының әліпбиі ресми түрде тек 1924ж. қабылданғанымен, бұл графиканы 1913ж. Стамбулда өткен кеңесте түрік, араб, иран жазуының бәрі үлгі етуге пәтуаласқанмен, Қ.Жұбанов: “Мұнан бас тартып латын алфавитін қабылдауымызға ұйтқы болған Қазақстан емес, Бүкілодақтық орталық жаңа Алфавит комитеті Ғылми кеңесінің қысымы... Бұл жүйе қазақ тілінің ерекшелігіне әбден лайықты (тегінде жалғыз қазаққа ғана тән деп қарауға болмайды), қазіргі алған жаңа әліпбиімізге де өте қолайлы, өйткені араб жазуын таңбалау табиғатына мұның еш қатысы жоқ және дәл сондай-ақ алфавит біткенге бірдей үйлесімді” дегенмен [110, 22б.], бәрінен бұрын профессор Е.Д.Поливановтың: “Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году, я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным правом могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы, как крупным культурным завоеванием” деген А.Байтұрсынұлы әліпбиіне берген бағасына қарамастан, 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен түркітанушылардың съезінен кейін 6 наурызда қазақ жазуын латын графикасына көшіруді қолға алу тапсырылады.

Осы орайда қазақ тілінің түпкілікті жазуы болады деген төте жазуды латын жазуына ауыстыруға түрткі болған I-бүкілодақтық түркітанушылар құрылтайының жұмысы туралы айта кетудің жөні бар. Өйткені съезд барша түркі халқының 600-ден астам зиялылары, Юдахин, Н.Ф.Яковлев, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, Н.И.Ашмарин, Л.В.Щерба сынды Ресей ғалымдары, А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Н.Төреқұлов, Т.Шонанұлы, Б.Сүлейұлы тәрізді қазақ білімпаздары бас қосқан, түркі халықтарының тілі мен жазуын жаңа белеске көтерген аса ірі тарихи оқиға болып саналады.

Съезде емле, жазу мәселелері бойынша Л.В.Щерба, Н.Ф.Яковлев, Жирков, Ғ.Шараф, А.Байтұрсынұлы, Н.Төреқұлов, Е.Омаровтар баяндама жасайды. Түркі тілдерінің ішінде латын жазуына көшуді бірінші болып

әзірбайжандар көтергені белгілі. Оның себебін Н.Ф.Яковлев былай деп көрсетеді: мұнда қалалық әзірбайжан – 13% болса, халық сауаттылығы 1% ғана болды, бұл татар халқымен салыстырғанда 25% төмен. Ал қалалық татар халқы 4% еді. Сондай-ақ ғалым жазу дінмен терең байланыста, діні күшті халық жаңа жазуды алмауға тырысады деді. Бұл Е.Д.Поливановтың жазуын реформаламаған халық жаңа графикаға әуес келеді, оңай ауысады, ал жазуын жөндеп отырған тіл өзге графиканы құп көрмейді деген сөзімен үндесіп жатты.

Н.Ф.Яковлев, Жирков сынды ғалымдар араб жазуы функциясының кемігендігін, жаңа тілдерді жаулап алу бағытынан тайғанын сондықтан жаңа прогресс, техника үшін латын жазуының қолайлылығын айтса, Л.В.Щерба әр халық өз тұрғысынан шешуі, жөн деп, бейтарап позиция ұстады. Араб жазуын жақтаушы Ғ.Шараф Н.Ф.Яковлев пен Жирков латын графикасын дәріптегенмен, түпкі ойы басқа, олар орыс алфавиті де латын жазуынан кем емес деген мазмұндағы мақалаларын жариялап жүр дейді.

Жалпы, съезде шығып сөйлегендердің дені латын жазуының техникалық артықшылығы (қолдың ыңғайы, көздің көруі, техникалық жағы, бас әрібі), араб жазуының кемшілігі (реформаланған араб әліпбиінің түпнұсқадан ауытқуы, оңнан солға қарай жазылуы, баспа қиындығы, әріптердің танылмауы, бас әріптің жоқтығы) туралы сөз етеді. Араб графикасын жақтағандарға (әсіресе, А.Байтұрсынұлына) психологиялық шабуыл жиі жасалады (отырғандар күліп, даурығып, кекетіп, тыңдамауға тырысады), латын графикасын жақтағандарды қолпаштап, ұзақ қол шапалақтап отырады. А.Байтұрсынұлы төл жазудың жетілмей қалғанына басқа халықтың жауап беруі дұрыс емес, әр халық жазуының өз жолы мен деңгейі бар дейді. Орыс графикасын пайдаланып келе жатқан халықтардың латынға көшу себебіне күмәнмен қарайды.

Съезде А.Байтұрсынұлынан басқа сөз алған Ғ.Шараф, Алпаровтар әзірбайжан жазуы латын графикасының барлық таңбаларын пайдаланып отырған жоқ, бар-жоғы 47-56% -ын ғана қолданады, ол латын жазуы емес, өзгерген латын жазуы, бұл жазудың ғұмыры қысқа болады дейді. Дегенмен, дауыс беру нәтижесінде 101 дауыс латын графикасына, 7 дауыс араб графикасына, 9 дауыс қалыс қала отырып, латын жазуы қабылданады.

Құрылтай қарарында латын әліпбиін түзуде басты мынадай принциптерді ұстану тапсырылады: орыс графикасының әріптерін алмау, кірме сөздерді үндесім заңына бағындыру, бірдей дыбыстарға әріп алмау, диакритикалық таңба алмау, созылыңқы дауыссыздарды белгілемеу, қосар әріп алмау, жіңішке дауыстыға таңба алмау, морфологиялық принципті *ярпақ-япрақ, торпақ-топрақ* деген сияқты сөздердің әдеби вариантын табу үшін пайдалану, дұрыс айту нормасын қалыптастыру, кірме сөздерді айтылуы бойынша игеру (орыстар буын жазуы бойынша игерген еді, енді айтылуы бойынша игереді) немесе кірме сөздерді түпнұсқа тілдегі айтылуы бойынша алу (*волкан*, вулкан емес, *маскерад*), кірме сөздер үшін әріп алмау (мысалы, орыс тілінде **ғ, һ, ө, ұ** болмағандықтан *Heine – Гейне, Нүго – Гюго* болып жазылады), халықаралық сөздердің соңындағы дауыстыны қысқарту: *вакансия – ваканс, пианино –*

пианино, фортепиано – фортепиано, кірме сөздерде о әрпі тұрса, [о] дыбысы етіп айту.

2.Сөйтіп, 1927-1928жж. “Еңбекші қазақ”, “Лениншіл жас”, “Тілші” газеттерінде жаңа латын әліпбиінің жобасы, сол графикамен басылған тақырыптар жариялана бастайды. Ең алғаш жарияланған латын әліпбиінің жобасында 24 әріп, 1 дәйекше болды (яғни төте жазудың жүйесінен ажырамады). Олар: **a, b, c, d, e, h, g, j, i, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, y, z** және ‘ (Тілші, 17.09.27). Мұндағы **h** - <ф>, **y** - <u>-<i> фонемаларын таңбалады. Кейінгі жоба (Лениншіл жас, 30.11.28) <ф> - **q**, <ы>, <i> - **ъ** етіп берді. **Z** - таңбасы сызықсыз жазылып, дәйекше ^ - деген таңбасымен ауыстырылады. 1927 жылы (24.04) Мәскеуде өткен қазақстандық студенттердің жалпы жиналысында жасаған баяндамасында Н.Төрөкұлов жазуды ауыстыруға әлі ерте, оған он жыл керек дегенмен, латын жазуына көшу басы ашық мәселе болғаннан кейін, өзінің авторлығымен әліпби жобасын жасайды. Ол Е.Д.Поливанов еңбегінде “Аслат’а” деп аталған.

Н.Төрөкұловтың әліпбиінде 28 әріп, бір дәйекше болды: **a <a>, e <e>, i <ы>, <i>, o <o>, <ө>, u <ұ>, <ү>, p <п>, в <б>, m <м>, f <ф>, w <у>, t <т>, ğ <ғ>, d <д>, s <с>, z <з>, c <ш>, j <ж>, n <н>, l <л>, r <р>, y <й>, k <к>, g <г>, q <қ>, x <х>, h <һ>, ъ <ә>, ‘**

Әліпбиде <ф>, <х>, <һ>, <қ>, <ғ>, <к>, <г> дыбыстарының әрпі бар. Ал <ә> фонемасы басқа жұп дауыстылардан бөлек, латын графикасында жоқ таңбамен белгіленеді, яғни 1926ж. құрылтай қаулысына сәйкес емес **ә, ğ, ъ** таңбаларын жасайды.

Н.Төрөкұловтан кейін Х.Досмұхамедұлы латын графикасын қолдамаса да, қызмет бабының ыңғайымен, саналы түрде жаңа әліпбиге көшуді ұсынып, латын әліпбиінің жобасын құрады. Бірақ науқан түрінде емес, қазір қолданып отырған әліпби мен емлені жетілдіріп, жаңа графикаға біртіндеп өтуді ойластырады. “Қолданбасақ та латын харіфтерін біз де тілімізге үйлестіріп көру керек. Тез арада, әсіресе әкімшілік әдіспен көшіру мәдениет ісі үшін залалды һәм саяси тұрғыдан да байыпты емес” дейді.

Х.Досмұхамедұлы әліпбиінде 14 әріп латын алфавитіне сәйкес алынады да, апостроф (') пен дәйекше ауыстырылады: **a, b, d, e, g, i, j, k, l, m, n, o, p, r, s, sh (ш), t, u, y, z, к', h, ch (щ), tsh (ч), f, k, g', n'**. Әліпбиде <ч>, <ф>, <ц>, <щ> сияқты орыс тілі дыбыстарына таңба арналған, <к>, <г>, <н> фонемалары **к', g', n'** арқылы белгіленеді. Бірақ аталған әліпбиде апостроф жіңішкелікті екінші мәрте көрсететін кезі бар: *'k'ør – көр*, сондай-ақ басқа функцияда да (**n'<н>**) жұмсалды. Шет тіл дыбыстарына қосар таңба алынды да, бұл I түркітанушылардың құрылтайында қабылданған қаулыға сәйкес келмеді.

3.Жалпы, латын жазуына көшу Орта Азия түркі халықтарында, әсіресе татар халқы мен қазақ даласында бірауыздан қолдау тапқан жоқ. Процесс өте баяу, жай өрбіді. Сондықтан 1928 жылы 18-23 желтоқсан аралығында Қазанда жаңа түркі әліпбиінің бүкілодақтық орталық комитетінің III пленумы шақырылады. Қазақстаннан Асфендияров, О.Жандосов, Нұрмақов, Т.Шонанұлы, Тоғжанов, Т.Рысқұлов сынды білімпаздар қатынасады.

Пленумда көтерілген мәселелер негізінен латын әліпбиіне көшу баяулығы, әзірбайжан жазуы қабылданған әліпби негізінде өзге түркі халықтарының әліпбиін бірдейлестіру, жазу тарихындағы сол дәуірді мұрағат ретінде сақтау, бас әріп мәселесі, емле принципі, фонетикалық пен морфологиялық принципті қатар ұстау деген мәселелер төңірегінде болды. Н.Ф.Яковлев унификацияның графикалық, фонетикалық, орфографиялық түрлері болады. Негізгі бірлестіру фонетикалық болып табылады, ол әр таңбаның ортақ дыбыстық мағынасы бар болу деген сөз деді. О.Жандосов Қазақстан латын жазуына көшуді кешеуілдетіп отырса да, бірлестіру жағынан Әзірбайжаннан алда тұр, бірлестіру негізіне бір жазуды алу деген дұрыс емес, өйткенде әр халық өз жазуының дұрыстығын дәлелдейді. Толық унификация жасау мүмкін емес, дауыссыздарды да бірлестіру керек деді автор және Қазақстанда ескі арабшылдардың күні таяды дегенді былай білдірді: “было время, когда казахский крестьянин по поводу любого вопроса, имеющего большое общественное значение, спрашивал, что скажут Букейханов и Байтурсынов. Это два толпа казахского прошлого, казахского национализма, смесь патриархальных предрассудков с буржуазно-националистическими представлениями”.

Сөйтіп, 1929 жылы қазақ жазуының араб әліпбиінен латын графикасына түпкілікті көшкенін хабарлайтын “Жаңа алфавит туралы қаулы” шықты. Мұндағы әліпбиде 29 әріп болады

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

1. Араб жазуына негізделген қазақ әліпбиінде қанша таңба бар?
2. Араб әліпбиінің ерекшеліктері қандай?
3. Араб әліпбиінде дауысты таңбалар неше әріппен таңбаланады?
4. Дауыссыз дыбыстардың таңбалануында қандай ерекшеліктер бар?
5. Араб жазуына негізделген қазақ әліпбиі туралы қандай көзқарас, пікірлер бар?

Тест тапсырмалары:

1. Шығыстану институты қашан ашылды?
 - A) 1989 ж.
 - B) 1991 ж.
 - C) 1990 ж.
 - D) 1993 ж.
 - E) 1992 ж.
2. 1912 ж. Монғолия жерінен табылған ескерткіш қалай аталды?
 - A) Тоныкөк
 - B) Мойын-чор
 - C) Құтылығ
 - D) Күллі-чор
 - E) Күлтегін
3. Күллі -Чор ескерткішін тапқан кім?
 - A) В.Я. Котвич
 - B) Г.И. Рамстед

- С) Д.Клеменц
- Д) В.В. Бартольд
- Е) С.В.Киселев

4.Селенгі өзені бойынан табылған Мойын-Чор ескерткішін қай жылы, кім тапты?

- А) 1910 ж . В.В. Бортольд
- В) 1908 ж . Д.Клеменц
- С) 1909 ж . Г.И.Рамстед
- Д) 1911 ж . С.В.Кисель
- Е) 1912 ж . В.Л. Котвич

5.Көне түркі жазба ескерткіштері алфавиті графикалық ерекшеліктеріне қарай қалай бөлінеді?

- А) Мойын-Чор жазуы
- В) Күлтегін жазуы
- С)Орхон , Енисей,Талас жазуы
- Д) Кули-Чор жазуы
- Е) Тоныкөк, Онгин жазуы

6. Орхон - Енисей жазуында сөз, сөз тіркестері, сөйлемдер қандай белгімен ажыратылады?

- А) қос нүкте
- В) нүкте
- С) нүктелі үтір
- Д) леп белгісі
- Е) үтір

7.Орхон-Енисей жазуының кестесі неше дыбыстан тұрады?

- А) 27
- В) 30
- С) 28
- Д) 29
- Е) 26

8.Дүние жүзі қазақтарының құрылтай жиналысы қашан өтті?

- А) 1992 ж .29 қыркүйек-4 қазан
- В) 1992 ж .30 қыркүйек-6 қазан
- С) 1993ж. 29 қыркүйек-4 қазан
- Д) 1993 ж. 6 қазан-25 қараша
- Е) 1993 ж. 25 қараша-1 желтоқсан

9.Тепсей тауынан табылған ескерткіш қандай құралмен жасалған?

- А) лезвия сияқты құралмен
- В) таспен
- С) ағашпен
- Д) сиямен
- Е) бояумен

10.Білге қаған ескерткішін Монғолия жерінен тапқан кім?

- А) Н.Я. Ядренцев
- В) В.В. Бартольд

- С) С.В. Киселев
- Д) Д. Клеменц
- Е) В.Я. Котвич

11. Орхон ескерткішінің бірін тап?

- А) Енисей ескерткіші
- В) Алтай ескерткіші
- С) Талас ескерткіші
- Д) Мойын-Чор ескерткіші
- Е) Краснояр өлкесінен табылған ескерткіш

12. Бүкілодақтың түркологиялық конференция қай жылы, қайда өткізілді?

- А) 1976 ж . Алматыда
- В) 1979 ж . Өскеменде
- С) 1977 ж . Павлодарда
- Д) 1980 ж . Қарағандыда
- Е) 1978 ж . Семейде

Дәріс №12. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының әліпбиі мен емле ережесі

1. Латын графикасына негізделген қазақ жазуындағы дауысты дыбыстардың таңбалануы
2. Латын графикасына негізделген қазақ жазуындағы дауыссыз дыбыстардың таңбалануы
3. Латын графикасына негізделген қазақ жазуындағы кейбір дыбыстардың таңбалануындағы ерекшеліктер

1. Латын жазуына көшу Орта Азия түркі халықтарында, әсіресе татар халқы мен қазақ даласында бірауыздан қолдау тапқан жоқ. Процесс өте баяу, жай өрбіді. Сондықтан 1928 жылы 18-23 желтоқсан аралығында Қазанда жаңа түркі әліпбиінің бүкілодақтық орталық комитетінің III пленумы шақырылады. Қазақстаннан Асфендияров, О.Жандосов, Нұрмақов, Т.Шонанұлы, Тоғжанов, Т.Рысқұлов сынды білімпаздар қатынасады. Пленумда көтерілген мәселелер негізінен латын әліпбиіне көшу баяулығы, әзірбайжан жазуы қабылданған әліпби негізінде өзге түркі халықтарының әліпбиін бірдейлестіру, жазу тарихындағы сол дәуірді мұрағат ретінде сақтау, бас әріп мәселесі, емле принципі, фонетикалық пен морфологиялық принципті қатар ұстау деген мәселелер төңірегінде болды.

А.Байтұрсынұлының әліпбиі ресми түрде тек 1924ж. қабылданғанымен, бұл графиканы 1913ж. Стамбулда өткен кеңесте түрік, араб, иран жазуының бәрі үлгі етуге пәтуаласқанмен, Қ.Жұбанов: “Мұнан бас тартып латын алфавитін қабылдауымызға ұйтқы болған Қазақстан емес, Бүкілодақтық орталық жаңа Алфавит комитеті Ғылыми кеңесінің қысымы... Бұл жүйе қазақ тілінің ерекшелігіне әбден лайықты (тегінде жалғыз қазаққа ғана тән деп қарауға болмайды), қазіргі алған жаңа әліпбиімізге де өте қолайлы, өйткені араб жазуын таңбалау табиғатына мұның еш қатысы жоқ және дәл сондай-ақ алфавит біткенге бірдей үйлесімді” дегенмен, бәрінен бұрын профессор

Е.Д.Поливановтың: “Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году, я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным правом могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы, как крупным культурным завоеванием” деген А.Байтұрсынұлы әліпбиіне берген бағасына қарамастан, 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен түркітанушылардың съезінен кейін 6 наурызда қазақ жазуын латын графикасына көшіруді қолға алу тапсырылады.

Осы орайда қазақ тілінің түпкілікті жазуы болады деген төте жазуды латын жазуына ауыстыруға түрткі болған I-бүкілодақтық түркітанушылар құрылтайының жұмысы туралы айта кетудің жөні бар. Әйткені съезд барша түркі халқының 600-ден астам зиялылары, Юдахин, Н.Ф.Яковлев, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, Н.И.Ашмарин, Л.В.Щерба сынды Ресей ғалымдары, А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Н.Төреқұлов, Т.Шонанұлы, Б.Сүлейұлы тәрізді қазақ білімпаздары бас қосқан, түркі халықтарының тілі мен жазуын жаңа белеске көтерген аса ірі тарихи оқиға болып саналады.

Съезде емле, жазу мәселелері бойынша Л.В.Щерба, Н.Ф.Яковлев, Жирков, Ғ.Шараф, А.Байтұрсынұлы, Н.Төреқұлов, Е.Омаровтар баяндама жасайды. Түркі тілдерінің ішінде латын жазуына көшуді бірінші болып әзірбайжандар көтергені белгілі. Оның себебін Н.Ф.Яковлев былай деп көрсетеді: мұнда қалалық әзірбайжан – 13% болса, халық сауаттылығы 1% ғана болды, бұл татар халқымен салыстырғанда 25% төмен. Ал қалалық татар халқы 4% еді. Сондай-ақ ғалым жазу дінмен терең байланыста, діні күшті халық жаңа жазуды алмауға тырысады деді. Бұл Е.Д.Поливановтың жазуын реформаламаған халық жаңа графикаға әуес келеді, оңай ауысады, ал жазуын жөндеп отырған тіл өзге графиканы құп көрмейді деген сөзімен үндесіп жатты.

Н.Ф.Яковлев, Жирков сынды ғалымдар араб жазуы функциясының кемігендігін, жаңа тілдерді жаулап алу бағытынан тайғанын сондықтан жаңа прогресс, техника үшін латын жазуының қолайлылығын айтса, Л.В.Щерба әр халық өз тұрғысынан шешуі, жөн деп, бейтарап позиция ұстады. Араб жазуын жақтаушы Ғ.Шараф Н.Ф.Яковлев пен Жирков латын графикасын дәріптегенмен, түпкі ойы басқа, олар орыс алфавиті де латын жазуынан кем емес деген мазмұндағы мақалаларын жариялап жүр дейді.

Жалпы, съезде шығып сөйлегендердің дені латын жазуының техникалық артықшылығы (қолдың ыңғайы, көздің көруі, техникалық жағы, бас әрібі), араб жазуының кемшілігі (реформаланған араб әліпбиінің түпнұсқадан ауытқуы, оңнан солға қарай жазылуы, баспа қиындығы, әріптердің танылмауы, бас әріптің жоқтығы) туралы сөз етеді. Араб графикасын жақтағандарға (әсіресе, А.Байтұрсынұлына) психологиялық шабуыл жиі жасалады (отырғандар күліп, даурығып, кекетіп, тыңдамауға тырысады), латын графикасын жақтағандарды қолпаштап, ұзақ қол шапалақтап отырады. А.Байтұрсынұлы төл жазудың жетілмей қалғанына басқа халықтың жауап беруі дұрыс емес, әр халық жазуының өз жолы мен деңгейі бар дейді. Орыс

графикасын пайдаланып келе жатқан халықтардың латынға көшу себебіне күмәнмен қарайды.

Съезде А.Байтұрсынұлынан басқа сөз алған Ғ.Шараф, Алпаровтар әзірбайжан жазуы латын графикасының барлық таңбаларын пайдаланып отырған жоқ, бар-жоғы 47-56% -ын ғана қолданады, ол латын жазуы емес, өзгерген латын жазуы, бұл жазудың ғұмыры қысқа болады дейді. Дегенмен, дауыс беру нәтижесінде 101 дауыс латын графикасына, 7 дауыс араб графикасына, 9 дауыс қалыс қала отырып, латын жазуы қабылданады.

2.Құрылтай қарарында латын әліпбиін түзуде басты мынадай принциптерді ұстану тапсырылады: орыс графикасының әріптерін алмау, кірме сөздерді үндесім заңына бағындыру, бірдей дыбыстарға әріп алмау, диакритикалық таңба алмау, созылыңқы дауыссыздарды белгілемеу, қосар әріп алмау, жіңішке дауыстыға таңба алмау, морфологиялық принципті *ярпақ-япрақ, торпақ-топрақ* деген сияқты сөздердің әдеби вариантын табу үшін пайдалану, дұрыс айту нормасын қалыптастыру, кірме сөздерді айтылуы бойынша игеру (орыстар буын жазуы бойынша игерген еді, енді айтылуы бойынша игереді) немесе кірме сөздерді түпнұсқа тілдегі айтылуы бойынша алу (*волкан*, вулкан емес, *маскерад*), кірме сөздер үшін әріп алмау (мысалы, орыс тілінде **ғ, һ, ө, ү** болмағандықтан *Heine – Гейне, Hügo – Гюго* болып жазылады), халықаралық сөздердің соңындағы дауыстыны қысқарту: *вакансия – ваканс, пианино – пианин, фортепиано – фортепиан*, кірме сөздерде **о** әрпі тұрса, [о] дыбысы етіп айту.

Сөйтіп, 1927-1928жж. “Еңбекші қазақ”, “Лениншіл жас”, “Тілші” газеттерінде жаңа латын әліпбиінің жобасы, сол графикамен басылған тақырыптар жариялана бастайды. Ең алғаш жарияланған латын әліпбиінің жобасында 24 әріп, 1 дәйекше болды (яғни төте жазудың жүйесінен ажырамады). Олар: **a, b, c, d, e, h, g, j, i, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, u, v, y, z** және ‘ (Тілші, 17.09.27). Мұндағы **h** - <ғ>, **y** - <u>-<i> фонемаларын таңбалады. Кейінгі жоба (Лениншіл жас, 30.11.28) <ғ> - **q**, <ы>, <i> - **ь** етіп берді. **Z** - таңбасы сызықсыз жазылып, дәйекше ^ - деген таңбасымен ауыстырылады. 1927 жылы (24.04) Мәскеуде өткен қазақстандық студенттердің жалпы жиналысында жасаған баяндамасында Н.Төрөкұлов жазуды ауыстыруға әлі ерте, оған он жыл керек дегенмен, латын жазуына көшу басы ашық мәселе болғаннан кейін, өзінің авторлығымен әліпби жобасын жасайды. Ол Е.Д.Поливанов еңбегінде “Аслат’а” деп аталған.

Н.Төрөкұловтың әліпбиінде 28 әріп, бір дәйекше болды: **a <a>, e <e>, i <ы>, <i>, o <o>, <ө>, u <ү>, <ү>, p <п>, в <б>, m <м>, f <ф>, w <у>, t <т>, ғ <ғ>, d <д>, s <с>, z <з>, c <ш>, j <ж>, n <н>, l <л>, r <р>, y <й>, k <к>, g <г>, q <қ>, x <х>, h <h>, η <н>, ə <ə>, ‘**

Әліпбиде <ф>, <х>, <h>, <қ>, <ғ>, <к>, <г> дыбыстарының әрпі бар. Ал <ə> фонемасы басқа жұп дауыстылардан бөлек, латын графикасында жоқ таңбамен белгіленеді, яғни 1926ж. құрылтай қаулысына сәйкес емес **ə, ғ, η** таңбаларын жасайды.

Н.Төрөкұловтан кейін Х.Досмұхамедұлы латын графикасын қолдамаса да, қызмет бабының ыңғайымен, саналы түрде жаңа әліпбиге көшуді ұсынып,

латын әліпбиінің жобасын құрады. Бірақ науқан түрінде емес, қазір қолданып отырған әліпби мен емлені жетілдіріп, жаңа графикаға біртіндеп өтуді ойластырады. “Қолданбасақ та латын хари́фтерін біз де тілімізге үйлестіріп көру керек. Тез арада, әсіресе әкімшілік әдіспен көшіру мәдениет ісі үшін залалды һәм саяси тұрғыдан да байыпты емес” дейді.

Х.Досмұхамедұлы әліпбиінде 14 әріп латын алфавитіне сәйкес алынады да, апостроф (') пен дәйекше ауыстырылады: **a, b, d, e, g, i, j, k, l, m, n, o, p, r, s, sh (ш), t, u, y, z, k', h, ch (щ), tsh (ч), f, k, g', n'**. Әліпбиде <ч>, <ф>, <ц>, <щ> сияқты орыс тілі дыбыстарына таңба арналған, <к>, <г>, <н> фонемалары **k', g', n'** арқылы белгіленеді. Бірақ аталған әліпбиде апостроф жіңішкелікті екінші мәрте көрсететін кезі бар: *k'or – көр*, сондай-ақ басқа функцияда да (**n'<н>**) жұмсалды. Шет тіл дыбыстарына қосар таңба алынды да, бұл I түркітанушылардың құрылтайында қабылданған қаулыға сәйкес келмеді.

3.Жалпы, латын жазуына көшу Орта Азия түркі халықтарында, әсіресе татар халқы мен қазақ даласында бірауыздан қолдау тапқан жоқ. Процесс өте баяу, жай өрбіді. Сондықтан 1928 жылы 18-23 желтоқсан аралығында Қазанда жаңа түркі әліпбиінің бүкілодақтық орталық комитетінің III пленумы шақырылады. Қазақстаннан Асфендияров, О.Жандосов, Нұрмақов, Т.Шонанұлы, Тоғжанов, Т.Рысқұлов сынды білімпаздар қатынасады. Пленумда көтерілген мәселелер негізінен латын әліпбиіне көшу баяулығы, әзірбайжан жазуы қабылданған әліпби негізінде өзге түркі халықтарының әліпбиін бірдейлестіру, жазу тарихындағы сол дәуірді мұрағат ретінде сақтау, бас әріп мәселесі, емле принципі, фонетикалық пен морфологиялық принципті қатар ұстау деген мәселелер төңірегінде болды. Н.Ф.Яковлев унификацияның графикалық, фонетикалық, орфографиялық түрлері болады. Негізгі бірлестіру фонетикалық болып табылады, ол әр таңбаның ортақ дыбыстық мағынасы бар болу деген сөз деді. О.Жандосов Қазақстан латын жазуына көшуді кешеуілдетіп отырса да, бірлестіру жағынан Әзірбайжаннан алда тұр, бірлестіру негізіне бір жазуды алу деген дұрыс емес, өйткенде әр халық өз жазуының дұрыстығын дәлелдейді. Толық унификация жасау мүмкін емес, дауыссыздарды да бірлестіру керек деді автор және Қазақстанда ескі арабшылдардың күні таяды дегенді былай білдірді: “было время, когда казахский крестьянин по поводу любого вопроса, имеющего большое общественное значение, спрашивал, что скажут Букейханов и Байтурсинов. Это два толпа казахского прошлого, казахского национализма, смесь патриархальных предрассудков с буржуазно-националистическими представлениями”.

Сөйтіп, 1929 жылы қазақ жазуының араб әліпбиінен латын графикасына түпкілікті көшкенін хабарлайтын “Жаңа алфавит туралы қаулы” шықты. Мұндағы әліпбиде 29 әріп болады

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

1. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде қанша таңба бар?
2. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің ерекшеліктері қандай?
3. Әліпбиде дауысты таңбалар неше әріппен таңбаланады?

4. Дауыссыз дыбыстардың таңбалануында қандай ерекшеліктер бар?
5. Қазақ тіл білімінде латын әліпбиі туралы қандай көзқарас, пікірлер бар?

Тест тапсырмалары:

1. Көне ұйғыр жазуы XI-XII ғғ қай жазумен жарыса қолданылған?
А) араб
В) парсы
С) словян
D) латын
E) гот
2. 840 ж өз үстемдігін тоқтатқан қағанат.
А) ұйғыр
В) түркі
С) араб
D) тибет
E) хунь
3. Радлов ұйғыр жазу үлгісіндегі еңбектерді неше том етіп шығарды?
А) 4
В) 2
С) 3
D) 5
E) 6
4. Ұйғыр алфавитінде әріптер неше түрде белгіленеді?
А) 3,4,5,9
В) 6,7,8,10
С) 1,2,6,12
D) 10,11,13,14
E) 14,15,16,18
5. Түркі тайпасы б.д. қай ғасырда таныла бастады?
А) IV ғ.
В) III ғ.
С) б.д. VII ғ.
D) б.д VI ғ.
E) б.д VIII ғ.
6. Палелография дегеніміз:
А) дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы
В) рет-ретімен орналасқан әріптердің жиынтығы
С) қолжазба мен кітаптағы таңбаларда тексереді
D) металл, сүйек ағаш т.б ойылып жазылған таңбаларды зертейді
E) дұрыс жауап жоқ
7. Қай ғасырда оғыздар бірлестігін қимақ-қыпшақ қауымдары қиратады?
А) XV ғ.
В) XI ғ.
С) XI ғ. орта кезінде
D) XII ғ.

- Е) XIII ғ.
8. IX ғасырдың ең көрнекті ескерткіші.
- А) "Құдатғу білік"
 - В) "Диуани лұғат-ат-түрік"
 - С) "Мойын-шор"
 - Д) "Оғыз нома"
 - Е) "Диуани хикмет"
9. Түрік тілдерінің даму кезеңдерін Н.А. Баскаков неше кезеңге бөлді?
- А) 7
 - В) 8
 - С) 5
 - Д) 6
 - Е) 4
10. Құтлығ-Эльтеріс қандай мағына береді?
- А) "халықтың басын қосушы"
 - В) "халықты алдап –арбау"
 - С) "халықты сендіру"
 - Д) "халықтың мұң зарын естірту"
 - Е) "халықты арандату"
11. Баскаков жасаған классификациясы бойынша хун дәуіріндегі түркі тілдерін қандай бұтақтарға бөлді ?
- А) Батыс хун және шығыс хун бұтақтары
 - В) Оңтүстік және солтүстік хун бұтақтары
 - С) қытай хун және түркі хун бұтақтары
 - Д) орта хун және кіші хун бұтақтары
 - Е) орталық және солтүстік
12. Бүкілодақтық туркологиялық конференция қай жылы қайда өткізілді?
- С) 1976 жылы Алматыда
 - В) 1979 жылы Өскеменде
 - С) 1978 жылы Павлодарда
 - Д) 1978 жылы Семейде
 - Е) 1980 жылы Қарағандыда
13. Орхон ескерткіштерінің бірін тап
- А) Енисей ескерткіштері
 - В) Мойын-Чор
 - С) Алтай ескерткіштері
 - Д) Краснояр өлкесінен табылған ескерткіштері
 - Е) Талас өзенінің бойынан табылған ескерткіштері
14. Жазу нұсқасы жағынан Орхон ескерткіштерінің ішіндегі ең көне түрі
- А) Құтлығ қаған
 - В) Суджы
 - С) Мойын-Чор
 - Д) Кули-Чор
 - Е) Тоныкөк
15. Білге қаған ескерткішін монғолия жерінен тапқан кім?

- А) Н. Я. Ядренцев
- В) В. В. Бартольд
- С) С. В. Киселев
- Д) Д. Клеменц
- Е) В. Л. Котвич

Дәріс №13. Орыс графикасына негізделген қазақ жазуының әліпбиі мен емле ережесі

1. Орыс графикасына негізделген қазақ жазуындағы дауысты дыбыстардың таңбалануы
2. Орыс графикасына негізделген қазақ жазуындағы дауыссыз дыбыстардың таңбалануы
3. Орыс графикасына негізделген қазақ жазуындағы кейбір дыбыстардың таңбалануындағы ерекшеліктер

1. Қазақ жазуының 1940ж. латын графикасынан орыс графикасына көшуінің бірнеше себебі болды: 1) өзге идеология мен саясат ұстанған Түркия мемлекеті мен кеңестер одағындағы түркі халықтарының араласуына кедергі жасау; 2) араб және латын графикасына негізделген қазақ жазуының негізін қалаған қайраткерлердің (Т. Шонанұлы, Қ. Кемеңгеров, Қ. Жұбанов, Е. Омаров, О. Жандосов, Н. Төреқұлов) “халық жауы” болып шығуы; 3) бір мемлекет (ССРО), ортақ астана (Мәскеу) астындағы халықтардың ортақ мемлекеттік жазуы болуы керектегі (орыс тілі мен жазуы); 4) термин сөздердің орыс тілі арқылы игерілуі; 5) жазу емлесіндегі ала-құлалық т.б.

Араб графикасының қазақ тілінің дыбыстық жүйесін берудегі қолайсыздығы, омографтардың көбейіп кетуінен мәтін мағынасын түсіну қиындығы жазудың демократиялануына кедергі келтірді. Бірақ генетикалық жағынан туыс емес тілдің жазу жүйесін жазу дәстүріне енгізу қиындығынан ол дәстүрден бас тарту қиындығы басым болды. Сондықтан А. Байтұрсынұлы қазақ халқы үшін жазуды жөндеудің бір ғана жолын көрді, ол графиканы өзгертпей, әліпбиді жетілдіру жағы болғаны белгілі. Бұл қазақ жұртының өзге елдің саясатына мойынсынбай, өз тілінің төл жазуын ойлап тапқанмен бірдей болды. А. Байтұрсынұлы әліпбиінің түзіліп, ұсынылғанынан бастап, қолданыста қолдау тапқанына дейін үлкен күш, табанды бәсекелестік қажет болды. Әліпбидің ішкі құрылымы бәсекелестікке төтеп бере алатындай жағдайда болса да, біріншіден, жалпы араб графикасынан бас тартуды ұсынғандар қатары көп болды, екіншіден, “сол кезеңдегі Ресей үкіметі саясатының есебінен орыс жазуына көшу бағыты шығып қалып еді. 1876 жылы қазақ жазуын орыс графикасына көшіру туралы мәселе үкіметтің ресми саясаты дәрежесінде мықтап қолға алынады”.

2. Орыс графикасына негізделген ең алғашқы қазақ әліпбиі жобасын Н. И. Ильминский жасады. Н. И. Ильминский әліпбиіндегі қазақ тілінің өзіне тән дыбыс дауыстылардың таңбалары мынадай болды: **ә** – <ə>, **ө** – <ө>, **у** – <ү>, **і** – <и>, **ы** – <ы>, **н** – <н>, **к** – <к>, **г** – <г>. Сөйтіп, зерттеуші он шақты қосымша белгі алғанымен, орыс әліпбиіндегі **е, в, и, ф, ц, х, ч, щ, ь, ь, э, ю, я** таңбаларын

(қазақ тілі дыбыстық құрамына тән емес дыбыс таңбаларын) қолданбады. Н.И.Ильминскийдің бұл жазуына кезінде В.В.Григорьев тарапынан арнайы сын айтылған еді. Онда В.В.Григорьев араб жазуы сіз ойлағандай қазақ жазуына келмейді емес дейді: “Но справедливость прежде всего, даже и в отношении к арабской азбуке: зачем обижать ее, а вы, я нахожу, обидели ее, унизив паче меры”. Ғалым басқа әліпбиді алған соң оны не өзгеріссіз қабылдау керек, не сол әліпби таңбаларының шегінде ғана пайдалану керек деген.

В.В.Григорьев қазақ тілінің консонантизм жүйесіне араб графикасының 19 әрпі жеткен еді, ал сөз болып отырған әліпбиде 3 әріпті (**қ**, **ғ**, **ң**) қолдан жасайды, 2 әріпті (**w**, **j**) латыннан алады дейді. “Находите вы еще в киргизском языке особое тонкое **а** которое изображаете через **я**. Я полагаю что ваше **а** по тождественности своей с тонким глухим **е**, может быть безо всякого неудобство изображаемо буквою **э**” деп қате пікір түйеді. Автор **к** әрпімен <**қ**>, <**к**> фонемаларын, **г** әрпімен <**ғ**>, <**һ**>, <**г**> фонемаларын белгілеу керек, себебі бұлармен іргелес келген дауысты таңбасы жуан-жіңішке оқылуын айырып тұрады, *жүген, кереге, қаймақ, қол* сөздерін басқаша оқу мүмкін емес деді. **ң** фонемасын **нг** немесе **н** деп бергенді дұрыс көреді және **й** әрпі тұрғанда латыннан **j** таңбасын алып қажеті жоқ екенін, сондай-ақ [иа] тіркесін **я**, [йе]-**е**, [иы]-**йы**, [йі] (**ий**), [йо]-**йо** деп беруді, сөйтіп **я**, **ю**, **ь** әріптерін орыс сөздерін оқығанда оңай болу үшін, және әріп үнемдеу үшін қалдыруды ұсынады. Автор <**е**> дыбысын негізгі реңкі [je] деп табады.

Оқымысты тарапынан осындай сынға ұшырағанмен Н.Ильминскийдің орыс графикасымен берген қазақ әліпбиінің қазақ тілі дыбыстар жүйесін белгілеуде бірнеше артықшылығы бар. Ғалым түзген графикада **е** графемасы сөз басындағы дифтонг реңкін [je], жіңішке [é] дыбысын және жуан [e]-ні таңбалайды. Және I-буындағы еріндіктен кейін [ө]-ні білдіреді: [түсөр]. Н.Ильминский **ә** әрпі (ä) тек араб, парсы және *Бәке, әтеке* сияқты төл сөздерде қолданылатынын айта келіп, тілде жіңішкеру бағытының күшейгенін ескертеді. Ғалым <**а**>, <**о**>, <**ұ**>- дан кейін <**ә**>, <**е**>, <**і**> келсе, алдыңғылары велярланады дейді: [сөјерде], [сөідеіді], [бүйтеді]. Сондай-ақ <**й**> дыбысының да сөзді жіңішкертетін қасиетін көрсетеді: *бүјум, бiiдаі, бүйіда, оіләды, байіқ*.

Сонда автор әліпбиіндегі дауыстылардың әріп-дыбыс қатынасы төмендегідей: **а** [a] [ә], **е** [э] *бер*, [é] *неге*, [ө] *төсек*, [je] *егер*; **о** [o], [yo], [ө] *сойдеді*; **ы** [ы], [і]; **у** [ұ], [ү]; **а**[ә], **і**[і], **ө**[ө].

Ал дауыссыздар таңбасы мынадай болды: **п**, **б**, **м**, **w** (**у**), **т**, **д**, **н**, **ж**, **з**, **ш**, **с**, **р**, **л**, **j** (**й**), **қ** (**қ**), **ғ** (**ғ**), **к**, **г**, **нь** (**ң**). Н.И. Ильминский <**қ**>, <**ғ**> дауыссызы басқа дауыссыздарға қарағанда ерекшеленетіндіктен жеке-жеке әріп арнадық дейді, сондай-ақ <**ж**>, <**ш**> фонемалары жіңішке тілалды ғана болып айтылатынын ескертеді. Сонымен бірге ғалым ЖТ-да мынадай морфонологиялық алмасулардың таңбаланатынын көрсетеді: <**б**>-<**у**> (*табыб-тауыб*), <**м**>-<**н**> (*Махамбет, ғмбет*), <**н**>-<**д**> (*кімді*), <**д**>-<**н**> және 0 (*кімнен; мен(д)ен-менен*). Ал сөз басындағы **л**, **р** әріптерінің алдына әнтек естілсе де **ы**, **і** қысандарын жазу дұрыстығын оларға күшейткіш буын *лап-лас, рап-рас* деп емес, *ып-рас, ып-лас* болып жалғанатынына негіздейді [96, 13б.].

В.В.Радлов та өзінің 1870ж. жарық көрген “Образцы народной литературы тюркских племен Южной Сибири и Джунгарии” деген хрестоматиялық материалдарын орыс графикасымен жазғаны мәлім. Мұнда байқалатын өзгелешік [и] дыбысы бірде **i**, бірде **j** белгісімен, <г>-ны **к** таңбасымен, [дж] дыбыс тіркесін – **п** әрпімен және <л> фонемасын латын графикасындағы **l**-мен берілуі болып табылады.

З.Б.Әбілқасымов архив деректері Н.И.Ильминский мен В.В.Радловтың қазақ тіліне икемдеп жасаған әліпбилері Ресей университеті оқымыстылары тарапынан қолдау көрмегенін, орыс алфавиті өзгертусіз қолдануы керек деген ұсыныстар басым болғанын көрсетті дейді. Оған мына дәлелдер келтірілген дейді автор: 1) тілдің барлық оттенкісін бере алатын дүние жүзінде бір де бір жетілген алфавит жоқ, бірақ одан тілге келген қиындық байқалмайды; 2) араб әліппесі түркі халықтарының дыбыстық құрылысына үйлеспесе де, осы алфавитпен олар осы кезге дейін пайдаланып келді; 3) европа тілдері үшін пайдалануға толық икемді орыс әліппесі араб алфавитіне қарағанда, осы күйінде де қазақ тіліне әбден жарайды.

Бірақ В.В.Радловтың Қазан университеті жанындағы археология, тарих этнография қоғамының мәжілісінде жасаған баяндамасынан кейін орыс алфавитін сол қалпында түркі жұртының жазуына қолдануға болмайды деген пікір қалыптасқанын көреміз.

Ы.Алтынсаринның “Қырғыз хрестоматиясының” 2-басылымында орыс алфавитінің және латын графикасының мынадай таңбалары пайдаланылған: **ä** <ә>, **ÿ** <ү>, **ö** <ө>, **н** <ң>, **к** <қ>, **у** <ұ>, **и** <і> және (ій), **й** <й>, **г** <ғ>, **і** <і>, **у** <ұ>, **уу** <ұу> [98]. Мұндағы **г**-<ғ>, <г>, **к**-<қ>, <к> таңбалары төрт дыбысты берсе, керісінше <і> фонемасы **i** және **и** екі графемасымен де белгіленді (*кйииз, тййме, адилдик*), кейде **и** <е>ні де берді. **У әрпі** [ұу] қосарын таңбаласа да (*тоқу, саусқан, шоқу*), **уу** тіркесі де пайдаланылды (*ашуума*). Сондай-ақ [е]-мен қатар келген [w] **ÿ** –мен <ү> белгіленді (*бесеÿм, біреÿі*). Сонда Ы.Алтынсарин әліпбиінде <і>-<й>, <у>-<ұ> фонемалары жеткілікті дифференциацияланып, графикалана алмағанын көреміз. Хрестоматияда ерін үндестігі жүйелі таңбаланып отырады: *болду, оку, окуулук, току, кÿннÿн-кÿнгÿ, дÿнийÿ, кÿңÿлгÿ, ÿнÿр, бÿйрÿгÿмÿ, ÿйдÿгÿмÿ*. І-буындағы екі ашық езулік буын арасында қысаң езуліктер жүйелі түсіріліп отырады: *тлек, коланды, даншпан, ыклас, мнау, домбра, пскенде, брак, бреу, киі, ксі*; сөз аяғында **б** қолданылады: *талаб, көб*.

Соңғы орфографиялық ерекшеліктерге қатысты ДУГ-нде қысандарды түсірмеу, **ÿу**, **ій** орнына бір таңба жазу ұсынылады (ДУГ. 1899. №22, 23). Сөзді жіңішкерту үшін кей жерде **ь** таңбасы да жазылған (*ел-эль*).

“Ы.Алтынсариннің шәкірті А.Балғымбаевтың естеліктеріне қарағанда, ресми түрде орыстан өзге халықтар жазуын орыс графикасына көшіру туралы заң (положения) 1906 жылы 31 мартта шыққан тәрізді. Соның өзінде оған қарсы шығушылардың пікірінен қорыққан орыс әкімшілік орындары осы мәселеге арнап, 1910 жылы июньде Петербургта әдейі кеңес шақырады. Жергілікті халықтан уәкілдер қатысқан бұл кеңесте жоғарыдағы Положенияның көп жеріне өзгерістер енгізіліп, орыс жазуы тек ресми документтер мен оқулық кітаптарға ғана қолданылатын болсын деген шешімге келеді” дейді проф.

Б.Әбілқасымов. Революцияға дейін жарық көрген қазақ тілі сөздіктерінің графикасы мен емлесін зерттеген М.Малбақов 1912 ж. “Орысша-қазақша сөздік”, 1917ж. Т.Бокиннің “Қазақша-орысша сөздігі”, Клапорт сөздігінде, Е.Бокиннің “Орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігінде” орыс графикасының әліпбиі мен емлесі сақталып жазылғанын айтады. Ендеше ОГнҚЖ ресми ісқағаздар стилінің тұрпат межесін таңбалады дейміз.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

1. Орыс графикасына негізделген қазақ жазуында дауыстылар қалай таңбаланады?
2. Орыс графикасына негізделген қазақ әліпбиінің ерекшеліктері қандай?
3. Әліпбиде дауысты таңбалар неше әріппен таңбаланады?
4. Дауыссыз дыбыстардың таңбалануында қандай ерекшеліктер бар?
5. Қазақ тіл білімінде орыс әліпбиі туралы қандай көзқарас, пікірлер бар?

Тест тапсырмалары:

1. Әріп жазуы қай жазудың негізінде таралды?
 - A) финикий
 - B) арамей
 - C) грек
 - D) славян
 - E) ұйғыр
2. Ескі латын жазуы басқаша қалай аталады?
 - A) гот жазуы
 - B) ұйғыр жазуы
 - C) араб жазуы
 - D) әріп жазуы
 - E) түркі жазуы
3. Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасуын 6 кезеңге бөліп қарастырған ғалым?
 - A) Н.А. Баскаков
 - B) В.В. Радлов
 - C) С.Е. Малов
 - D) М.А. Батманов
 - E) В. Томсен
4. Пиктографиялық жазу таңбалары қалай аталды?
 - A) риктограммалар
 - B) идеограммалар
 - C) шартты форма
 - D) пашсинкретика
 - E) пиктографиялар
5. Латын жазуымен жеткен ірі ескерткіштердің бірі?
 - A) “Кодекс Куманикус”
 - B) “Алтын Ярух”
 - C) “Құтадғу білік”
 - D) “Диуани Хикмет”

- Е) ”Қасса-сул-Әнбия”
6. Орхон Енисей жазба ескерткішінің графикасы?
- А) руна жазы
 - В) ұйғыр жазуы
 - С) латын жазуы
 - Д) араб жазуы
 - Е) парсы жазуы
7. А.Н.Гумилевтің зерттеуі бойынша батыс хундар қай жылы халық ретінде қалыптасқан?
- А) 468 ж
 - В) 545 ж
 - С) 618 ж
 - Д) 460 ж
 - Е) 515 ж
8. Ж. Аспелин Орхон-Енисей жазуының сырын ашу үшін оны қалай оқу керек деп жорамал айтты?
- А) оңнан солға қарай
 - В) жоғарыдан төмен қарай
 - С) солдан оңға қарай
 - Д) төменнен жоғары қарай
 - Е) бір-біріне жанастыра
9. Орхон-Енисей ескерткіштерінде жиі кездесетін сөздер?
- А) түркі, тәңірі
 - В) халық, ел
 - С) соғыс, жеңіс
 - Д) құдай тағала
 - Е) бейбітшілік
10. Орхон-Енисей жазбаларында кімдердің ерлігі дәріптелген?
- А) Күлтегін, Төныкөк Білге қаған
 - В) Бейбарыс, Абылай
 - С) Бай Сұлтандардың
 - Д) тек қана Күлтегіннің
 - Е) халықтың
11. Әкелі-балалы Андриановтар қайда бірнеше тасқа белгі салды? (1904, 1905, 1907, 1908жж)
- А) Минусинск ойпатында
 - В) Онгин өзені бойында
 - С) Талас өзені жағасында
 - Д) Енисей бойында
 - Е) Каспий жағалауында
12. ”Алтын Ярух” ескерткішінің авторы кім?
- А) белгісіз
 - В) А. Яссаун
 - С) М. Қашқари
 - Д) Ж. Баласағұн

- Е) Әл-Фараби
13. "Құдатғу білік" дастанының ең толық нұсқасы?
- А) Наманган нұсқасы
 - Б) Каир нұсқасы
 - С) Вена нұсқасы
 - Д) араб әріпімен жазылған нұсқасы
 - Е) Вамбери аударған нұсқасы
14. Ж. Баласағұнның 1068ж жазылған дастаны?
- А) "Құдатғу білік"
 - Б) "Ақиқат сыйы"
 - С) "Кодекс Куманикус"
 - Д) "Алтын Ярух"
 - Е) "Диуани Хикмет"
15. Ұйғыр жазу-сызу өнерін зерттеу қай ғасырда қолға алынды?
- А) XIX ғ
 - Б) XVIII ғ
 - С) XVII ғ
 - Д) XV ғ
 - Е) XIV ғ

Дәріс №14. Қазақ жазуын зерттеудің фонологиялық кезеңі.

1. Қазақ тіл біліміндегі жазба тіл, тіл формасы, жазба дәстүр ұғымдарының сипаты
2. А.Байтұрсынұлының емле ұстанымы, орфограммалау тәсілдері
3. Қ.Жұбановтың әліпби, емле туралы тұжырымдамалары

1. Қазақ тіл білімінде жазу мен тілге қатысты мынадай термин байлығы бар: тілдің ауызша және жазба жүйесі, ауызша және жазба түрі, АТ және ЖТ, тілдің ауызша және жазба формасы, ауызша және жазба нормасы, ауызша және жазба жұмсалымы, ауызша сөйлеу тілі және жазба тілі ...

А.Байтұрсынұлы жазудың негізі екеу (таңба негізді және әріп негізді), ал жүйесі төртеу (таңбаша, дағдыша, туысша, дыбысша) деп көрсетуі жалпы жазу теориясының ортақ қағидаттарымен сәйкес келеді. Таңба жүйелі емле, тарих жүйелі емле, туыс жүйелі емле, дыбыс жүйелі емле деп орфографиядағы тарихи принцип, этимологиялық принцип, морфологиялық, фонетикалық принциптерді атайды.

2. Қазақ жазуының қалыптасу, даму жолдарының көшбасында тілдің жаңа жүйесінің бағыт-бағдарын айқындайтын екі мектеп тұрды. Оның бірі А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Т.Шонанұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамбетұлы ұстанымдары үйлескен сингармониялық жазу мектебі болса, екіншісі Қ.Жұбанов бастаған қазақ жазуы дамуының жаңа кезеңі өкілдерінің (С.Аманжолов, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, Н.Сауранбаев, Р.Сыздық) қалыптандыру мектебі болды.

Қазіргі қазақ графикасы мен әліпбиіндегі әріп-дыбыс қатынасы, емле принциптері, кірме сөздердің орфографиясы, кірме сөздерге қосымша жалғану

қағидалары алдыңғы мектептен өзгеше бағыт алды десек, ол негізінен Қ.Жұбанов көзқарастарының өміршеңдігі мен ұсынған пікірлерінің қолдау тауып кеткеніне байланысты. Сондықтан қазіргі қазақ жазуы туралы сөз ету үшін Қ.Жұбановтың әліпби, фонема, орфография туралы ойларына тоқтала кеткен жөн.

Әріптік жазудың тірегі болған АС-ның дыбысқа бөлінуі туралы айтқан ғалымның ауыздан шыққан дыбыстың саны жоқ, олардың ішінде тек мағынаға ие болатындары ғана фонетика объектісі дегенін автордың жалпы тіл біліміндегі фонема ұғымынан хабардарлығы немесе фонема ұғымын өздігінен пайымдап отырғаны деп білеміз. Мысалы: “Баба дегендегі <б> екі басқа, бір емес. Сондықтан бұл екеуінің физиологиясы да басқа. Біз көп <б>-ның бәрін де бір әріппен таңбалап, орта есепке келтіріп, бәрінің басын қосып, бір белгісін ғана алғанбыз” дейді ғалым.

Сондай-ақ автордың сөзайырымдық қасиеті жоқ **п-ф, қ-х** дыбыстарын **п, қ** фонемаларының дыбыстары деп қана танығанын (*Файзолла - Пайзолла*), “дыбысты түгел таңбалайтын әліпби ешбір елде жоқ” дегенін фонематикалық жазу түрінің теориясын меңгергені деп түсінеміз.

З.Қ.Жұбановтың “Оқымыстылар тіл дыбыстарын, сөз тұрпаттарын, сөйлем құрылысын бір-біріне қоспай, аулақ ұстайды. Әйткені бұлардың өзара қатынасын зерттесе, бұлардың өзі де мәңгілікті категория болмай, бір-біріне өтіп, ауысып отырғанын көрер еді, тілдің әрбір категориясының да өткіншілігін сипаттаған болар еді” деген сөзі құрылымдық тіл білімі зерттеулерінен кешенді тіл білімі зерттеу әдістеріне ауысып отырған бүгінгі қазақ тіл білімінің жайына келеді. Соған қарап тіл білімінде фонетика, морфология, лексикология, синтаксис салаларының екшелініп зерттелінуін, өз зерттеу пәні мен әдістерін, нысанын ерте анықтауын, орфография, жазу тарихы сияқты кеш дамыған аралық ғылым саласына жете көңіл бөлінбеген себебін парықтауға болады. Әйткені жазу тарихы ең арғысы тарих пен ұлт, этнос, дін тарихымен бергісі каллиграфиямен байланысты болса, орфография фонетика, морфология, семасиология, синтаксис салаларындағы зерттеу нәтижелеріне сүйенеді. Ғалым структуралық тіл білімінің әр саласына қалам тартқанда оны міндетті түрде жазу мен практиканың қажеттілігіне байланыстырып отырады.

Ғалымның латын графикасына негізделген әліпби жобасын ұсынып, емлені жетілдіру жолында бірнеше ұсыныс айтқанын тиісті тарауда сөз еткен едік. Қайталап айтсақ, оның біреуі – біздің орфография Т.Шонанұлы айтқан мағынадағыдай фонетикалық принципке құрылуы керек. Бізде морфологиялық принцип пен фонетикалық принцип арасында флективті тілдердегідей үлкен айырмашылық болмау керек, бір түбірдің бірнеше формасы болуы мүмкін емес, сондықтан қазақ орфографиясында түбір морфологиялық, қосымша фонетикалық принциппен жазылсын дегені болды [110, 498б.]. Ғалым Е.Омаровтың кейінгі қазақ емлесі үшін ұсынған қосымшалардың ортақ формасын жазып, түркі халықтарының жазуларын унификациялап аламыз деген пікіріне абайлап қарау керек дейді, емлені тілдің сол кездегі қалпынан ғана шығаруды дұрыс санайды.

Сондай-ақ қысаң, езулік **ы, і** дыбыс таңбалары туралы “Жанғазыға хатында” (1936 ж.) автор орыс тілінен енген сөздердегі **ы, і**-лерді қысқарту жағын көп ойластырады. Сондай-ақ қазақ тілінің бір буынды төл сөздерінде **ы/і** таңбасын салып, екі буындыда түбірдегі қысаңды түсіріп жазуды ұсынады: *біл – блек, қыр – қрау, ыс – стау*. “Буын айыртуды есепке алма. Қандай емле болса да, соған қарай буын жігін таптыру методикасын шығаруға болады” деді.

Қазақ тілі фонемалар санын анықтауда **h** дыбысы одағайларда болғанмен, қазақ сөздерінде жоқ, ал одағайларда кездесетін дыбыстың неше бір саны бар, сондықтан бұл фоно-морф негізгі емес деп табады Қ.Жұбанов.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

1. Жазба тіл, тіл формасы, жазба дәстүр ұғымдарына түсінік беріңіз?
2. А. Байтұрсынұлының емле ұстанымы қандай болды?
3. Орфограммалау тәсілдері дегеніміз не?
4. Ол қандай тәсілдерді ұстанды?
5. Қ. Жұбановтың әліпби, емле туралы қандай тұжырымдар жасады?

Тест тапсырмалары:

1. Семиги және Қараболғасұн ескерткіші қай ғасырда жазылған?
 - A) IX
 - B) XII
 - C) XIV
 - D) XVI
 - E) XVIII
2. Зерттеушілер шығыс түркі қағанатынан жеткен жазба ескерткіштер жазуларын нешеге бөліп қарастырады?
 - A) 2
 - B) 3
 - C) 5
 - D) 6
 - E) 7
3. Оғыздар мен қыпшақтардың, ұйғырлардың, қырғыздардың тілін құрлымдық тілі деп, топқа бөліп қарауды ұсынған ғалым?
 - A) А. Н. Кононов
 - B) А. Н. Бернштам
 - C) В. В. Радлов
 - D) С. Е. Малов
 - E) Ф. Р. Банг
4. “Дивани лұғат ат -түрік” еңбегінің авторы кім?
 - A) М. Қашқари
 - B) Ж. Баласағұн
 - C) А. Йүгнеки
 - D) А. Яссауи
 - E) Әл-Фараби
5. Ұйғыр ескерткішінің бірі “Алтын Ярух” қай ғасырда жазған?
 - A) X ғ

- B) BXI Ғ
- C) CXII Ғ
- D) XIII Ғ
- E) XIV Ғ

6. Ұйғыр алфавитінің құрамын анықта?

- A) 22 әріп, 28 дыбыс
- B) 24 әріп, 26 дыбыс
- C) 25 әріп, 29 дыбыс
- D) 27 әріп, 32 дыбыс
- E) 29 әріп, 34 дыбыс

7. Ұйғыр алфавитіндегі *д*, *т* әріптері неше түрде таңбаланады?

- A) 9
- B) 10
- C) 11
- D) 12
- E) 13

8. Ұйғыр жазба ескерткіштерінде кездесетін *адам*, *сарт* сөздері қай тілден енген?

- A) Үнді тілінен
- B) табғаш тілінен
- C) соғды тілінен
- D) монғол тілінен
- E) араб-парсы тілінен

9. Көне ескерткіште кездесетін *-ын*, *-ін*, *-н* жалғауы қай септікке тән?

- A) көмектес
- B) ілік
- C) атау
- D) табыс
- E) барыс

10. Сапалық сын есім сөзді табыңыз?

- A) торығ, йашыл
- B) йолчы, иадчы
- C) қырық, еліс
- D) үчер, онар
- E) улуе, йонт

11. Чех ғалымы Ч. Лоукотканың еңбегін атаңыз?

- A) “Жазулардың дамуы”
- B) ”Диуани лұғат-ат түрік”
- C) ”Құдатғу білік”
- D) ”Алтын ярух”
- E) ”Диуани Хикмет ”

12. Орхон -Енисей жазуының сырын ашу үшін оны оңнан солға қарай оқу керек деп жорамал айтқан кім?

- A) Ж. Аспелин
- B) Г. Спасский

- C) С.Е. Малов
- D) М.А. Кастен
- E) В.Томсен

13. Видзен Орхон Енисей жазуын қай жылы хабарлады?

- A) 1662 ж
- B) 1664 ж
- C) 1665 ж
- D) 1666 ж
- E) 1668 ж

14. Қай жылы Н.Попов зерттеген Орхон жазуының жаңа нұсқалары табылды?

- A) 1874 ж.
- B) 1875 ж.
- C) 1876 ж.
- D) 1878 ж.
- E) 1879 ж.

15. Қай зерттеуші Могилян ханның ескерткішін аударып шықты?

- A) В.В. Радлов
- B) С.Е. Малов
- C) Аспелин
- D) Томсен
- E) Гейкель

Дәріс №15. Қазіргі қазақ жазуы емле ережелерінің қалыптану негіздері

1. Қазақ тілі емле ережелеріне қатысты ұсыныстар (1940-1960жж.)
2. Қазақ тілі орфографиясы негізгі ережелерінің графика-морфонологиялық сипаты
3. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне енгізілген өзгерістердің фонологиялық, семантикалық сипаты

1. Бүгінде қазақ жазуы біршама тұрақтанған, қалыптанған, реформаланған дегенде оның ауыр жүгі қазақ тіл білімінің аға буынына батқанын сеземіз. Тұрақты емлесі жоқ жазу айналасы отыз жылдың ішінде 3 дүркін ауыстырылды (1912, 1929, 1940). Бірнеше рет емле ережелеріне реформа жасалды, алғашқы емле ережесі 1940ж. жобаланып, 1957 жылы 5 маусымда Жоғарғы Кеңестің қаулысымен бекітілуге дейін бүкіл филолог мамандар мен мектеп мұғалімдерінің, оқытушылардың, қалың көпшіліктің талқысына түсті. Баспасөз беттерінде пікірталастар ұйымдастырылды, жиналыстар шақырылды. Негізгі ережені барынша қалыптандырып, оның практикада сақталуына күш салынды.

2. Алайда бүгінде, қазақ жазуы түбегейлі латын графикасына бет бұрып отырған кезеңде, соған дайындық кезеңінде, ереженің олқы тұстарын қайта қарап, жетілдірер кезінде өткенге көз жіберіп, емле тарихындағы “еленбей” кеткен тұстарды екшеу, “қапыда жіберіп алған” жерлерімізді қайта жаңғырту міндетіміз. Себебі профессор Р.Сыздық айтқандай: “Екі көштің екеуі де көп

дайындықсыз жедел жүрді. Соңғысына тіпті өрт алғандай кірістік. Егер күні бүгінге дейін емле айналасындағы дауымыз таусылмай келе жатса, екі жазудың екеуінің де ережелері бір емес, екі-үш реттен өңделген болса, сол өңдеулерден қалып қойған тұстарын қазір де байқап отырсақ, осылардың барлығы кезінде жаңа жазуларға түбегейлі дайындықсыз, ғылыми негіздерге сүйенген қағидаларға көп құлақ аспай кіріскеніміздің салдары, орыстың “авось” - ы сияқты, өзіміздің “көш жүре түзеледі” - ге салатын қазақы қимылымыздың салқыны”.

Сөйтіп, орыс графикасы негізіндегі қазақтың жаңа алфавиті мен орфографиясының жобасы СССР Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалының қазақ тілі секторы С.А.Аманжоловтың басшылығымен жасалды да, ғалым авторлығымен 1940ж. латын графикасымен емле ережелері жарық көрді. Емле ережесінің тақылауға ұсынылған ресми нұсқасы 1953ж. газет бетіне жарияланды. 1957ж. үкіметтің арнайы қаулысымен қабылданғанға дейін аталған жоба қалың жұртшылықтың талқысына түсті. Пікірталастар әсіресе “Қазақстан мұғалімі”, “Социалистік құрылыс” мерзімді баспасөздерінде үзбей басылып отырды. Мақалалар мен пікірталастардағы көзқарастарды саралай отырып, ҚТОНЕ-нің назарынан тыс қалуы уәжді мынадай ұсыныстар болғанын көреміз:

Бірінші, кірме сөздер емлесіне қатысты мына пікірлер орыс жазуының ықпалынан шығып отырған дейміз: орыс сөздерін жазуда цитаталық принципті түбегейлі қолдану, оның ішінде әсіресе сол тілдің қосымшасын түсіріп жазбау: *секунда* (*секунд* емес), *цитата* (*цитат* емес) т.б.; орыс тілі сөздеріне қазақ тілі қосымшаларын жалғауда **ы**, **і** әріптерінің дәнекерлігін орынсыз пайдаланбау: *фондқа*, *шрифтке*, *банкке*; бұрыннан дыбыстық жағынан игеріліп жазылған сөздерді, түпнұсқасына көшіріп жазу: *ящик* (*жәшік* емес), *батист* (*бәтес* емес), *ботинки* (*бәтеңке* емес), *русь* (*орыс* емес), *суд*, *область*; жіңішкелік белгісіне аяқталған сөзге тәуелдік жалғауының III жағын қосқанда, **ь**-белгісін түсірмей жазу: *рольі*, *котрольі*; қосар дауыссызбен аяқталған орыс сөздеріне қосымша жалғағанда бір әріпті түсірмей жазу: *классқа*, *конгресске*; орыс тілінен енген сөздің соңғы буыны жуан болса, жуан, жіңішке болса, жіңішке қосымша жалғау; **һ** әрпі қолданылған кірме сөздерді белгілеу үшін **х** әрпін **х** арқылы жазу: *миуа*, *қиуа* сөздерін *миюа*, *қиюа* деп орфограммалау; күрделі сын есімдерді бірге таңбалау; *орыс* сөзін *русь* деп алу (Ә.Ермеков); *ойөріс*, *атүсті*, *атсалысты*, *аяқкиім*, *жемшөп* т.б. сөздерді бірге жазу (Ә.Ермеков); орыс тілінен енген сөздерді бірыңғай түпнұсқа принципімен жазу (А.Ысқақов). Жеке дыбыс таңбаларынан пікірдің көбі **и** әрпінің емлесіне қатысты айтылған. Себебі 1956ж. Тіл және әдебиет институты әзірлеген орфографияның жаңа жобасын талқылауға шақырылған жиналыста профессор М.Балақаевтың қосарлы **ый**, **ій** таңбаларының орнына **и** әрпін жазуды ұсынған пікіріне белгілі ғалым С.Аманжолов қарсы шығып, “Балақаевтың қазақ тіліне шабуыл жасауы” деп санауы, бұл орфограмманың негізді қалыптасуына кесірін тигізді. **И** дыбысы *ки* дегенде бір әріппен, *қи* дегенде екі әріппен (*қый*) жазылды. Барлық позицияда да **и** әрпінің қабылдануына сол жылдары оқу-педагогика баспасының редакторы болып қызмет еткен Р.Сыздықованың сөйлеген сөзі үлкен себеп

болды дейді, газет тілшілері. Сөйтіп, біресе **ый** (*қыйын*), біресе **и** (*иық, ғылми*), енді бірде екі варианты да қатар қолданылып жүрген (*қағида//қағыйда*) және жіңішке буында **и**-мен, жуан буында **ый**-мен берілген **и** әрпінің емлесі бір ізге түсіріле бастайды. Десек те, **йы, йі**-ге біткен сөздерге көсемшенің **й** жұрнағы қосылғанда, **йый** орнына бір ғана **и** таңбасын жазу: *ұйиды, байиды - ұиды, баиды, и*-ды қосар таңбасымен қалдыру сияқты екі жақты пікірлер болды.

Ы, і әріптерінің емлесі жайында мынадай ұсыныс жиі кездеседі: сөз басында, екі буынды сөздер аралығында, сөз аяғында таңбаланғанда, сөз мағынасы бұзылмаса, **ы** әрпін жазбау: *жапрақ, топрақ, шаңрақ, қоңрау* [191].

Ал **ә, ұ, ү** әріптері орфограммасына қатысты бұл әріптер тек бірінші буында жазылады дегеннен соң *сірә, күнә, бұлбұл* сөздерін ескертуге шығармай (Т.Жанұзақов, Ғ.Сұлтанғалиев, Б.Нұрғазина), **а**-түрінде заңдастыру; **а-ә, ұ-ы** әріптерінің орфограммасы күдікті болса, қосымша жалғап анықтау ұсынылды: *Кұлаиқа, шайға, жайластыр*.

Ащы, кеңе, тұщы сөздерін екі **ш**-мен беру ұсынған; **я, ю** әрпін *миуа, қиуа, айуан* сөздерінде де қолдануды ұсынған пікірлер бар (Мұсабекова Ф., Сейтмұратов Б.).

Сондай-ақ, **х** әрпімен келетін сөздердің барлығын сөздіктер мен ережелерде арнайы көрсетуді (*құрмет-хұрмет, бұқара-бұхара* сөздерін жазуда да алақұлалық көп) (Ш.Сарыбаев); және бұл таңбаны тек орыс тілінен енген сөздерде қолдануды ұсынатын, **Һ** әрпін әліпбиден шығару жағын қолдайтын пікірлер де болды. Ал *қазір, қайтіп, қадір* сияқты бейүндес сөздерді бірыңғай жуан жазу (Б.Нұрғазина); **к-г, қ-ғ, п-б** ұяңдау процесін кірме сөздерде де пайдалану: *принцип-принцибі, альманах-альманағы, цех-цеғы* (Б.Нұржекеев) сияқты пікірлер көңіл аударарлық.

3.Бірге, бөлек жазу проблемасына бірнеше мақалалар арналған. Оның ішінде мынадай ұсыныстарды атауға болады: жаңа сөзді бірден біріктіріп жазу (Ғ.Мұсабаев), біріктіру амалын сөзайналым процесі ретінде қарау, сондықтан, *аққұман, ақсаусақ, желөкпе* сияқты сөздерді бірге жазу, бір ұғым емес, бір заттың атауы болатын сөздерді бірге жазу, күрделі сапалық сын есімдерді бірге жазу: *қараторы, аққұба*, біріккен сөзді айтылуы бойынша жазу, соңғы сыңары тәуелдік тұлғада тұрған барлық сөздерді бөлек жазу (А.Абдрахманов), айтылуы бірдей, мағынасы басқа сөздерді екі түрлі жазу: *ұр да жық – ұрдажық* т.б. (Ж.Жолаев), “жеке мағынасын сақтап тұрған сөздерді біріктіруге әуес болмау”, БС-ны кіріктіріп жазу (С.Жиенбаев.).

Жалпы алғанда, 40-60жж. аралығында емлеге қатысты жарық көрген мақалалардағы пікірлер сипаты осындай болды. Біз мұнда оларға объективті түрде шолу беріп, ғылыми көпшілікке ұсынуды мақсат тұттық. Ал қандай орфограмманың заңдастырылуы негізді болар еді деген мәселеге келесі тарауша арқылы жауап береміз.

Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері орналасу ретіне қарай графикаға байланысты ережелер (әріптердің емлесі), морфологиялық принципке негізделген ережелер (түбір сөздер, бөлек, бірге жазылатын сөздер, қос сөздер емлесі) қазақ тілінің үндесім және үйлесім заңына негізделген ережелер (қосымшалардың, шылау сөздердің емлесі), жазудың идеографиялық

принципіне негізделген ереже (бас әріптің қолданылуы) және техникалық ереже (сөздердің тасымалдануы) деп бөліп аламыз. Мұндағы графикалық ереже әліпбидегі 42 таңбаның дыбыстық мағынасын, олардың графикалық контекстегі жазылатын позициясын, кей позицияда нолмен алмасып, түсірілетінін көрсетеді.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

1. 1940-1960 жж қазақ тілі емле ережелеріне қатысты қандай ұсыныстар болды?
2. Қазіргі қазақ орфографиясы негізгі принципі қандай?
3. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне қандай ережелер жатады?
4. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне қандай өзгерістер енгізілді?
5. ҚТОНЕ-не не себепті өзгерістер енгізілді?

Тест тапсырмалары:

- 1.Графикалық лингвистиканың салалары?
 - А) полеграфика, эпиграфика
 - В) кириллица, глаголица
 - С) Алтай ғұн дәуірі
 - Д) жазба тіл
 - Е) идеографиялық немесе логографиялық
- 2.Орта түркі дәуірінің кезеңдері?
 - А) X-XV ғ.ғ.
 - В) XV-XIX ғ.ғ.
 - С) X-XVI ғ.ғ.
 - Д) V-X ғ.ғ.
 - Е) XIII-XV ғ.ғ.
- 3.Солтүстік ғұндар ұзақ араласу салдарынан неше тармаққа бөлінді?
 - А) 4
 - В) 6
 - С) 5
 - Д) 3
 - Е) 2
- 4.Орхон-Ениней жазуы қай жылдан белгілі бола бастайды?
 - А) 1662 ж.
 - В) 1697 ж.
 - С) 1701 ж.
 - Д) 1828 ж.
 - Е) 1859 ж.
- 5.1887-1888 ж.ж. Енисей өзенінің бойындағы жазуларды зерттеуші?
 - А) Ж . Аспелин
 - В) Н . Ядренцев
 - С) В.В. Радлов
 - Д) М. А. Кастен
 - Е) Г. Спасский
- 6.В.В. Радлов қай жылы *Күлтегін* ескерткішін аударып шықты?
 - А) 1894 ж. 19 қаңтарда

- B) 1896 ж.
- C) 1893 ж. 15 желтоқсанда
- D) 1890 ж.
- E) 1891 ж.

7. *Орхон-Енисей* ескерткішінде сөздер қанша тәсілмен тіркесті?

- A) 2
- B) 4
- C) 5
- D) 3
- E) 7

8. Атақты Қапаған қаған билік еткен дәуір?

- A) 693-716 ж.ж.
- B) 603-704 ж.ж.
- C) 611-627 ж.ж.
- D) 683-711 ж.ж.
- E) 605-665 ж.ж.

9. Нешінші жылы Ұйғыр қағанаты өзінің үстемдігін тоқтатады?

- A) 840 ж.
- B) 716 ж.
- C) 693 ж.
- D) 627 ж.
- E) 605 ж.

10. М. Қашқаридың еңбегі?

- A) "Диуани лұғат ат - түрік"
- B) "Құдатғу білік"
- C) "Кодекс Куманикус"
- D) "Гүлістан"
- E) "Ақиқат сыйы"

11. "Диуани лұғат ат - түрк" еңбегінің қай көшірмесі бізге жеткен?

- A) 1266 ж.
- B) 1291 ж.
- C) түп нұсқасы жеткен
- D) 1256 ж.
- E) 1346 ж.

12. "Диуани лұғат ат-түрк" еңбегі қай жылы Синьцзян өлкесінде ұйғыр тіліне аударылып басылды?

- A) 1982 ж.
- B) 1960-70.ж.ж.
- C) 1914 ж.
- D) 1934-48 ж.ж.
- E) 1869 ж.

13. X-XV ғғ. арасындағы тарихи жағдайлар топтала отырып, әр кезеңнен қалған ескерткіштер неше түрге бөлінді?

- A) 4
- B) 3

- C) 2
- D) 1
- E) 5

14. "Құдатғу Білік" дастанының авторы кім?

- A) М. Қашқари
- B) Ж. Баласағұн
- C) Әл-Фараби
- D) белгісіз
- E) А. Яссауи

15. Қырғыз қағанатына тән Енисей жазба ескерткіштері қай ғасырдың мұрасы?

- A) IX-X ғғ
- B) X-XI ғғ
- C) XI-XII ғғ
- D) XII-XII ғғ
- E) XIII-XIV ғғ

Студенттердің аудиторияда оқытушы жетекшілігімен орындайтын өздік жұмыстары(СОӨЖ)

№	Тақырыбы	Мақсаты	Өткізу формасы
1	Көне түркі тайпалары туралы	Көне түркі тайпаларының тарихы, мәдениеті тұрмыс-тіршілігі туралы кеңірек мағлұмат алу	Танымдық ойындар
2	Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі рәміздік белгілер	Көне түркілік таным және мемлекеттік тәуелсіздік идеясын түсіну	Баяндау, сұрақ-жауап
3	Көне түркі жазуының лингвистикалық қырлары	Көне ескерткіштерге лингвистикалық талдау	Дидактикалық ойындар, жаттығулар
4	Көне түркі жазба ескерткіштері, олардың тілі	Көне түркі жазба ескерткіштері мазмұнымен танысу, тілін талдау	Танымдық ойындар, пікірсайыс
5	Батыс түрік қағанатына жататын ескерткіштер	Батыс түрік қағанаты ескерткіштерімен таныс болу	Дидактикалық ойындар, жаттығулар
6	Қырғыз қағанатына тән Енисей жазба ескерткіштері	Енисей ескерткіштерінің түрлерімен, мазмұнымен танысу	Пікірсайыс
7	Алтын Орда және Орта Азия ескерткіштері	Аталған ескерткіштердің түрлерін, мазмұнын, зерттелуін білу	Дидактикалық ойындар, жаттығулар
8	Мамлюк түріктерінің және Шағатай тілінде жазылған ескерткіштер	Аталған ескерткіштердің түрлерін, мазмұнын, зерттелуін білу	Сұрақ-жауап, дидактикалық ойындар
9	Күлтегін жазуы: тарихи сана мен таным	Байырғы түркі қағанатының тарихи-танымдық ой-өрісін тану	Пікірсайыс, сұрақ-жауап

10	Кейбір түркі этнонимдерінің этимологиясы	Кейбір түркі этнонимдерінің этимологиясына шолу	Баяндау, сұрақ-жауап, талдау
11	Түркілер толғауы және қазақ жырлары («Ақиқат сыйы» және қазақтың шешендік өнері	Түркілер толғауы мен қазақтың шешендік өнері арасындағы сабақтастықты айқындау	Пікірсайыс, талдау
12	Көне Арғын мемлекеті және оның жазуы	Көне Арғын мемлекеті тарихымен және оның жазуымен танысу	Пікірсайыс
13	Латын жазуындағы ескерткіштер: Кодекс Куманикус.	Ескерткіш мәтінімен танысу, тіл ерекшеліктерін айқындау	Пікірсайыс, сұрақ-жауап, талдау
14	Қазіргі әліпби мәселесі	Қазіргі таңда көтеріліп жүрген әліпби мәселесімен таныс болу	Пікірсайыс

Аудиториядан тыс өздік жұмыстары (СӨЖ)

№	Тақырыбы	Бақылау түрі
1	Қазіргі тұрмыстағы пиктографиялық жазу үлгілерінің сақталуы.	Конспект
2	Түркі өркениетінің заңдылықтары мен ерекшеліктері	Конспект
3	Көне түркі тілінің диалектілік жіктелуі	Конспект
4	Руникалық таңбалар мен қазақ ел таңбалары арасындағы ұқсастық	Конспект
5	Күлтегін ескерткішіндегі синтаксистік конструкциялар	Конспект
6	Күлтегін ескерткіші тілі мен қазақ тіліндегі дыбыстық өзгерістердің сабақтастығы	Конспект
7	Көне түркі және орта түркі тілдері арасындағы сабақтастық	Конспект
8	Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі сөйлемнің бірыңғай және үйірлі мүшелері	Конспект
9	Руника жазуының генезисі немесе «Пішін» кестесі –ежелгі құпия ұғым	Конспект
10	«Түркістан тарихы» мұражайындағы түркі дәуірінің ескерткіштері	Конспект
11	Түркі жәдігерлерінің Сыр өңіріндегі таңбалық көрінісі	Конспект
12	Көшпелілер және жазу мәдениеті	Конспект
13	Қазіргі қазақ баспасөзіндегі әліпби мәселесіне қатысты пікірлер	Конспект
14	Әр студентке жеке тақырыптарға байланысты ғылыми-іздену жұмыстары тапсырылады	Реферат

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары (реферат)

1. Жазба тіл және ауызекі сөйлеу тілі. Әдебиеттер: 2,8,18,19,25,31
2. Жазудың алғашқы түрлері. Әдебиеттер: 2,8,3, 19,23,45
3. Түркі тілдерінің даму кезеңдері, зерттелуі. Әдебиеттер: 2,3,4, 18,19,27,32
4. Көне түркі жазба ескерткіштерінің түрлері. Әдебиеттер: 1,2,3,4,14,19,24,30
5. Орхон-Енисей ескерткіштерінің зерттелу тарихы. Әдебиеттер: 2,3,4,13,14,7,18,33,37
6. Қазақстан жерінен табылған ескерткіштер. Әдебиеттер: 2,3,11,16,18,19
7. Руникалық көне түркі әліпбиінің шығу тегі. Әдебиеттер: 2,3,4,10,12,13,14,16, 18,19,26,28,39
8. Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілі. Әдебиеттер: 2,3,4,7,14,18,22,29,35
9. Манихей, соғды және ұйғыр әліпбилері. Әдебиеттер: 1,2,3,4,13,16,23,34
10. Ұйғыр жазуындағы көне түркі ескерткіштері. Әдебиеттер: 1,2,3,4,13
11. Көне ұйғыр ескерткіштерінің тілі. Әдебиеттер: 1,2,3,7,9,16,19,28
12. Араб әліпбиінің түрлері. Әдебиеттер: 2,3,6,10,22,27,38
13. Араб әліпбиімен жеткен көне түркі ескерткіштері. Әдебиеттер: 2,3,16,20,26,30,39
14. А. Байтұрсынұлы - араб әліпбиінің реформаторы. Әдебиеттер: 2,3,6,10,18,21
15. Латын графикасының шығу тегі, даму тарихы. Әдебиеттер: 2,3,5,8,10,17,25
16. Қазақстанда (Жаңа әліп) латын әліпбиін қабылдау. Әдебиеттер: 2,3,10,18,23,29,31,37
17. Руникалық таңбалар мен қазақтың рулық таңбалары. Әдебиеттер: 16,17,26,29
18. XIX ғ. II жартысындағы қазақ жазуын орыс графикасына көшіру мәселесі. Әдебиеттер: 10,11,15,16,31,35,44
19. Қазақстан эпиграфикасы жайлы. Әдебиеттер: 12,5,20,39,41,45
20. Қазіргі тіл біліміндегі әліпби мәселелері. Әдебиеттер: 15, 3,20,37,40,41,43

Әдебиеттер

1. Ғ. Айдаров. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы 1991.
2. А. Аманжолов. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Алматы 1996.
3. С. Хасанова. Көне түркі, араб, латын графикасы. Алматы 1994.
4. Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. А., 1971.
5. Т. А. Амирова. К истории и теории графемики. Москва 1977.
6. Ә. Құрышжанов, М. Томанов. Орхон –Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері. Алматы, 1964.
7. К. Аханов. Тіл білімінің негіздері. А., 1993
8. Н. А. Баскаков. О проекте единой фонетической транскрипции для тюркских языков. М., 1959
9. С. Кенесбаев, Г. Мусабаев, Г. Неталиева. Об алфавите казахского языка. М., 1972
10. Қазақ тілі энциклопедиясы. А., 1998

- 11.Э.Р.Теншиева. Древнетюркская эпиграфика Алтая. Тюркологический сборник. М., 1966
- 12.Л.Ю.Тургушева. Орхоно-тюркский и древнеуйгурский языки, их сходство, различие. М., 1978
- 13.В.В.Радлов. Изучение памятников рунической письменности. Тюркологический сборник. М., 1972
- 14.Б.Әбілқасымов. Қазақ жазбасында орыс графикасының қолданылу тарихынан. ҚазССР ҒАХ №4 А., 1977
- 15.Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер. А., 2001
- 16.Ә.Әбіласан. Таңба, ұғым, әріп. «Ана тілі» газеті №51-163. 1992
- 17.Хорлоогенн Пэрлээ. Көне таңбалар кімдікі? «Қазақ елі» газеті №16 (92), 1997.
- 18.Қордабаев Т. Түркология және қазақ тіл білімі. А., 1998
- 19.Қоңыратбаев Т. Әуелбек Қоңыратбаев – түркітанушы. А., 1996.
- 20.Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер. Алматы: «Ғылым», 2001
- 21.Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ... автореф. Алматы, 1993.–162 б.
22. Күдеринава Қ. Бірге, бөлек жазылатын сөздердің орфограммасы және оларды кодификациялаудың негіздері: фил. ғыл. канд. ... автореф. Алматы, 2000.–146 б.; Мамырбекова Г. XVIII-XIX ғғ. араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері: фил. ғыл. канд. ... автореф. Алматы, 2006.–130 б.
- 23.Уәлиұлы Н. А. Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Алматы: Ғылым, 1999.-566 б.
24. Истрин В.А. Развитие письма. М.: АН СССР, 1961. -394 с.
25. Дирингер Д. Алфавит. М.: Изд. инс. лит., 1963. -655 с.
26. Селезнева Л.Б. Современное русское письмо. Томск, 1981.- 211 с.
27. Зиндер Л.Р., Маслов Ю.С. Л.В.Щерба – лингвист, теоретик и педагог. Л.: Наука, 1982. – 103 с.
28. Гельб И.Е. Опыт изучения письма. М., 1982.- 185 с.
29. Зиндер Л.В. Очерк общей теории письма. Л.: Наука, 1987. –111 с.
- 30.Истрин В.А. Некоторые основные вопросы теории письма // Вопросы языкознания. 1953. №4.
- 31.Амирова Т.А. Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка. М, 1985.–283 с.
- 32.Солнцев В.М. Язык и письмо // Амирова Т.А. Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка. М, 1985.–283 с.
33. Амирова Т.А. К истории и теории графемики. М.:Наука, 1977.–190 с.
- 34.Соколов Н.Н. Письмо: вчера, сегодня, завтра. М.Просвещение, 1987-144 с.
- 35.Сүлейменов О. Язык письма. Алматы-Рим, 1998,– 497 с.
- 36.Бубнова Г.И., Гарбовский Н.К. Письменная и устная коммуникация. Синтаксис и просодия. М.: МГУ, 1991.– 272 с.
- 37.Қазақ тілі энциклопедиясы. Алматы, 1998.–509 б.
- 38.Джамалханов Х.Л. Основы узбекской графики. Ташкент, 1991.-118 с.

39. Уәли Н., Жүнісбек Ә. Әліпби атауларының жүйесі жайлы // Мемлекеттік тіл: терминология, ісқағаздар мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. Астана, 1999. – 464 б.
40. Аманжолов А. Көне түркі жазуы // Қазақ тілі энциклопедиясы. Алматы, 1998.–509 б.
41. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, Мектеп, 1986.- 180 б.
42. Айдаров Г. Язык памятника Кюль-тегину. Алматы: Ғылым, 1993.- 280 с.
43. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алмат: Санат, 1994.-168 б.
44. Аманжолов А. Графика таласских, енисейских и орхонских надписей // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1973, 3-шығуы.
45. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. Алматы: Қазақ университеті, 1992.–192 б.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Дәріс №1. Қазақ жазуының тарихы курсының мақсаты мен міндеті.	
Жазу және жазба тіл	4
Дәріс №2 Жазудың алғашқы түрлері. Графикалық лингвистика.....	8
Дәріс №3. Дыбыстық жазудың теориялық негіздері.....	14
Дәріс №4. Көне түркі елдерінің тарихы, жазу ескерткіштері, тілі.....	20
Дәріс №5. Көне түркі (рун) алфавиті.....	23
Дәріс №6. Ұйғырлар және ұйғыр жазба ескерткіштері туралы.....	28
Дәріс №7. Араб жазуы ескерткіштері.....	30
Дәріс №8. Латын жазуы ескерткіштері.....	35
Дәріс №9. Орыс графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі	41
Дәріс 10. Көне түркі жазуындағы кейбір дыбыстардың таңбалану жүйесі.....	46
Дәріс №11. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының ерекшеліктері.....	51
Дәріс №12. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының әліпбиі мен емле ережесі.....	56
Дәріс №13. Орыс графикасына негізделген қазақ жазуының әліпбиі мен емле ережесі.....	62
Дәріс №14. Қазақ жазуын зерттеудің фонологиялық кезеңі.....	67
Дәріс №15. Қазіргі қазақ жазуы емле ережелерінің қалыптану негіздері.....	71
Студенттердің аудиторияда оқытушы жетекшілігімен орындайтын өздік жұмыстары (СОӨЖ)	76
Аудиториядан тыс өздік жұмыстары (СӨЖ)	77
Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары (реферат)	78
Әдебиеттер.....	78

Пішімі 60x84 1/12
Көлемі 83 бет 7 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 32 ш/а.